

Альфа және Омега

ЗАҢДЫ ҚАЙТАЛАУ

14 сабақта берілген



Реджеп және Лейла Айдын

Альфа және Омега

ЗАҢДЫ ҚАЙТАЛАУ

14 сабақта берілген



Реджеп және Лейла Айдын



Бүкіл отбасына арналған тегін eBook (электрондық кітап).
Кез келген гаджетке жүктеп, өз тіліңде оқы.



KITABI-KNIGI.COM

Copyright © 2025 by Alpha and Omega. All rights reserved.
alphaomegasilkroad@gmail.com

Copyright © 2025 for Kazakh edition.
Translated by permission. All rights reserved.

Барлық суреттерді Джим салған.
Illustrations copyright © 2025 by Jim. All rights reserved.

Киелі кітаптан алынған барлық сілтемелер қазақша Киелі кітаптан келтірілген. © Киелі Кітап, Қазақша аудармасы және көркемделуі «Орта Азия баспасы ЖШС», 1993, 1996, 2000, 2010, 2015, 2021.

Заңды қайталау кітабын не үшін оқу керек?

Заңды қайталау кітабында бүкіл Көне келісім негізі қаланған ілімнен тұрады.

Осы кітаптың барлық Көне келісімдегі пайғамбарлар жазбалары (әсіресе Еремия пайғамбар), Израил патшалары (мысалы, 4 Патшалық 22:8), Забур жыры және Уағыздаушы кітаптарына тигізген ықпалы зор екенін көреміз.

Иса Мәсіх Көне келісімдегі басқа кітаптарға қарағанда Заңды қайталау кітабынан алынған сөздерді көбірек қолданды (мысалы, Матай 4:1–11; 5:33; 19:18–19).

Осы кітаптан алынған көп аяттар мен сілтемелер бар.

Осы кітапта жазылған нәрселер Көне келісімдегі исаилдіктерге ғана емес, сонымен бірге бүгінгі таңда өмір сүріп жатқан біздерге де арналады. Осы жазбаларды зерттей отырып, біздің ғажап Құдайымыздың Кім екенін және біз үшін Оның не істегенін жақсы түсіне аламыз.

Осындай тамаша кітаппен танысуыңызға көмектесе алатын 14 сабақ осы!

Егер сіз әлі «Альфа және Омега: Киелі кітапқа шолу» курсын оқымаған болсаңыз, осы курсты бастамас бұрын соны оқып шықсаңыз, сізге пайдалы болар еді.

Әр сабақта сіз жауап беруге тура келетін көптеген сұрақтар бар. Әр сұрақтан кейінгі жақшаның ішіндегі нөмір сабақтың төменгі жағында берілген жауаптың нөмірімен сәйкес. Сондықтан, сұраққа жауап берерде жауабына қарамай тұрып жауап беруге тырысыңыз!

Әр сабақта басқа Киелі кітаптың аяттарына берілген сілтемелер бар. Егер олар **қою шрифтпен** жазылып тұрса, онда оларды тауып оқып шығу өте маңызды. Ал егер олар қарапайым шрифтпен берілсе, онда оларды қолыңыз бос кезде қарап шықсаңыз да болады.

«Қосымша» деп көрсетілген блоктар осы кітап туралы көбірек білгісі келгендерге арналған. Оларды осы сабақ аясында немесе үй тапсырмасы ретінде оқыса да болады.

Осы тамаша кітапты зерттеп оқу сізге ұнап және ол туралы басқалармен де бөлісе алсын деп дұға етемін!

Заңды қайталау 1-ші сабақ:

Пайғамбар және Уәде



Кіріспе

Жалпы мәлімет

Заңды қайталау кітабында Құдай Өз халқына қызметшісі Мұса пайғамбар арқылы айтқан өте маңызды сөздерімен кездесеміз. Мұса осы сөздерді оларға, Құдай уәде еткен Қанахан жеріне кірер алдында айтты.



Осы кітаптың алдындағы тарихты сіз Жаратылыстың басталуы, Мысырдан көшіп шығу және Руларды санау кітаптарынан таба аласыз.

Төменде берілгендерді мұқият қарап, оқып шығыңыз, енді оларға қарамай бәрін де қайталап шығуға тырысыңыз:

- Құдай бәрін де жақсы етіп жаратты: әлемді және алғашқы адамдарды Адам ата мен Хауа ананы.

- Құдайға сеніп өмір сүрудің орнына олар шайтанның азғыруына еріп, Құдайға мойынсұнудан бас тартты.
- Сол себепті олар Құдайдың мекенінен қуылды. Сөйтіп олар Құдайдың батасы мен өмірлерінен айырылды.
- Көп жыл өткеннен кейін Құдай Қанаханның шығыс жағында тұратын үйсіз, баласыз жүрген Ыбраһим атты қартқа мынадай уәде берді:
 - Ол ұлы ұлттың түп атасы болады.
 - Оның ұрпағы Қанахан жерін мекендейді.
 - Ол арқылы барлық адамдарға Құдайдың батасы қонады.
- Бірақ қатты ашаршылықтан құтылу үшін Ыбырайымның ұрпағы Мысырға көшіп барады. Бірақ ол Құдай уәде еткен жер ЕМЕС.
- Оларды құлдықтан алып шығу міндетін Құдай енді Мұсаға артты. Ол құтқарылу — Құдай халқы үшін Көне келісімдегі ең маңызды оқиға болды. Біз оны **Мысырдан көшіп шығу** деп атаймыз.

Сіз осы оқиғалар жөнінде Жаратылыстың басталуы кітабы мен Мысырдан көшіп шығу кітабындағы 1 тараудан бастап 19 тарауға дейін оқи аласыз.

Енді Заңды қайталау кітабы туралы, Құдай Өз халқын уәде етілген жерге кіргізуді ұйғарды!

1. Келісім

Заңды қайталау кітабы, тұтасымен, сол уақыттарда патшалар, жаулап алған жерлердің адамдарымен келісім жасасқан көне келісімдерге ұқсайды. Ол келісімдер әдетте мынадай негізгі бес бөліктен тұратын:

1. Тарихи кіріспелер (Заңды қайталау 1:1–4:49).
2. Келісімнің жалпы талаптары (Заңды қайталау 5–11 тараулар).
3. Жеңілген адамдар не істей алатыны туралы егжей-тегжейлі нұсқаулықтар (Заңды қайталау 12–26 тараулар).
4. Бата мен қарғыс (Заңды қайталау 27–28 тараулар).
5. Куәгерлер (Заңды қайталау 30:19; 31:19; 32 тарау).

Сонымен Заңды қайталау кітабы Құдайдың Өз халқымен жасасқан келісіміне ұқсас. Ол олардың жаңа Патшасы (Заңды қайталау 33:5). Осы кітапта Құдай халқы Патшаның өздерінен не күтетінін біле алады.

2. География

Алғашқы үш тарауда Құдай халқы көшіп жүрді. Көп жерлер аталды. Ол бізге сол оқиғалардың шынымен орын алғанын оқып отырғанымызды көрсетеді. Сізге сол жерлердің нақты қайда орналасқанын білу маңызды емес, маңыздысы осы аяттардың бізге не үйретіп тұрғанын түсіну. Біз картадан маңызды жерлерді көрсетеміз.

Енді біз курсты бастауға дайынбыз!

Пайғамбар мен Уәде

Бірінші сабақта қарастыратынымыз:

- Ең басты пайғамбар және Құдайдың Көне келісімдегі Уәдесі.
- Ең басты пайғамбар және Құдайдың Жаңа келісімдегі Уәдесі.

Сонымен, Көне келісімнен бастайық.

Көне келісімдегі Құдайдың ең басты пайғамбары — Мұса.

Заңды қайталау кітабындағы 1:1–5 аяттарды оқыңыз.

Біз бұл жерде Мұсаның үш ерекше сипатын байқаймыз.

Олар:

1. Құдайға мойынсұнды

Мұса өзі туралы не деді **Мысырдан көшіп шығу 4:10**? [1]

Ал Құдай не деді **Мысырдан көшіп шығу 4:11–12**? [2]

Біз бұл кітаптан мынадай нәтижелер көреміз! Құдай Мұсадан Құдай Сөзін үйретіп, анық түсіндіре алатын адал көмекші жасап шығарды. Өз халқын құлдықтан босатып, Уәде етілген жерге еруге дайындау үшін, Мұсаның әлсіз жерлеріне қарамастан, Құдай оны кеңінен пайдаланды. Бірақ Мұса өзінің Құдайға қаншалықты тәуелді екенін есінен еш шығармады (Заңды қайталау 34:10).

2. Жақсы ұстаз бола алды

Бірінші аятта Құдай кіммен сөйлесті? [3]

Мұса бұл сөздерді тек ру басыларына ғана емес, бүкіл исраил халқына арнады. Осы сөздер бәріне де арналған! Дәл сол сияқты Заңды қайталау кітабы да тек жетекшілерге ғана емес, сондай-ақ барлық сенушілер оқуға міндетті болатын негізгі кітап болып саналады.

Мұсаға тәлімнің қайдан келгені туралы біз үшінші аяттан не білеміз (3 аят)? [4]


Барлық киелі кітаптардағыдай ол адам дауысы, бірақ солай болғанымен де, ол Құдайдан шығып тұр.

Бесінші аятта Мұса не істеді (5 аят)? [5]

Мұса Құдай Сөзін тек айтып қана қоймады, сонымен бірге оны оларға түсіндірді. Құдай халқы үшін Құдай Сөзін білу **және** түсіну өте маңызды. Мұса жақсы ұстаз бола алды!

3. Құдай Патшалығын жариялайтын сенімді хабаршы

Құдайдың пайғамбары ретіндегі Мұсаға жүктелген міндет, Құдай халқын өздерін құтқарған Патшаға мойынсұнуға шақыру болды. (Заңды қайталау 33:5). Мойынсұну — Заңды қайталау кітабының басты тақырыбы. Енді олар Құдайдың жеке меншігі. Сондықтан олардың Оған мойынсұнуы өте маңызды болды!



Заңды қайталау кітабындағы 1:1 аятта халық қайда болды? [6]

Жоғарыда берілген картадан сол жерді көрсетіңіз.

Мысырдан шыққаннан кейін неше жылдан соң Мұса осы сөздерді айтты (5 аят)? [7]

Әдетте Синай тауынан Қадеш-Барниге неше күндік жол еді (2 аят)? [8]

Сөйтіп әдетте 11 күн жүретін жолға, 40 жыл уақыт кетті! Мойынсұнбаушылықтың кесірі осылай болды. Мойынсұна алмағандары үшін исаил халқы шөл далада 40 жыл бойы көшіп қонып жүрулеріне тура келді.

Заңды қайталау кітабының 30:16 аятын оқыңыз. Құдай Сөзінде, Құдайдың халқы Оған мойынсұнса қандай нәтижеге қол жеткізетіні туралы айтылған? [9]

Заңды қайталау кітабының 30:17–18 аяттарын оқыңыз. Құдай Сөзінде, Құдайдың халқы Оған мойынсұнбаса қандай қиындыққа душар болатыны туралы айтылған? [10]

Бүкіл Көне келісім — ол таңқаларлық оқиға! Көне келісім кітаптарының барлық аяттарынан мыналарды оқуға болады:


- Құдай халқы үнемі Оны тыңдай алмады.
- Өз халқын теріс жолдан Өзіне қайтару үшін Құдай олармен үнемі жұмыс жүргізіп отырды!

Құдайдың сондай қайырымды әрі өте мейірімді Құдай болғаны қандай керемет! Заңды қайталау кітабында Мұса Құдай халқына осыны қайта-қайта естеріне салумен болды.

Құдай халқы өз Патшасына бойсұну және Құдай Патшалығының сенімді халқы болуға қажеттілігін, ол шын жүректен айтты.

Ең маңыздысы Құдайдың Уәдесі — уәде етілген жер

Заңды қайталау 1:6–8 аяттарды оқыңыз.



Картаға қарап келесі жерлерді табыңыз:

- Синай тауы
- Амор қыраттары
- Иордан жазығы
- Батыс жоталары
- Негев шөл даласы
- Ливан жері
- Ефрат өзені

Мұсаның заманына дейін 500 жыл бұрын Құдай Ыбырайымның ұрпағына Қанахан жерін уәде еткен (Жаратылыстың басталуы 15:18–21). Міне енді Құдай сол жерді Өз халқына беруге дайын.

Заңды қайталау кітабының 1:6 аятында Мұса Құдайдың Өз халқымен Синай тауында кездескенін есіне алады. Ол Мұса осы кітаптағы сөзін айтқанға дейін 40 жыл бұрын болған.

Құдай 40 жыл бұрын оларға не істе деді (7-ші аятта)? [11]

Құдай қырық жыл бұрын оларға Уәде етілген жерге кіріңдер деді. Бірақ, біз келесі сабақта оқитынымыз, олар сол жерге кіруден бас тартты! Құдай оларға тамаша жерді уәде етті, алайда соған қарамастан, Оның халқы сол жерге кіргілері келмеді!

Жаңа келісім

Осы кезге дейін біз осы сабақта мыналарды қарастырдық:

- Көне келісімнің ең басты **пайғамбары** — ол Мұса. Оның міндеті халықты Құдайға және Патшаға мойынсұнуға шақыру болды.
- Көне келісімдегі ең маңызды **Уәде** — Уәде етілген жер. Сол уәде етілген жерді Құдай халқы Оған мойынсұнған кезде ғана иеленетін болды.

Ал енді Жаңа келісімдегі ең басты Пайғамбар мен ең маңызды Уәдені қарастырайық.

Жаңа келісімдегі ең басты Пайғамбар.

Еврейлерге арналған хаттың 1:1–2 аяттарын оқыңыз. Жаңа келісімдегі ең басты Пайғамбар Кім? [12]

Ол да Мұса сияқты Құдайдың Пайғамбары болды (Марқа 6:4).

- Көктегі Әкесі үйреткен сөздерді айтты (Жохан 8:28).
- Тамаша Тәлімгер болды (Матай 7:28).
- және Құдай Патшалығын жариялады (Лұқа 8:1).

Иса, Мұса пайғамбар алдын ала болжап айтып кеткен Құдай жіберетін ерекше Пайғамбар болды:

«Құдай Иелерің сендерге мен сияқты бір пайғамбарды бауырларыңның арасынан шығарады. Соның айтқандарын тыңдаңдар!» (Заңды қайталау 18:15).

Елуінші күні айтқан уағызында елші Петір Мұса пайғамбар арқылы алдын ала айтылған Исаның Мәсіх екенін көрсету үшін осы аяттарды келтірді (Ел. істері 3:20–22).

Жохан жазған ізгі хабарда Иса Өзіне сенбейтіндер туралы былай деді: *«Егер де шынымен Мұсаға сенсеңдер, онда Маған да сенер едіңдер, өйткені ол Мен туралы жазып кеткен»* (Жохан 5:46).

Мұса арқылы Құдай Өз халқына өте маңызды Біреудің жақындап келе жатқанын хабарлады. Бұл, Көне келісімнің Иса Мәсіх — бәрінен де құдыретті басты Пайғамбар екенін бізге айтып тұрған бір мысалы ғана.

Жаңа келісімдегі ең маңызды Уәде

Жохан жазған 1-ші хаттың 2:25 аятын оқыңыз. Жаңа келісімде Құдай бізге қандай ең маңызды Уәде берді? [13]

Құдай бізге Өзінің мәңгі үйін, Жаңа Иерусалимді уәде етіп тұр!

Жохан 1:12 аятын оқыңыз. Мәңгілік өмір туралы беріп тұрған Құдайдың Уәдесін алу үшін сізге не істеу керек? [14]

Тек Иса арқылы ғана біз Көктегі Әкеге бара аламыз (Жохан 14:6).

Бірақ біз қабылдасaq, сыйлық біздікі бола алмайды. Біз Құдайдың керемет ұсынысынан бас тартқан израил халқына ұқсамайық.

Көне келісімде, Өз халқын Уәде етілген жердің шетіне дейін әкелу үшін, Құдай Мұсаны пайдаланды, артынан Мұса қайтыс болды. Мұсадан кейін келген басқа басшылар оларды Уәде етілген жерге кіргізді және ары қарай оларды басқарып отырды. Алайда Жаңа келісімде Иса бізді мәңгілік Уәде етілген жерге кіргізеді және бізді мәңгі басқарады! (Жохан 14:1–6). Көне келісімдегі Мұса мен Уәде етілген жерден айырмашылығы, Иса Уәде етілген мәңгілік өмірден еш ажырамайды!

Исраил халқы сияқты біз де Уәде етілген жерге жету сапарындамыз! Бірақ, біздің исраил халқынан айырмашылығымыз, біз келе жатқан жер — мәңгі өмір сүретін тамаша жер! (Аян 21:1–4)

Уәде етілген жерге келе жатқан біздің сапарымыз, исраил халқының Уәде етілген жерге сапарынан қандай айырмашылығы бар? [15]

Қосымша: Уәде етілген жерге кіргенге дейін, неліктен Құдай халқына ұзақ күтуіне тура келді?

1. Жүсіптің заманында Мысыр жеріне көшіп келген, Құдай халқының (Ыбырайым ұрпақтары) саны қанша болды (Жаратылыс. баст. 46:27)? [16]

Бүкіл елді толтыруға сол адамдар саны жеткіліксіз болды!

Ал Мысырдан шыққанда Құдай халқының (Ыбырайым ұрпақтары) саны қанша болды (**Ру санау 1:46**)? [17]

Егер әйелдер мен баларды қоса санаса шамамен 2 миллион адам болар еді! Енді Уәделі жерді иемдену үшін халық саны жеткілікті болды.

2. Аморлықтар Қанахан жерінен не үшін айрылды (**Жар. баст. 15:16**)? [18]

Құдай сол жердің тұрғындарына таңқаларлық шыдамдылықпен қарады. Олар теріс жолдарынан қайтып, өмір-салттарын өзгерту үшін, оларға өте ұзақ уақыт берді. Олар толығымен және шын зұлымдыққа айналғанда ғана, Ол оларды жойып жіберді.

Шақыру

Мұса бізге өте жақсы үлгі! Ол шешен сөйлей алмайтынын мойындады, бірақ өте тамаша ұстаз бола алды. Әрине біздің сөзіміз Киелі кітаптың бір бөлігі бола алмайды. Құдай Сөзі кемелді және оған еш нәрсе қосылмайды. Алайда адамдарға Құдайдың айтқандарын тыңдау керек. Адамдарға Ізгі хабар тарату үшін бізге шешендіктің қажеті жоқ.

Жаңа келісімде, елші Пауылдың өзі де сенімді болмады! Ол қорынттықтарға былай деді: *«Араларыңда күш-қуатсыз, дірілдеп, қатты жүрексініп тұрып жаттым. Сөз сөйлеп, уағыз айтқанда адамды сендірерліктей данышпан пікірлерге емес, Құдайдың Рухы мен құдіретінің айқын көрінуіне сүйендім»* (1 Қор. 2:3–4).

Кейін ол былай жазады: «Сонымен, басымнан әлсіздік, қорлық, мұқтаждық, қуғын-сүргін, қысымшылық өткізгенде Мәсіхке бола ризамын. Себебі өзім кұшсіз болғанымда Ол арқылы кұштімін» (2 Қор. 12:10).

Мұса мен Елші Пауылдың үлгілері бізді шабыттандырсын!

Біздің міндетіміз:

- **Құдайға үміт арту.** Киелі Рух біздің туыстарымыз бен достарымыздың көзін шындыққа ашсын деп дұға еткеніміз жөн.
- **Жақсы ұстаз бола алайық.** Біз Құдай Өзін Иса Мәсіхте қалай ашқаны туралы айтуымыз керек.
- **Құдай Патшалығын жариялайық.** Олар Құдай Патшалығының жақсы азаматтары болуы үшін, Киелі кітап оқуды ұнатып және сонда жазылғандарға мойынсұнуларына көмектесуіміз керек.

Адамдарға таңғажайып Құдайымыз туралы айтып жатқанда, Құдай бізге Ізгі хабарды жариялау және тәлім беру дарындарын дамытсын!

Мұса мен елші Пауыл бізге қандай үлгі бола алады? [19]

Осы сабақты кімге үйрете аласыз?

Сабақ барысында Құдай сізге не деді?

Сіз дәл бүгін кіммен бөлісе аласыз?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастар алдында **Заңды қайталау 1:6–3:11** аяттарын оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – Ол тілі күрмелген және жәй сөйлейтінін.
- 2 – Мен саған не айту керек және қалай сөйлеу керектігін үйретемін.
- 3 – Мұса бүкіл ираил халқына арнап сөйледі.
- 4 – Мұсаның тәлімі Құдайдан келді.
- 5 – Мұса Құдай Заңын жариялады.
- 6 – Иордан өзенінің шығысындағы жазық дала.
- 7 – Мысырдан көшіп шыққаннан кейінгі қырқыншы жыл.
- 8 – Ол сапар әдетте он бір күнге ғана ұласады.
- 9 – Құдай Уәде етілген жерде көбейіп өмір сүру үшін, оларға Өз батасын бертiнiн уәде еттi.
- 10 – Құдай оларға осы кіріп жатқан Уәде етілген жерде өмір сүре алмай құритындарын ескертті.
- 11 – Уәде етілген жерге барып иеленiндер.
- 12 – Иса Мәсiх Құдайдың Ұлы.
- 13 – Құдай бiзге мәңгi өмiр сыйын уәде еттi.
- 14 – Бiз Иса Мәсiхтi қабылдап, Оған сенуiмiз керек.
- 15 – Иса бiздi сол жерге Өзi бастап апарады және бiзбен бiрге мәңгi қалады! Сонымен бiрге бiз бара жатқан Уәде етілген жер, өте тамаша және мәңгi!
- 16 – Жетпiс адам.
- 17 – 600 000 мыңнан астам ер адам болды.
- 18 – Олар өте зұлым болғандықтан, Қанахан жерiнен айырылды.
- 19 – Олар адамдарға Құдай туралы айтудан қорықты. Бiрақ Құдай олардан атақты тәлiмгерлер жасап шықты.

Заңды қайталау 2 сабақ:

Басшылар мен ерушілер



Біз осы сабақта:

- қалай жақсы басшы,
- және қалай жақсы еруші болу туралы ойланамыз,
- біз мойынсұнуды үйренгенде оның қалай боп шығатынын көреміз.

Басшылар

Заңды қайталау 1:9–18 аяттарын оқыңыз.

Мұса қандай қиын мәселеге душар болды және ол оны қалай шешті 10–15? [1]

Біз бұл жерде басшылардың үш түрін оқимыз:

Ру басы (15 аят): олар әскери басшылар, яғни қандай да бір тапсырманы орындайтын белгілі бір адамдар тобын басқаратындар.

Ақсақалдар (15 аят): ру ақсақалдары олар ұлттар арасын ұйымдастыру мен дау дамайларды шеше алатындар.


Билер (16 аят): қандай да бір қылмыстық іс орын алғанда әділ сот жүргізе алатын тұлғалар.

Бесінші және одан кейінгі тарауларда, Мұса халыққа Құдай Заңы туралы ескертеді. Құдай ол заңдарды оған 40 жыл бұрын Синай тауында берген. Билер мен ақсақалдар осы заңдарды мұқият **зерттеп даналықпен әділ үкім шығарулары үшін берілді**. Олар қорғансыз жарлыларға қамқорлық жасауға міндеттелді (Заңды қайталау 15:7; 24:14). Оларға пара алуға тыйым салынды. Олардың теріс үкім шығаруларына ықпал жасай алатын көсемдерден қорықпайтын болды (Заңды қайталау 16:19).

Өз міндеттерін дұрыс атқара алулары үшін ру басылары, ақсақалдар және билер не істеулері қажет болды? [2]

Соңынан ерушілер

Заңды қайталау 1:19–28 аяттарын оқыңыз.



Халық қай жерге келді және қайда барулары керек еді 19–21 аяттар? [3]

22–28 аяттарда қандай оқиға орын алды? [4]

Мәселе неге байланысты туындады 28 аят? [5]

Заңды қайталау 1:29–46 аяттарды оқыңыз.

29–30 аяттарда Мұса истраил халқына не деді? [6]

Құдайдың истраил халқына жасап келген қамқорлықтарына қарап, Мұса Құдайды кіммен салыстырды 31 аят? [7]

Истраил халқы Құдайға сенім артуға болатынын білді. Мысырдан көшіп шықаннан бастап, Ол осы екі миллиондай адамдарға шөл далада қамқор боп келді!

Солай бола тұра халық қандай шешім шығарды 32 аят? [8]

Өте қатты таңқалатын жағдай! Құдай Өз халқы үшін сондай көп нәрсе жасады: Ол оларды кереметтер жасай отырып құлдықтан алып шықты. Ол оларды таңғажайып оқиғалармен алып жүрді. Ол оларды жоқтан бар жасап, шөл далада тамақтандырды. Солай бола тұра олар Оған сенуден бас тартты! Оған сенім артудың орнына өз үрей қорқыныштарына бой алдырып, мойынсұнбауға шешім шығарды.

Құдай оларға не деді 35–38 аяттар? [9]

Егер олар Құдайға сенуден бір рет бас тартса, онда олар оны екінші рет те оңай істей алады. Израилдіктердің бір күнәсі басқа күнәларды қалай туғызғанын қараңыз.

Халық не деп шешті және қандай нәтижеге қол жеткізді 41–46 аяттар? [10]

Олар тек сәтсіздікке ғана ұшырап қойған жоқ, олар қатты ренжіді және ең сорақысы, олар Құдаймен қарым-қатынастарын бұзды.

Біз Көне келісімде басшылар және оған еруші Құдай халқының қандай сенімді басшылар мен ерушілер болатынын көрдік. Жаңа келісімде де дәл солай айтады!

Жаңа келісімдегі жетекшілер

Құдай халқының жетекшілері Құдай Сөзін жақсы білетін, Оған мойынсұнған және тәлім беруге қабылетті жан болуы тиіс (2 Тім.2:2).

Марқа 10:42–45 аяттарын оқыңыз. Жетекшілік туралы Өз шәкірттеріне Иса тағы не айтты? [11]

1 Петір 5:2–3 аяттарын оқыңыз. Қауым жетекшілерін Петір қалай сипаттайды? [12]

1-ші шақыру

Қауым жетекшілері патша сияқты басқармауы керек. Оның орнына олар мейрімді бақташы сияқты қауым мүшелері Құдайдың сүйіспеншілігін сезіне отырып, жан-жақты рухани жетілулері үшін барынша қамқорлық жасаулары тиіс.



Мұса бәрін де жалғыз өзі істей алмайтынын түсінді. Дәл сол сияқты қауым жетекшілері де бәрін өздері ғана атқаруға тырыспауы керек. 1-ші Қорынттықтар 12-тарауда Пауыл қауымды түрлі мүшелерден тұратын тұтас дене ретінде сипаттайды. Жақсы қауым бағушысы қауым мүшелеріне Құдай қандай дарындар силағанын болжай алады. Ол дарын иелерін қауым мен айналадағы ортаға дұрыс ықпал жасауға итермелейді.

Егер сіз жетекші болсаңыз:

- Құдай сөзін оқуға және оған мойынсұнып, оны басқаларға үйретуге тырысып жүрсіз бе?
- өз қауым мүшелеріне жақсы бағушы сияқты қамқор болып, мойынсұнған қызметші болып жүрсіз бе?
- қауым мүшелеріндегі Құдай силаған дарындарының дамуына ат салысып жүрсіз бе? Әлде бәрін де өзіңіз істеуге тырысасыз ба?
- ешкімді бөліп-жармай бәріне бірдей қамқорлық жасай аласыз ба (1 Тім. 5:21)?

Осылардың ішінде өзіңізге байланысты қайсысымен көбірек жұмыс істеу керек деп ойлайсыз?

Жаңа келісімдегі ерушілер

Марқа 8:34 аятты оқыңыз. Өзінің шәкірті болғысы келетіндерге Иса не деді? [13]

Қауым мүшелері өз даңқын емес, Исаның даңқын іздеу керек. Олар, қауым Исаның сенімді куәгері бола алуы үшін, қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіс. Біз бәріміз қызмет етуге дайын болуымыз керек!

2-ші шақыру

Егер сіз қауым мүшесі болсаңыз:

- сіз қорқынышпен бе, әлде сеніммен өмір сүресіз бе? Ол сіздің өміріңізден қалай көрініп жүр?
- сіздің қауымның бағушысы мен жетекшілері жақсы қызмет ете алулары үшін дұға етіп жүрсіз бе? Әлде оларға тек шағым айтқан ұнай ма?
- өзіңізге берілген сыйды қауым игілігіне өз еркіңізбен қолданып жүрсіз бе?

Осы айтылғандардың қайсысымен көбірек жұмыс істеуге тиіспін деп ойлайсыз?

Мойынсұнуға үйренеміз

Құдай исаил халқы Қанахан жерін жаулап алғанын қалады.

Құдай халқы не үшін Қанахан жерін жаулап алды?

Жаратылыстың басталуы кітабында, Құдай Ыбырайымды Өзіне ерекше болатын халықтың түп атасы етіп таңдап алғанын оқимыз. Құдай оған, күндердің күнінде оның ұрпағы Қанахан жерінде өмір сүретіні туралы уәде етті. Міне 500 жылдан кейін Құдай Өз уәдесін орындады!

Қанахан жерінде тұратын адамдар өте зұлым болды. Олар өздерінің құдайларына құрбандық ретінде өз балаларын да өртеп жіберді (Заңды қайталау 12:31). Олардың сондай зұлымдықтары үшін Құдай оларды жойғысы келді.

Құдай барлық әлемге үлгі бола алулары үшін, Өз халқын Қанахан жеріне орналастырғысы келді. Құдайдың қандай дана әрі мейірімді екенін басқа адамдар көріп және Оған қалай ұнамды болуды, исаил халқының өмір сүру салтынан үйренулері керек еді (Заңды қайталау 4:6–8).

Бірақ Құдай сол жерді Өз халқына берудің басқа да себебі болды. Уәделі жерде өмір сүріп жатқан Өз халқы арқылы Құдай Ұлы Иса Мәсіхтің әлемге келуін дайындады. Әлемді күнәдан, өлімнен және сол шайтанның құлдығынан құтақару жұмысы дәл сол Иса Мәсіхтің мойнында болды. Уәделі жерде өмір сүріп жатқан және оларды бағыттап отыратын Құдай заңы бар, Құдайдың халқынсыз, Мәсіхтің істеген істерін ешкім түсінбес еді.

Қанахандықтарды жою әлемдік тарихта ешқашан қайталанбайтын оқиға болды. Бүгінгі таңда бір елге басып кіріп, жойып жіберу сияқты сол оқиғаны қайталай алмаймыз!

Бүгінгі күндері жер бетінде Уәде етілген жер жоқ. Бізге соғысуға тура келетін де жер жоқ. Сенушілер бір географиялық жерде өмір сүрмейді, оларды әлемнің кез келген елінен табуға болады!

Біз Иса қайтып келіп, бәрімізді Өзімен бірге мәңгілік Уәде етілген жерде — Жаңа Иерусалимде өмір сүруге алып баратын күнді асыға күтудеміз!

Келесі үзіндіні оқымас бұрын, картаға қарап, мына жерлерді табыңыз:

- Едом жері (едомдықтар Жақыптың ағасы Есаудың ұрпақтары).
- Моаб жері (моабтықтар Ыбырайымның немере інісі Лұттың ұрпақтары).
- Амон жері (амондықтар олар да Ыбырайымның немере інісі Лұттың ұрпақтары).
- Заред өзені
- Арнон өзені



Заңды қайталау 2:1–13 аяттарын оқыңыз.

Мұса исаил халқына, шөл далада көшіп жүргеннен кейін, 40 жыл өткен соң не болғанын естеріне түсірді.

Исаил халқы 40 жыл өткеннен кейін Құдайға мойынсұнуды үйренді!

Заңды қайталау 2:24–37 аяттарын оқыңыз.

Уәделі жер мықты қамалдарда тұратын, алып адамдарға толы болды.

Исаил халқының Уәделі жерге қалай кіргені туралы, біз 25 аяттан қалай білеміз? [14]

24 аятта Исаил халқы Уәделі жерге кіру үшін не істеулері керек еді? [15]

Уәделі жер — Құдайдың сыйы. Бірақ, сол жерді иемдену үшін, оларды әлі де соғысу күтіп тұрды. Хешебон патшасы Сихонға Мұса қандай ұсыныспен хабар жолдады және қандай жауап алды? [16]

32–33 аяттарда қандай оқиға орын алды? [17]

Уәделі жерді иемденуге байланысты исаил халқының алғашқы соғысы осылай басталды! Осы соғыс, егер олар Құдайға сеніп Оған мойынсұнса, Құдайдың Уәде еткен жерін шын мәнінде беретінін көрсетті!

Заңды қайталау 3:1–11 аяттарды оқыңыз.

Құдай Исаил халқына келесі жолы кімдерді жеңіп берді (3 аят)? [18]

Олар қанша қаланы жаулап алды (4 аят)? [19]

Бұл керемет жетістіктер еді!

Олар нені жойды және нелерді сақтап қалды (6–7 аяттар)? [20]

Сол жердің тұрғындары өте зұлым болған. Құдай халқын күнәға азғырмас үшін, Құдай олардың бәрін жоймақшы болды (осы туралы Мұса 7:3–4 аяттарда айтты).

Ол табыс Құдайдың сыйлығы. Олар өз сапарын ары қарай жалғастыруы да, Құдай қамқорлығының бірі еді.

Бұл шайқастар исаил халқына, егер олар Құдайға мойынсұнса, Уәде етілген жерде үнемі жеңіске жететіндерін көрсетіп отырды.

Қосымша: Ог патша

Ог патша рафандық болатын (3:11). Рафандықтар өте күшті алып адамдар тұқымынан (2:20–21 аяттарды қараңыз).

Ол заманда темір бұйымдарды тек өте ауқатты адамдар ғана иеленетін. Ал Ог патшаға өте үлкен төсек қажет болды. Исаилдіктер ірі денелі және алып күш иесі Ог патшаны жеңді!



Жаңа келісімдегі мойынсұнуды үйренеміз

Көне келісімде Құдай Өз халқын алып жүрді. Олар Оған мойынсұнуды үйренгенде, Уәде етілген жерді иемденулері үшін, Құдай оларға жеңістер силап отырды. Дәл сол сияқты бүгін де Құдай бізді жетелеп келеді. Біз Оған мойынсұнуды үйренгенде, Уәде етілген тамаша жерде мәңгі мекендеуіміз үшін, Құдай бізге күнәлардың үстінен жеңіс алып береді! Өзімен бірге мәңгі өмір сүруіміз үшін, жуықта Иса келіп бізді алып кетпек!

Мәңгілік өмір — Құдайдың сыйы, бірақ бізге тоқмейілсуге болмайды. Біз де шайқаста жүргендіктен, өміріміздің әр күннің әр сәтінде, өз Патшамызға мойынсұнуымыз керек!

3 шақыру

Еф. 6:10–18 аяттарын оқыңыз.

Бізге кіммен шайқасуға тура келелі (12 аят)? [21]

Исаил халқы Уәде етілген жерде, зұлым адамдармен шайқасты. Дәл сол сияқты Құдай бізді күнә, шайтан және оның жындарымен соғысуға



шақырып тұр. Біз шайтан және оның жындырымен қандай екі тәсілмен шайқасуымыз керек (11 және 18 аяттар)? [22]

Әр сауыт пен қарудың не істей алатыны жайлы ойланыңыз. Құдай берген қару-жарақты ұмытып қолданбай жүрген сенуші нені еске түсіреді?

- Егер біз, шындық белдігіміз барын, ұмытып кетсек не болады? [23]
- Егер біз әділдік сауытымыз барын ұмытсақ не болмақ? [24]
- Иса туралы Ізгі хабар таратуға дайын аяқ киіміз барын ұмытсақ не болады? [25]
- Егер сенім қалқанымыз барын ұмытсақ не болмақ? [26]
- Егер Құдай Сөзін мықтап ұстануды ұмытсақ не болады? [27]
- Егер біз құтқарылу дулығамыздың барын ұмытсақ не болмақ? [28]

Шайтанға және оның жындырына бірге қарсы тұра алуымыз үшін, не істеуіміз керек? [29]

Осы сабақ арқылы Құдай бүгін сізге не айтты?

Сіз бүгін осыны кіммен бөлісе аласыз?

Үй тапсырмасы

Заңды қайталау 3:12–29 аяттарды, келесі сабақты бастамай тұрып, оқып шығыңыз.

Жауаптар

- 1 – Адамдардың көбейгені сонша, Мұса олардың барлық дау-дамайларын жалғыз өзі шеше алмайтын болды. Сондықтан ол халықтың үстінен билік жүргізе алатын, дана және сыйлы адамдарды өзіне көмекші етіп тағайындады.
- 2 – Олар Құдай заңын оқитын және оны мұқият ұстай алатын адамдар болуы керек болды.
- 3 – Олар Қадеш-Барнеға жетті, енді ары қарай Амори тау қыратына жетуі керек болды.
- 4 – Олар сол жердің қандай екенін білу үшін барлаушылар жіберді. Барлаушылардың көбі жер жақсы, бірақ ол биік қамалмен қоршалған және адамдары да мықты алыптар деді. Сондықтан исаил халқы сол жерге кіруден бас тартып, Құдайға сенбеді.
- 5 – Олар қатты қорықты.
- 6 – Мұса оларға қорқудың қажеті жоқ екенін, өйткені олар үшін Мысырдан көшіп шыққан кездегідей Құдай Өзі шайқасатынын еске салды.
- 7 – Ол Құдайды ұлын көтеріп жүрген әкеге теңеді.
- 8 – Олар Құдайға сенім артпады.
- 9 – Солай істегендері үшін Халел мен Ешуа Навиннен басқа бірде бір ересек адам Уәделі жерді көрмейтін болды.
- 10 – Құдай солай істе деп айтпаса да, олар барып соғыс ашты. Сөйтіп олар ойсырай жеңілді.
- 11 – Иса қалай қызмет етіп және біз үшін Өз өмірін қиғаны сияқты, жетекшілер де бастық емес құл тәріздес қызмет етулері керек.
- 12 – Ақсақалдар Құдай отарының бақташысы болуы тиіс.
- 13 – Сенушілер өз қалауларынан бас тартып, Исаның соңынан еріп, өз айқышын арқалап жүре алатын адамдар болуы керек.
- 14 – Исаил халқының алдында барлық басқа халықтарға Құдай қорқыныш ұялатты.
- 15 – Олар шайқасқа араласуы керек болды.
- 16 – Сенің елің арқылы тыныштықпен өтіп кетуімізге мүмкіндік бер деп сұрады. Ол рұқсат бермеді.
- 17 – Құдай исаил халқына Сигон патшаның үстінен жеңіс силады.
- 18 – Ог патша.
- 19 – 60!
- 20 – Олар барлық адамдардың көзін жойды, бірақ дүние мүлкіне тиіспеді.
- 21 – Біз адамдарға емес, шайтанға және оның жіндарына қарсы соғысып жүрміз.
- 22 – Біз Құдай берген рухани қаруды алып, рухани сауыттарымызды киіп жүруіміз керек. Барлық жағдайларда да Киелі рухпен дұғада болғанымыз дұрыс!
- 23 – Біз өтірікке сену арқылы азғырылып қаламыз.
- 24 – Біз жаман нәрсе жасау арқылы азғырылуға түсеміз.
- 25 – Біз Иса туралы айтқымыз келмейді.
- 26 – Егер бізде бір қиындық бола бастаса, онда Құдай бізді сүймейді және бізді қамқорына алмайды деп ойлаймыз. Біз қорқып, алаңдай бастаймыз.
- 27 – Құдай Өз Сөзі арқылы бізді үйретіп жатқанын түсіне алмай қаламыз.
- 28 – Құтқарылу — бізге берілген тегін сый екенін ұмытып кетеміз. Құдайға ұнау үшін қайырымдылықты көп істеу керек деп ойлаймыз.
- 29 – Рухани қару жарақты үнемі киіп жүре алуымыз үшін, бірге жиылып, бір-біріміз үшін сиынып, бір бірімізді жігерлендіріп отырғанымыз жөн. Сізде қандай да бір басқа ұсыныстар бар ма?


Заңды қайталау 3 сабақ:

Бірлік және Жаңа Көшбасшылық



Біз осы сабақта бірлік пен жаңа жетекшілерді дайындаудың маңыздылығы туралы ойланамыз.

Бірлік



Заңды қайталау 3:12–13 және 18–20 аяттарын оқыңыз.

Иордан өзені солтүстікте орналасқан Галилей көлінен бастап, оңтүстіктегі Өлі теңізге дейін ағып жатыр. Картадан Иордан өзенін табыңыз.

Осы аяттарда айтылып тұрған жер, Иордан өзенінің шығыс жағында орналасқан. Олар Ешуа кітабындағы 6 тарауда көрсетілген Иерихон қамалына шабуылдамас бұрын, сол жағаға бірінші болып жеткен еді.

Руларды санау 32:1–5 аяттарды оқыңыз. Рубен мен Гад ру басылары Мұсаға қандай өтінішпен келді? [1]

Руларды санау 32:16–22 аяттарын оқыңыз. Олар Мұсаға Иордан өзенінің шығыс жағында қалуға рұқсат етудің тиімділігін қалай дәлелдеді? [2]

Руларды санау 32:33 аятты оқыңыз. Тағы кімдер Иорданның шығыс жағынан тұратын жер алды? [3]

Осы екі жарым рудың Иордан өзенінің сол жағында қалуына Мұса келісім берді. Ол оған тек мына бір шартпен келісті: ол осы рулардың ер азаматтары батыс бөліктегі қанахандықтармен соғысатын басқа руларға көмектесулері қажет болды.

Барлық рулар бірігіп, біртұтас болуы өте маңызды болды. Егер Рубен, Гад рулары және Манаса руының жартысы Иордан өзенінен өтпей қалса, онда Құдай халқы бөлшектеніп қалады. Сөйтіп, олар нағыз жаумен шайқасудың орнына бір-бірімен шайқасып қалар еді.

Жаңа жетекшілік

Заңды қайталау 3:23–29 аяттарын оқыңыз.

25 аятта Мұса Құдайға қандай өтінішпен мінәжат етті? [4]

Ол оның соңғы 40 жыл бойы аңсаған арманы болатын! Құдайдың ең ұлы адамдары және Көне келісім пайғамбарлары көңілсіздікке душар боп отырды!

Руларды санау 20:1–13 аяттарын оқыңыз. Не себепті Құдай Мұсаға Өз халқын Уәделі жерге кіргізуге мүмкіндік бермеді? [5]

Көне келісімдегі ұлы адамдардың өздері де Иемізден бас тартқан кездері болды. Бірақ, біз Құдайдың Мұсаға Уәделі жерді алыстан көруге мүмкіндік жасап рақымдылық жасағанын көреміз (Заңды қайталау 3:27).

Исраил халқын алып жүретін келесі көшбасшы кім болмақ (Заңды қайталау 3:28)? [6]

Мұса Ешуа Навинге не деді (Заңды қайталау 3:21 және 22)? [7]

Уәде етілген жерді жаулап алу көптеген соғыстарды өткізе отырып, қол жеткізетін маңызды оқиға болды. Олар үшін Құдайдың Өзі шайқасатынын халық біліп жүргенін қалады. Дәл сол соғыстарда

Құдай жеңіске жетіп отырды. Өйткені Құдай — олардың Тәңірі әрі Патшасы! Бірақ, Өз халқын Уәделі жерге бастап келу құрметін, жаңа тағайындалған Ешуа Навинге жүктеді (28 аят).

Ешуа келесі көшбасшы болу үшін, Мұса оны қалай дайындады (Заңды қайталау 3:28)? [8]

Ол оны қалай сенімді етіп, нығайта алды? [9]

Мұса Көне келісім кітаптарын жазды (Көне келісімнің бірінші 5 кітабы). Осы Ешуа Навин және Құдай халқына арналған Мұсаның сыйлығы болды.

Кейін Өз Сөзін оқуға байланысты Құдай Ешуаға не деді **Еш. 1:8**? [10]

Жаңа келісім

Осы бірлік пен жаңа көшбасшы туралы маңызды тақырып жайлы, Жаңа келісімде не дейтінін қарастырайық.

Бірлік

Бірлік тек Көне келісімдегі Құдай халқына ғана өте маңызды болған жоқ. Ол сондай-ақ Жаңа келісімдегі Құдай халқы үшін де өте маңызды.

Жохан 17:20–21 аяттарда Иса барлық сенушілер үшін не деп дұға етті? [11]

Иса Өз шәкірттерінің бірлігі үшін мінәжат жасады.

Бүгінгі таңда сенушілер қауымы күнә және шайтанға қарсы күресте бірлік таныта алулары керек. Оның қауымы өсуі үшін, Құдай біздің бірге қызмет еткенімізді қалайды. Бір қауым сенушілері, басқа қауым мүшелерімен бірлікте болу үшін, қолдан келгеннің бәрін жасауға тиістіміз.

1 шақыру

Біз бірлігімізді қалай құртамыз? [12]

Бірлігімізді мықты ету үшін не істей аламыз? [13]

Жаңа жетекшілік

Құдай исаил халқының шынайы Тәңірі және Патшасы болды. Дәл сол сияқты Иса да, біздің шынайы Тәңіріміз әрі Патшамыз (Аян 17:14).

Көне келісімде Құдай көшбасшыларды Өз халқы үшін дайындады. Бүгін де сол сияқты Құдай Өз халқы үшін жетекшілерді дайындап жатыр.

Біз, жетекшілер алдында қандай зор тапсырма тұрғанын екінші сабақ арқылы қалай білдік! Олар:

- Киелі кітапты оқып, зерттеп және үйретуге арналған;
- Жаны ашығыш қамқор бақташы сияқты өз қауым мүшелеріне қызмет ете алатын кішіпейіл жетекшілер;
- Құдай берген дарындарына сүйене отырып, қауымның өсуіне көмектеседі;
- Ешкімді бөліп жармай бірдей қамқорлық жасайды.

Сонымен бірге олар өздерінің жетекші болмайтын уақыттарына дайын болуы керек.

Біз Мұсаның Ешуаны жаңа көшбасшылыққа қалай дайындағанын көрдік. Енді Жаңа келісімде жаңа жетекшілерді дайындау үшін елші Пауыл, Тімөтеге не дегенін қарастырайық.

2 Тім. 2:2 аятын оқыңыз. Пауыл Тімөтеге қандай кеңес берді? [14]

Жаңа жетекшілер дайындау

Басқаларға тәлім беру үшін барлық жетекшілер өзіне шәкірт дайындауы керек.

Мұса Ешуаны Құдай халқының көшбасшысы болуға дайындады. Дәл сол сияқты қауым бағушылары кейін өз орындарын басуға лайықты жетекшілер дайындауы тиіс.

Ақылды жетекшілер, өздері осы дүниеден өткенге дейін бағушылықты қабылдай алатын адамдар дайындайды! Сонда жаңа келген бағушы, қажет болғанда өзіне дейін болған жетекшінің ақыл кеңесін қолдана алады. Бұл, әрине, бұрынғы жетекші енді бағушы емес екенін барлық қауым мүшесі түсінгенде ғана жақсы жұмыс істейді! Бастысы, барлық қауым мүшесі алдындағы бағушыны құрметтегеніндей жаңа жетекшіні де толығымен қолдай алулары керек.

Сонымен бірге қауым болмаған жерде жаңа қауым ұйымдастыру үшін, бағушы қауым мүшелерінен жетекшілер дайындаған да өте жақсы.

Жетекшілерге қалай қарайтынымыз туралы маңызды ескертулер

Жетекшілерге байланысты қауым мүшелері жиі жол беретін екі қателік:

1. Біз өз бағушымызға мінсіз және біздің бар мәселемізді шешіп бере алады деп қараймыз.

Біз мына нәрсені ешқашан естен шығармаймыз:

- Жетекшілер тек адам баласы, олар да қателікке бой алдырады!
- Мұса да қателескен
- Тек Иса ғана мінсіз. Тек Ол ғана бізді құтқарып, бар мәселемізді шешіп бере алады!

2. Біз қауым бағушыларын силамаймыз

- Жаңа келісімде, қауым жетекшілерінің қызметіне бағынып, оларға қажетті мөлшерде сыйластық көрсету қажеттілігі (1 Сал. 5:12–13; Евр. 13:17).
- Егер біз қауым бағушысына мойынсұнбай және сыйластық таныта алмасақ, онда қауым өз жұмысын дұрыс атқара алмай бөлшектеніп кетуі мүмкін.

Әдетте қауым мүшелері бағушыларға байланысты қандай екі қателікке жол береді? [15]

2 шақыру

Біз қауым жетекшісіміз бе жоқ па маңызды емес, бәріміз де өзімізді Киелі кітап оқуға арнауымыз керек. Сіздің Киелі кітап оқуыңыз, Құдайдың Ешуаға Еш. 1:8 аятында айтқанымен, сәйкес келе ме?



Киелі кітапты көбірек оқып, сол туралы жиі ойланып жүруіңіз үшін, өміріңізге қандай өзгеріс жасай аласыз?

Бірлік және жаңа басшылық тақырыптарын бөлу мүмкін емес:

- Қауым бірлігі жетекшілікті айтарлықтай жеңілдетеді. Бөлшектену жетекшілікті ауырлатады.
- Жақсы басшылық бірлікке қол жеткізуді жақсы дамыта алады. Жаман басшылық қауым ішіндегі бірліктің орын алуын қиындатады.

Әрбір қауым барған сайын, зор сүйіспеншілік пен киелі қоғамға айналу сапарында. Осы өмірде бірде-бір қауым киелілікке жете алмады! Дегенмен біз өз қауымымыздың сүйіспеншілік пен килелілікке кенеліп дамуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тырысамыз!

Сондықтан өз қауымы үшін мыналарға үздіксіз дұға ету маңызды:

- Жетекшілер жақсы басқара алулары үшін;
- Қауым мүшелері Исаға және бір біріне деген сүйіспеншілікпен бірге болуы үшін.

Осы сабақта Құдай сізге қандай шақыру тастады?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастамас бұрын, **Заңды қайталау кітабының 4-ші** тарауын оқып шығыңыз.

Жауаптар

- 1 – Олар өздерін Иордан өзенінің шығыс жағалауын иемденуге қалтыруларын өтінді. Олар Құдай Өз халқына уәде еткен батыс жағалауға барғылары келмеді.
- 2 – Батыс жағалауға өтпейтін ер азаматтар, Иордан өзенінің батыс жағалауын жаулап алу үшін басқа ираилдіктермен бірге соғысуға уәде берді. Тек содан кейін ғана олар шығыс жағалаудағы бала-шағаларына орала алатын болды.
- 3 – Манас руының жартысы.
- 4 – Маған Уәделі жерді көруге мүмкіндік бер.
- 5 – Ол Құдайға мойынсұнбады және Оның айтқандарын толық орындамады: сөйлес дегеніне қарамай жартасты таяғымен ұрды.
- 6 – Ешуа Навин.
- 7 – Иордан өзенінің шығыс жағалауындағы екі патшаны Құдай қалай жеңгенін сен көрдің. Дәл сол сияқты, Иордан өзенінің батыс жағалауындағы барлық халықты бағындыру үшін сендер үшін Құдай Өзі шайқасатын болады.
- 8 – Ол Ешуаның сенімін нығайтып, жігер берді.
- 9 – Құдай Сөзін оқуға жігерлендіру үшін, ол оған Құдайдың істегеннің бәрін есіне түсіруі керек еді.
- 10 – Мұса жазған Заңды қайталау кітабын оқыңыз. Оны талқылаңыз. Ол туралы күндіз-түні ойланыңыз. Соған мойынсұныңыз. Сонда сендер табысқа жетесіңдер.
- 11 – Олардың бәрі бірлікте болу үшін.
- 12 – Бірнеше мысалдар: Біз Мәсіхтен гөрі қауым жетекшілеріне көп мән береміз. Біз мақтанамыз. Мәсіхтің Денесінен гөрі, біз өз қажеттілігіміз бен өз жағдайымызды қамқорлауға тырысамыз. Біз басқалар жайлы жақсы емес сөздер айтып, өсектейміз және өзімізді олардан жоғары санаймыз. Біз жиі ренжіп, қауым жиналысына бармай қаламыз.
- 13 – Бірнеше мысалдар: Біз қауым жетекшілеріне емес, Мәсхке көп мән береміз. Біз салмақты болып, үйренуге бейімбіз. Біз өз жағдайымызды емес, Мәсіхтің Денесін көбірек қамқорлаймыз. Біз өсек тыңдамаймыз, біз басқалар туралы тек жақсы ой ойлауға тырысамыз, басқаларды өзімізден жоғары қоямыз. Біз шаршап жүрсек те, біреуге ренжіп қалсақ та, қауымнан қалмай үнемі қатысып отырамыз.
- 14 – Олар басқаларды үйрете алуы үшін, Құдай сөзін сенімді адамдармен бөлісеміз.
- 15 – Біз өз жетекшілерімізге бар мәселені шеше алатын мінсіз жандай қараймыз. Адамдар жол беретін екінші қателік — қауым жетекшілерін сыйламау

Заңды қайталау 4 сабақ:

Өмірді таңда



4:1–40 тарау (1 бөлім)

Біз осы сабақта өмір мен өлім мәселесі болатын, мойынсұну туралы ойланамыз.

Осы үзінді, Мұса исаил халқына айтқан керемет уағыз боп саналады. Құдай осы адамдарды ерекше ұлт жасау үшін, құлдықтан алып шықты.

Осы уағызды айтпас бұрын, бізге тәлім беретін, негізгі үш қағиданы қарастырайық.

Уағызды бес бөлікке бөліп қарастыруға болады. Басы мен соңғы бөлігінде ұқсас жағдайлар бар. Сондай-ақ, екінші және төртінші бөлімде де ұқсас жағдайлар баяндалады. Әдетте, яһудилердің көптеген аяттары мен уағыздарында ең маңызды ойлар ортасында жүреді.

- 1–4 аяттар: **Мойынсұну:** Құдайдың батасын алу үшін, исаилдіктер Құдай заңына бағынулары тиіс болды.
- 5–20 аяттар: **Исаил халқының ерекшелігі:** Исаилдіктер басқа халықтардан ерекшелігі, олар сенген Құдай, басқалар сенетін құдайлардан ерекше болды.
- 21–31 аяттар: **Сот және рақымдылық:** Құдай — сот пен рақымдылықтың Құдайы.
- 32–38 аяттар: (қайтадан) **Исаилдіктердің ерекшелігі.**
- 39–40 аяттар: (қайтадан) **Мойынсұну.**

Осы уағыздағы ең маңызды ой қандай (ортасында не туралы айтылып тұр)? [1]

Бүкіл Киелі кітаптан біз Құдайдың соты мен рақымдылығын көреміз. Бұл біз Құдай туралы түсінуге тиісті, ең маңызды дүние. Ол таза және киелі, сондықтан кез келген күнәні соттайды. Бірақ соттап тұрып, керемет рақымдылық танытады.

Әдетте сенушілерде болатын Құдай туралы екі қате пікір:

- Біздің күнәмызға Құдай қарсы емес;
- Күнәдан кейін кешірім алуға үмітіміз болмайды.

Неліктен Құдай Өзінің соты мен рақымдылығына назар аудартып тұр? [2]

Құдай өздерін құтқарып алғаннан кейін, исаилдіктер ойыма келгенді істей бере аламын деген қате пікірде болды. Бірақ Құдай Өз заңын орындап жүру үшін берді!

Осы сабақта біз Мұса уағызының бірінші бөлімімен танысамыз:

- Құдайдың батасын алу үшін, Оның заңына бағыну керек.
- Басқа екеуін келесі сабақта қарастырамыз.

Мойынсұну

Заңды қайталау 4:1–4 аяттарды оқыңыз.

Бұл аяттардан, бір қарағанда бір-біріне қарама қайшы сияқты екі пікір байқаймыз:

- Құдай жерді исаилдіктерге береді.
- Сол жерді иемдену үшін, исаил халқы Құдайға мойынсұнуы қажет.

1-ші аятта Құдай не істегісі келді? [3]

Исаил халқы жерді қалай иемденбек (1 аят)? [4]

Сонда қалай, ол жер сыйлыққа беріле ме, әлде олар оған мойынсұну арқылы ғана қол жеткізе ме?

Бүкіл Киелі кітап бойы біз, бір-біріне қарама-қайшы сияқты, осы екі пікірмен кездесеміз: құлдықтан құтылу мен Уәделі жер сыйлыққа берілді. Бірақ соларды алу үшін, Құдай халқы Оған мойынсұнулары керек.

Исаил халқын Мысырдан алып шығар алдында, Құдай оларды өлім періштесінен аман алып қалды.

Өлімнен аман қалу үшін, исаилдіктер не істеулері қажет болды? **Мысырдан көшіп шығу 12:21–23** аяттарды оқыңыз. [5]

Мойынсұнбағандарды Құдай аман алып қалмады!

Жаңа келісім

Жаңа келісімде де құтқарылу — Құдайдың сыйы, бірақ біз Құдай заңын орындауға міндеттіміз. Біз бәріміз Уәделі жерге жеткенде (Жаңа Иерусалим), Құдай заңына мойынсұна алатын жетілген жандар боламыз!

Рим. 6:17–18 аяттарды оқыңыз. Сенушілер бұрын ненің құлы боп жүрді? [6]

Енді олар ненің құлына айналды? [7]

Олар кезінде әлсіз және күнәға қарсыласа алмайтын. Бірақ Иса оларды құтқарды және оларды тазартып, Киелі Рухқа толтырды. Енді олар мейірім мен сүйіспеншілікке толы өмір сүріп, Оның соңынан ере алады!

Шақыру

Сіз әділдіктің құлы екеніңізді адамдар көре ала ма? Әлде олар сізді өздері сияқты күнәның құлы деп санай ма?

Сіздің өміріңіз маңайыңыздағы сенбеушілердің өмірінен қандай айырмашылығы бар?

Өмір

Заңды қайталау 4:1 аятына сәйкес мойынсұнғанда қандай нәтиже шығады? [8]

40 аятты қараңыз. Олар Құдайға мойынсұнса, Мұса адамдарға не уәде етті? [9]



Заңды қайталау 8:7–9 аяттарды оқыңыз. Құдай Өз халқына бергісі кеп тұрған ол қандай жер? [10]

Уәде етілген жерде Құдай оларға молшылықта жүретін ұзақ өмір бергісі келді! Бірақ олар Құдайға сенім артпаса, оларды қарама-қайшы өмір күтіп тұрды.

Заңды қайталау 4:3 аятты оқыңыз.

Бағал-Пегор да моабтықтардың молшылық құдайы болды. Қанахандықтар жиіркенішті күнә жасап, соған табынатын.

Заңды қайталау 4:3 аятта Бағал-Пегорға табынғандарға Құдай не істеді? [11]

Заңды қайталау кітабының соңында Мұса халықты дұрыс шешім шығаруға шақырады.

Заңды қайталау 30:15–20 аяттарды оқыңыз. Мұса халыққа қандай таңдау ұсынды? [12]

Құдайға сенім арту немесе Оған сенбеу бірінші кезектегі маңызды шешім: Бұл өлім мен өмір сұрағы! Заңды қайталау кітабында Құдай Өз халқын талай рет өмірді таңдауға шақырды.

Жаңа келісім

Жохан жазған 1 хат 5:11–12 аяттарды оқыңыз. Құдай бізге не берді? [13]

Мәңгілік өмірді кім иемденеді? [14]

Өмір

Заңды қайталау кітабындағы «өмір» сөзі, Жохан жазған ізгі хабарда да маңызды сөз болып табылады.

Мысалы:

*«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік **өмірге** ие болады» (Жохан 3:16).*

*«Сонда Иса оларға былай деді: — Шынайы **өмір** сыйлайтын «нан» Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпайды, Маған сенгендер ешқашан шөлдемейді!» (Жохан 6:35).*

*«Иса оған: — Жол, шындық және шынайы **өмір** Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды» (Жохан 14:6).*

Мәңгілік өмірді басқа ешкімнен емес, тек Исадан ғана табуға болады!

Мәңгілік өмір — Жаңа келісімдегі, Өз халқына берген Құдайдың сыйы. Көне келісімде мойынсұнғандары үшін исаил халқына берілген осы дүниелік молшылықтан, бұл өте тамаша Уәде! Осы жайлы біз 12 сабақта толығырақ айтамыз.

Сондай-ақ, 11 сабақта біз бүгінгі таңда қай заңға бағынатынымыз туралы талқылаймыз. Құдайға және бір бірімізге деген сүйіспеншілік заңын сақтап жүргенімізге көз жеткізгеніміз дұрыс! (Матай 22:37–39)

1 ескерту: Құдай Сөзін өзгертпе!

Заңды қайталау 4:2 аятта Құдай Сөзіне қалай қара делінген? [15]

Кейбір адамдар Құдай Сөзін өзгерткісі келеді. Олар оны мойынсұнуға жеңіл болу үшін істейді. Олар Құдайды өздері мойынсұнуға ыңғайлы құдайға айналдыруды ұнатады. Бірақ, біз Құдайдың қай сөзін орындауға, ал қайсысын ескермесек те болады деп таңдай алмаймыз.

Киелі кітап мінсіз және толық! Біз оған бірдеме қосып, немесе алып тастай алмаймыз. Онда, осы және мәңгілік өмірдегі бізге қажетті Құдай туралы барлық ақпарат қамтылған!

Аян 22:18–19 аяттарын оқыңыз. Онда Киелі кітапқа бір сөз қосқан немесе алып тастаған адаммен не болатыны туралы, Құдай не деді? [16]

Талқылаңыз: Құдайдың қай сөзіне бағыну сізге қиын?

2 ескерту: Жаңа аяндарды қабылдамаңыз!

- Күллі тарих барысында жаңа кітаптарымен келген, діни мұғалімдер көп болды. Киелі кітап — Құдайдың толық сөзі. Ол бізге қалай құтқарылуға, мәңгілік өмірге ие болу және Құдаймен қалай қарым-қатынаста болуды білу үшін, бәрі де толық қамтылған.
- Өзінің жаңа пікіріне сәйкес Жазбаларды өзгерткен басқа да адамдар болды. Сіздің қолыңыздағы Жазба — көне түпнұсқалық қол жазбалардың тура аудармасы!



Егер де біреу сізге Құдай жаңа аян беріп жатыр десе, біз оны сенім ретінде қабылдай алмаймыз. Адамдар беретін тәлімді, үнемі Киелі кітаптың сөздерімен салыстырып отырамыз.

Біз сондай-ақ, Киелі кітапты толық білуіміз керек. Көптеген қауымдар ғасырлар бойы, Киелі кітаптағы бір аятқа (немесе бірнеше аяттарға) сүйеніп ережелер құрып келді. Олар оны Киелі кітаптың басқа жерлерімен сәйкестігін тексермеді.

Талқылаңыз: Қолында Жаңа келісімнен айырмашылығы көп, Құдайдың сөзі деген кітаптары бар адамдарды білесіз бе?

Осы сабақта Құдайдың сөзі туралы не білдіңіз?

Өзін Мәсіхтің шәкіртімін дей тұра, дұрыс өмір сүрмейтін адамға не дер едіңіз?

Өмірді таңдай алуымыз үшін бір бірімізге дұға етейік!

Үй тапсырмасы

Заңды қайталау 4:1–40 аяттарын тағы бір рет оқып шығыңыз. Өйткені біз келесі сабақта оны талқылауды жалғастырамыз.

Жауаптар

- 1 – Құдай — Ол сот пен рақымдылықтың Құдайы.
- 2 – Оның халқы үшін күнә маңызды емес деп ойлау оңай болғандықтан:
 - Құдай оларға ерекше назар аударады.
 - Күнәдан кейін біз үшін кешірім жоқ.
- 3 – Құдай исаил халқына Уәделі жерді беруге дайын.
- 4 – Құдайдың заңы мен бұйрықтарын орындап, мойынсұну.
- 5 – Олар тоқтыны сойып, оның қанын, соның етін жеп отырған үйдің есігінің екі босағасы мен маңдайшасына жақты.
- 6 – Күнәны.
- 7 – Әділдік.
- 8 – Олар Уәде етілген жерге кіреді және сонда өмір сүреді.
- 9 – Уәде етілген жерде ұзақ ғұмыр кешеді.
- 10 – Құнарлы топырағы мен өндіріп, өңдеп алатындай жер асты байлығы бар және өзен суы мол тамаша жер.
- 11 – Ол оларды жойды.
- 12 – Өмір мен өркендеу немесе өлім мен құлдырау.
- 13 – Мәңгілік өмір.
- 14 – Кімде Иса Мәсіх, Құдайдың Ұлы бар.
- 15 – Олар бір сөз қосуға немесе одан алып тастауына болмайды.
- 16 – Олар жазаланып, Жаңа Иерусалимде өмір сүре алмайды

Заңды қайталау 5 сабақ:

Құдайдың соты мен рақымдылығы



Заңды қайталау 4:1–40 (2 бөлім)

Біз осы сабақта Құдайдың халқы басқа халықтардан қандай айырмашылығы барын қарастырамыз. Біз сонымен бірге, Құдайдың әділ соты мен Оның таңқаларлық мейірімділігі туралы маңызды тақырыптарды қамтимыз.

Біз өткен сабақта Құдай заңына мойынсұнудың маңыздылығын көрдік. Ол оларды құлдықтан құтқарды. Ол оларға Уәделі жерді бергісі келді. Уәделі жерге кіріп, сол жерде өмір сүрулері үшін, ираилдіктер Құдай заңына мойынсұнулары керек болды.

Қосымша: Шолу

Бүкіл Киелі кітаптан біз Құдайдың соты мен рақымдылығын көреміз. Бұл біз Құдай туралы түсінуге тиісті, ең маңызды дүние. Ол таза және киелі, сондықтан кез келген күнәні соттайды. Бірақ соттап тұрып, керемет рақымдылық танытады. Біз уағыздың (Заңды қайталау 4:1–40) бес бөлімнен тұратынын көрдік. Бірінші және соңғы бөлімдерінде бір мәселе туралы айтылған. Сол сияқты екінші және төртінші бөлімдер де бір жағдай қарастырылып жатыр.

Әдетте, яһудилердің көптеген аяттары мен уағыздарында ең маңызды ойлар ортасында жүреді.

- 1–4 аяттар: **Мойынсұну:** Құдайдың батасын алу үшін, ираилдіктер Құдай заңына бағынулары тиіс болды.
- 5–20 аяттар: **Исраил халқының ерекшелігі:** Исраилдіктер басқа халықтардан ерекшелігі, олар сенген Құдай, басқалар сенетін құдайлардан ерекше болды.
- 21–31 аяттар: **Сот және рақымдылық:** Құдай — сот пен рақымдылықтың Құдайы.

- 32–38 аяттар: (қайтадан) **Исраил халқының ерекшелігі.**
- 39–40 аяттар: (қайтадан) **Мойынсұну.**

Осы уағыздағы ең маңызды ой қандай (ортасында не туралы айтылып тұр)? [1]

Неліктен Өзінің соты мен рақымдылығына, Құдай назар аудартты? [2]

Құдай өздерін құтқарып алғандықтан, енді исраилдіктер не істей берсек те болады деп жеңіл ойлады. Бірақ, Құдай олар орындауға міндетті болған, Өзінің толық заңын берді!

Сонымен, Мұса осы уағызында, үш нәрсені үйретіп тұр. Олар не? [3]

Біз осы сабақта, осы уағыздағы үш тақырыптың екінші және үшінші бөліктерін қарастырамыз.

Исраилдіктердің ерекшелігі

Заңды қайталау 4:5–20 аяттарын оқыңыз.

Исраил халқының басқа адамдардан ерекшелігі, олар сенген Құдай басқа құдайлардан өзгеше болды.

Басқа халықтар табынатын құдайлардан, Құдайдың мінезі қалай ерекшеленді (7,8,12 және 20 аяттар)? [4]

7 аят:

8 аят:

12 аят:

20 аят:

Егер адамдар Киелі кітапқа мойнсұнса, қандай нәтижеге қол жеткізеді (6–7 аяттар)? [5]

Құдай Исраил халқының тек Өзіне мойынсұнып жүруін қаламады. Ол, Исраил халқы басқа ұлт өкілдеріне жарнама тәріздес болып, олар да Өзіне мойынсұнып жүргендерін қалады!

Ол басынан бастап, Құдай жоспарының бір бөлігі. Ол Ыбырайымға Өзінің таңғажайып, уәдесін бергенде, жер бетіндегі басқа халықтар да ол арқылы батаға ие болады деген (Жар. баст. 12:3).

Дәл сол сияқты, біздің де Құдайға деген сүйіспеншілігіміз бен мойынсұнуымыз, барлық халықтарға жарнама сияқты болмақ. Сөйтіп, барлық халықтар Исаның соңынан ергісі келеді!

1 шақыру

Көптеген адамдар төмендегілерді көріп, Исаға келгісі келеді:

- Сенушілер бір-бірін сүйеді
- және Құдай біздің дұғамызға қалай жауап беретінін көреді.



Егер олар мыналарды көрсе Исаға келмейді:

- Біз бір-бірімізді жақтырмаймыз,
- бізге қарағанда басқаның жақсы жағын қызғанамыз,
- өсек айтамыз,
- біз мінәжат етпейміз.

Біз Құдай сөзіне мойынсұнғанда, сенбеушілерге қалай әсер етеді? [6]

Ал Құдай сөзіне мойынсұнбағанда, сенбеушілерге қалай әсер етеді? [7]

Заңды қайталау 4:10–14 аяттарда, осыдан 40 жыл бұрын, Құдайдың Өзі Өз халқына он өсиетін бергенін еске салады. Мұсаның халыққа он өсиетті қалай естеріне салғаны жайлы біз Заңды қайталау кітабының 5 тарауынан оқимыз. Халық ешқашан осындай жақсы заңға ие болған емес. Және содан бері оны ешкім жақсартпа алмады!

Құдай халқы не істемеулері керек (15–19 аяттар)? [8]

Құдай несімен пұттардан ерекше? Пұттар жасай алмайтын, қандай нәрселерді Құдай жасай алады? [9]

Құдай Өз халқын пұтқа табынушылардан құтқарды. Енді Ол пұтқа табынушылардың жерін Өз халқына берді. Сондықтан, Құдай халқы ол халықтардан үлгі алып, қолдан мүсін жасап, соларға табынып кетпеуі өте маңызды болды.

2 шақыру

Қандай нәрселер бізге пұт болуы мүмкін? Қандай заттарды Құдайдан да маңызды деп санаймыз? [10]

Мына заттар сіз үшін Құдайдан маңызды болуы мүмкін бе:

- отбасыңыз?
- сіздің үйіңіз?
- жұмысыңыз?
- сіздің қаражатыңыз?
- сіздің телефоныңыз?
- сіздің киіміңіз?
- емтихан нәтижесі?
- сіздің беделіңіз?

Неге «табынатынымыз» біздің күнделікті өмірімізде қалай көрінеді? [11]

Құдай — сот пен рақымдылықтың Құдайы

Заңды қайталау 4:21–31 аяттарды оқыңыз. Ол уағыздың ең маңызды бөлімі.

21–24 аяттарда Мұса, күнәсі үшін өзі Құдайдың жазасынан құтыла алмаса, онда халық Құдай жазасынан еш құтыла алмайтынын айтты!

25–30 аяттарда Мұса, халық Құдайға қарсы шығып, Уәделі жерден қуылатынын және кейін өз жеріне қайта оралатыны жайлы алдын ала пайғамбарлық сөз айтты. Кейін Көне келісімде мына оқиға орын алды.

Құдайдың сөзі бойынша Оның халқы қандай күнәлар жасауы мүмкін (25 аят)? [12]

Құдайдың сөзі бойынша, Оның халқы осы күнәлары үшін, қандай жазаға тартылады (26–28 аяттар)? [13]

29–31 аяттарда Құдай қандай уәде берді? [14]

Осы оқиғалар туралы Көне келісімнің тарихи кітаптарынан оқуға болады (Ешуа, Билер, 1–4 Патшалықтыр, Ездра және Нехемия).

Таңқаларлығы сол, Құдай Өз халқының қандай ауыр күнә жасайтындарын білді. Олар қанша күнә жасаса да, тәубе етіп теріс жолдарынан қайтса, Құдай оларды кешіруге дайын болды. Құдай — таңғажайып рақымдылық Құдайы!

Құдай киелі және мінсіз болса да, Өз халқына сондай сенімді әрі мейірімді болып келеді!

Сондай қорқынышты қуғын-сүргін көргеннен кейін де, ираилдіктер Құдайды тыңдамауды жалғастырды. Олар Құдайдың кемелді заңын бұзуды тоқтата алмады.

Бүкіл Көне келісім оқиғаларында біз Құдай халқының үнемі құтқаруға мәжбүрлігін көреміз. Олар басқа елдегі құлдықтан ғана емес, одан да қорқынышты күнәның құлдығынан біреудің құтқаруына мәжбүр еді.

Жаңа келісім


Жаңа келісімде, Құдайдың сондай Құтқарушы жібергенін оқимыз!

Матай 1:20–21 аяттарын оқыңыз: Мәрияның Ұлы Исаның не істейтіні туралы, Құдай Жүсіпке не деді? [15]

Қосымша: Бізді құтқара алатын жалғыз Иса!

Иса Құдайдың Ұлы. Оны білетін себебіміз:

- Ол Киелі Рух арқылы дүниеге келді — Оның тәндік әкесі болмады;
- Ол ешқашан күнә жасамады;
- Ол, көптеген адамдар куә болған, көптеген кереметтер жасады;
- Айқышқа керіліп қайтыс болғаннан кейін, үшінші күні жаңа мәңгілік денеде өлімнен қайта тірілді.



Исаның айқышқа керіліп өлгенін оқығанда, біз Құдайдың соты мен Оның рақымдылығын көреміз. Иса біздің күнәларымызды Өз мойнына алып, Құдайдың қаһарлы сотын қабылдады. Сондықтан, Иса біздің күнәларымыздың құнын өтегендіктен, Құдай бізге рақымдылық жасай алады!

Исаның өлімнен қайта тірілуі бізді күнәдан және шайтанның өзінен құтқарып алатын — жалғыз Сол екенін бізге көрсетеді!

Өлімнен қайта тірілгеннен кейін қырық күн өткен соң, Иса көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына отырды. Ол қазір Өзінің рақымдылығы мен кешірімін ұсынып отыр. Бірақ, уақыт өте аз! Жуықта Ол бүкіл әлемнің Соты ретінде қайта оралады!

Көкке көтерілер алдында, Заңды қайталау кітабының төртінші тарауын қолдана отырып, Иса Өз шәкірттеріне соңғы тапсырма берді. Ол олардың, Өзінің Құдайлық болмысына көз жеткізгендерін қалады!

Заңды қайталау 4:39–40 аяттарын оқыңыз. Көктегі және жердегі барлық билік кімге тиесілі? [16]

Оның халқы не істеуі керек болды (40 аят)? [17]

Олар Оған мойынсұнуы керек еді!

Матай 28:18–20 аяттарды оқыңыз. Көктегі және жердегі барлық билік кімге берілді? [18]

Оның халқы бүгін не істеуі тиіс (19 аят)? [19]

3 шақыру

Біз барлық халықтарды Исаға мойынсұнуды үйретуіміз керек. Көктегі және жердегі барлық билік тек Соған берілген!

Ол — бүкіл әлемнің Соты болып қайта оралады!

Күллі әлем Сотына бағынуды басқаларға қалай үйретесіз?

Соңғы аптада Иса туралы кіммен бөлістіңіз?

Осы сабақта берілген үш шақыру тапсырмасының қайсысын орындау үшін Құдайдан көмек сұрайсыз?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақтың алдында **Заңды қайталау 5:1–15** аяттарын оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – Құдай — сот пен рақымдылықтың Құдайы.
- 2 – Оның халқы үшін мыналарды ойлау оңай болғандықтан, Құдай оларға ерекше назар аударады:
 - Күнә маңызды емес
 - немесе күнәдан кейін кешірім алуға үміт жоқ.
- 3 – **Мойынсұну:** Құдайдың батасын алу үшін, ираилдіктер Оның заңына бағынуы керек.
Исраил халқының ерекшелігі: Құдай басқа құдайлардан ерекше болғандықтан, ираил халқы да басқа халықтардан ерекше болды.
Сот пен рақымдылық: Құдай — сот пен рақымдылық Құдайы.
- 4 – Құдай оларға жақын және олардың дұғаларын естиді (7 аят).
Олар орындай алулары үшін, Құдай Өз халқына тамаша заң берді (8 аят).
Құдай — сөйлейтін Құдай, бірақ халық Оны ешқашан көрген емес (12 аят).
Құдай Өз халқын қорқынышты құлдықтан құтқарды (20 аят).
- 5 – Олар ақылдырақ бола бастады; оларда түсінік пайда болды.
Басқа халықтар оларға және Құдайдың заңдарына таң қалды.
Және басқа халықтар Құдайдың олардың жанында болып, дұғаларына жауап бергенін көрді.
- 6 – Сенбеушілер Исаға тартылып, мәңгі өмірге ие болу мүмкіндігін алады.
- 7 – Сенбеушілер Исаға тартылмайды және мәңгі өмірге ие болу мүмкіндігін ала алмайды.
- 8 – Олар қолдан мүсін жасап, оған табынбаулары керек.
- 9 – Құдайдың пұттардан ерекшелігі, Құдай көреді, сөйлейді, қозғалады, жасайды, құтқарады, Өз адамдарын өзгертеді және дұғаларына жауап береді!
- 10 – Мысалдар: біздің балаларымыз, маңызды және атақты адамдар, футбол командасы, қайтыс болған адамдар, телефондар, үйіміз, біздің беделіміз (соның ішінде әлеуметтік желіде қанша адам лайк басты).
- 11 – Біз өзіміз табынатын заттар туралы үнемі ойлаймыз; Ол туралы үнемі айтып отырамыз; Оны мақтаймыз; Онымен көп уақыт өткізгіміз келеді және соны істей алмасақ ашуланамыз.
- 12 – Олар бұзылып, пұттар жасап және зұлымдық істей бастайды.

- 13 – Олар жерден жойылады, түп тамырымен құриды, халықтар арасына бытырап кетеді, өздеріне көмектесе алмайтын, қолдан жасалған мүсіндерге табынады.
- 14 – Егер олар Құдайды бар жүрегімен және бар жанымен іздесе, онда Оны табады. Құдай оларды құртпайды және тастамайды. Ол Ыбырайыммен, Ысқақпен және Жақыппен жасаған киелі келісімін ұмытпайды (Жаратылыстың басталуы кітабы).
- 15 – Ол халықты күнәларынан құтқарады.
- 16 – Тәңірге (*Яхвеге*).
- 17 – Олар Оның жарғылары мен шарттарын орындауы керек.
- 18 – Исаға.
- 19 – Исаның бізге тапсырған өсиеттерін, барлық халықтарға үйретуіміз керек.

Заңды қайталау 6 сабақ:

Он өсиет (1 бөлім)



Біз осы сабақта Құдайды қалай сүйу керек сол туралы ойланамыз.

Біз не үшін мойынсұнамыз?

Заңды қайталау 5:1–15 аяттарды оқыңыз.

Исраил халқы перғауынның билігі астында қауқарсыз құл боп жүрді. Олар өздерін құтқаруға мүлде жарамайтын. Құтқаруды иемденетіндей олар ештеңе де істемеді. Бірақ Құдай оларды құтқарып, иемденетін меншікті жер беруге шешім шығарды!

Енді олар Құдайдың еркіне мойынсұнулары тиіс, өйткені Ол оларды құтқарып алды және енді олар — Оның меншікті халқы болды. Ол — олардың жаңа Иесі және Патшасы!

Халыққа Өзінің он өсиетін берер алдында, Құдай не деді (6 аят)? [1]

Ол неге солай деді? [2]

Құдай — олардың жаңа Иесі және Патшасы!

Жаңа келісім

Исраилдіктер сияқты біз де құтқарылуымыз үшін ештеңе істемедік. Біз шайтанның билігі астындағы қауқарсыз күнәкарлар болдық. Біз өзімізді құтқаруға еш жарамсыз едік. Бірақ Иса бізді құтқарып, мәңгілік өмір сыйлауға шешім шығарды! Енді бізде де жаңа Иеміз және Патшамыз бар!

Біздің жағдайымыз бен исраил халқы жағдайы арасында қандай ұқсастық бар? [3]

Матай 22:37–40 аяттарды оқыңыз.

Біздің жаңа Иеміз, Иса біз сақтап жүруге міндетті, қандай маңызды екі заң айтты? [4]

Жақсы жаңалықтың мағынасы мынада, біз Оның өсиеттерін орындай алуымыз үшін, Иса бізге Киелі Рух берді!

Біз қазір Құдай Мұсаға берген он өсиетті оқимыз. Біз содан, Құдайды және сол сияқты жақынықты қалай сүюді көреміз. Сондықтан барлық сенушілер бүгінгі таңда, сол өсиеттерді бұрыңғыдай сақтап жүруге міндетті.

Алғашқы 4 өсиет

Алғашқы 4 өсиет қалай Құдайды сүюді үйретеді.

Бірінші өсиетте не делінген (Заңды қайталау 5:7)? [5]

Біздің толық берілуімізге, тек Құдай ғана лайық.

Егер біз үшін Құдайдан маңыздырақ бірдеме болса, онда ол біздің құдайымыз болады.

Осы заңды біз қалай орындай алмаймыз?

1 шақыру

Құдайға қарағанда сіздің телефоныңыз қаншалықты маңызды тексеріңіз: Дұға кезінде немесе қауым жиналысында отырғанда, қоңырауға жауап бересіз бе, жаңа келген хабарламаларды оқисыз ба? Егер жауабыңыз «иә» болса, онда сіз үшін сіздің телефоныңыз Құдайдан гөрі маңыздырақ екенін көрсетеді. Сіз телефоныңызға, Құдаймен қарым-қатынас жасауға кедергі келтіртпеңіз! Телефоныңызды дыбыссыз режимге қойыңыз! Ол тек сізге ғана емес, сондай-ақ жиналыста отырған басқаларға да кедергі келтіреді!

Біз басқа құдайларға табынбаймыз. Басқа құдайлардың бәрі — жалған құдайлар.

Жалған құдайлар

- Бір өтірік құдай — **біз білмейтін құдай**. Жақсы әке өз балаларымен қалай уақыт өткізгісі келсе, сол сияқты біздің Құдай бізбен бірге болғысы келеді. Біз Оны тануымыз үшін, Ол бізге Киелі жазбалар мен Киелі Рух арқылы әрекет етеді.
- Басқа жалған құдай — **ол бізге бірдеме істеу үшін, оған төлеу керек деп ойлаймыз**. Кейбір адамдар, Құдай үшін бірдеме істесе, онда Ол да олар үшін бір нәрсе істеуі керек деп ойлайды. Киелі кітап, жақсы әке өз балаларын қалай сүйсе, сол сияқты Құдай да бізді шексіз сүйеді деп үйретеді. Біз Оның сүйіспеншілігін сатып ала алмаймыз, біз тек Оның сүйіспеншілігіне сиыну мен мойынсұну арқылы ғана жауап бере аламыз.

Кейбір адамдар, Құдай орнына бірдеме беру үшін, қауымға ақшамен құрбандық береді: Олар Оның дұғаларына жауап беруін немесе салған ақшасын артығымен қайтарып бергенін қалайды.

Егер біз Оның жарылқау батасын сатып алуға тырысып жүрсек, Оның біз үшін істегендердің бәрін, әлі де түсіне алмағанымыз. Ол біздің шын Құдайға емес, жалған құдайға табынып жүргенімізді көрсетеді.

Егер біз шын Құдайға табынсақ, онда біз Оған жомарттықпен бере аламыз. Ол нәрсе біз Құдайды шын сүйетінімізді көрсетеді, өйткені Ол ең құнды сыйлық, Иса Мәсіхпен бірге мәңгі өмір сүретін мүмкіндік берді!

Сондықтан біз, жалған тәңірге емес, шын Құдайға сиына алуымыз үшін қолдан келгеннің бәрін істейміз!



Екінші өсиет қандай (Заңды қайталау 5:8–10)? [6]

- Көптеген жерлерде Құдайдың немесе басқа құдайлардың қолдан салған суреттері бар. Біз Құдайды көрінетін затқа айналдырмаймыз. Пұт, Құдайдың болмысын көрсете алмайды, егер біз Оны бейнеде көрсетуге тырыссақ, онда біз Оны қорлаймыз. Ол дұрыс емес.

Қолдан жасалған заттарға табынудың қандай мәселесі бар? [7]

- Біз әлемде, Құдайдың бейнесін тағы қайдан көре аламыз (**Жар. Баст. 1:26**)? [8]

Біз, тіпті ол президент, әнші, қажы, молда, ата-баба немесе аруақ болса да адамдарға табына алмаймыз.

2 шақыру

Сізде пұт бар ма? Біз бойтұмар немесе көзтимес моншақ тағып жүрміз бе? Ол заттар бізге пұт сияқты. Тек Құдай ғана бізді қорғай алады. Құдайды қорламаңыз!

Екінші өсиетті біз қалай бұзуымыз мүмкін? [9]

Қосымша: балаларға тиер салдары

Заңды қайталау 5:9–10 аяттарды оқыңыз. Құдай 3–4 ұрпаққа дейін жазалайтынына біз таң қалуымыз мүмкін. Бүгін әлемнің көптеген елдерінде, дәл осы ұрпақтар жиі бірге тұрып жатыр. Егер балалар ата-аналарының күнәларына ортақтаспаса, оларды Құдай жазаламайды. Бірақ, көбінесе олар ата-аналарының күнәларына ортақтасып жүреді! Дегенмен, балалардың ұяда не көрсе, ұшқанда соны істеп жүретіндері де жоқ емес!



Біздің күнәларымыз, тек бізге ғана емес, сонымен бірге балаларымыз бен немерлерімізге де зияндарын тигізеді. Сіз осы мысалмен бөлісе аласыз ба?

Дегенмен, осыған қарама-қайшы, Құдайдың мейірімі қанша ұрпаққа созылады? [10]

Менің батам мыңыншы ұрпаққа дейін созылады дегені, Құдайдың батасы мәңгілік деп қабылдаса да болады!

Үшінші өсиет неден тұрады (Заңды қайталау 5:11)? [11]

Мұса Құдайдың атын сұрағанда, Құдай не деп жауап берді (Мыс. шығу 3:13–14)? [12]

Еврей тілінде Құдайдың аты «*Яхве*» деп дыбысталады. Ол қазақ тілінде Көне келісім бойынша «Жаратқан Ие».

Мұса Құдайдың атын есту құрметіне ие болды. Адамның есімі мен мінезі өте маңызды. Біреудің атын немесе мінезін айтып, сыртынан жамандау өте дұрыс емес.

Құдайдың аты өте құнды! Құдайдың атын өте сирек қолдану үшін, ираил халқы оны барынша құпия ұстап келді.

Біз осы заңды әр түрлі жағдайларда бұзуымыз мүмкін:

- Қанахандықтар өздері жек көретін адамдарын, өз құдайларының аттарымен қарғап немесе сиқырлық жасап жүрді. Құдай ираил халқына Өзінің Аты ешқашан солай пайдаланбауы керектігін айтты. Сондай әрекеттердің бәріне тыйым салынды (Заңды қайталау 18:9–13).
- Құдайдың атын асыра қолданудың тағы бір әдісі, ол біздің сөздеріміз бен әрекеттеріміз. **Елші Пауыл былай жазады:** «*Таурат заңымыз бар деп мақтанғанмен сол заңды бұзып, Құдайды қорлайсың! Сол сияқты Пайғамбарлар жазбаларында мына тәрізді сөздер айтылған: Басқа ұлттардың арасында сендерге бола Құдайдың аты қорланады*» (Рим. 2:23–24). Егер біз өзімізді Құдай халқымыз десек, онда біз оны ісімізбен, сондай-ақ Құдайға және басқаларға деген сүйіспеншілігімізбен көрсетуіміз тиіс. Біздің әрекеттеріміз сөзімізге сәйкес болуы керек.
- Жұмыстары жақсы жүрмей жатқанда, адамдар Құдайдың атын қалай асыра қолданады? [13]

Бірақ, әдетте бәрі жақсы боп жатқанда, адамдар Құдайды мадақтамайды!

Не үшін Құдайдың атын орынсыз ауызға алмаймыз? [14]

Қосымша: анттар

Көне келісім заманында адамдар сотта, шындық айтқанның дәлелі ретінде өз құдайларының атымен ант берген. Қанахандықтар да өз құдайларының атымен ант беретін, бірақ сөйте тұра жиі өтірік айтатын.

Жаратқан Ие Өз халқына Өз атынан ғана ант беруді және тек шындықты айтуды тапсырды (Заңды қайталау 6:13 және 5:20).

Ал Жаңа келісімде Иса бізге мүлде ант бермеуді үйретті. *«Қайта, сендердің «иә» дегендерің шынымен «иә», «жоқ» дегендерің шынымен «жоқ» болсын! Бұған қоса айтқандарыңның бәрі жамандықтарыңнан келеді»* (Матай 5:37).

Ол күнделікті өмірде ант қолдану туралы айтты. Басқа адамдарға байланысты, біз «иә істеймін» немесе «жоқ істемеймін» деп айтуымыз керек.

Кейбір кезде, мәселен сотта немесе әскер қатарына шақырылғанда, ант беруге тура келетін жағдай болар, бірақ сіздің қызметке немесе шындыққа байланысты берген антыңызды бәрі білуі тиіс. Өз еліңізге немесе өкіметке адалдығыңыз туралы берген антыңыз күнә боп саналмайды. Елші Пауыл жазғандай: *«Әрқайсың мемлекеттік билігі барларға мойынсұныңдар! Себебі мемлекеттік биліктің бәрі негізінде Құдайдан; қазіргі билікті де Құдай орнатқан»* (Рим 13:1).

Төртінші өсиет неден тұрады (Заңды қайталау 5:12–15)? [15]

Адамдарға нені естеріңе сақтаңдар деді 15 аят? [16]

Құлдар үнемі жұмыс істеулері керек. Бірақ Құдай Өз халқын құлдықтан құтқарып алды, енді олар ешкімнің құлы емес! Сондықтан олар өздерін бір күн де демалысы жоқ, құлдар сияқты ұстамаулары керек! Олар аптаның бір күні өз бостандықтарын тойлап, күні бойы жұмыс істемейді.

Егер біз демалыс алсақ, онда ол біздің өз күшімізге емес, Құдайға сенім артқанымызды көрсетеді. Ал егер дем алмай жеті күн жұмыс істесек, ол Құдайға сенбегендікті көрсетеді. Ол нәрсе, қажеттіліктерімізді қанағаттандыру үшін, өз күшімізге сенгенімізді көрсетеді. Біз Құдайға сенім артуды үйренуіміз керек!

Осы күнді пайдалану үшін, көптеген әдістер бар. Сенушілермен кездесу, отбасымен демалу және қауымға баратын жақсы уақыт.

Қауым жетекшілері де аптасына бір рет дем алулары керек. Олар жексенбі күні көп жұмыс істейтін болғандықтан, аптаның басқа күні демалса болады. Ол күні өте бір шұғыл жағдай болмаса, өздерін ешкім мазаламауларын, олар алдын ала ескерткені дұрыс. Олар солай өздерін артық шаршау немесе депрессиядан қорғай алады. Егер олар аптасына бір рет демалып отырса, өте тиімді қызмет жасай алады!

Біздің Құдаймен және адамдармен қарым-қатынасымыз жұмыстан маңызды!

Егер біз демалыс күнді есімізде ұстап, оны ұстанып жүрсек, ол бізге Құдайды сүйіп жүруге қалай көмектеседі? [17]

3 шақыру

Жұмыста аптасына бір рет демалыс алып тұрасыз ба? Егер иә десеңіз, онда оны Құдаймен қарым-қатынасқа арнайсыз ба?

Қалай ойлайсыз, осы төрт өсиеттің қайсысы сенушілерге орындап жүру қиын тиеді?

Осы төрт шақырудың қайсысы үшін, сіз Құдайдан көмек сұрауға мәжбүрсіз?

Құдай сізге не үшін тәубе ету керектігін көрсетті ме?

«Егер «күнәсізбіз» десек, онда өзімізді алдап, бізде шындықтың болмағаны. Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады» (1 Жохан 1:8–9)!

«Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен сүй» (Заңды қайталау 6:5)!
Осыны орындай алуларыңыз үшін, бір-біріңізге дұға етіңіздер!

Үй тапсырмасы

Келесі сабақтың алдында **Заңды қайталау 5:16–21** аяттарды оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – *«Мен сені құлдықта жүрген Мысыр елінен алып шыққан Құдайың — Жаратқан Иемін».*
- 2 – Өйткені Ол оларды құтқарды, енді олар Оның халқы.
- 3 – Исраилдіктер сияқты біз де құтқарылуымыз үшін ештеңе істемедік. Біз шайтанның билігі астындағы қауқарсыз күнәкарлар болдық. Біз өзімізді құтқаруға еш жарамсыз едік. Бірақ Иса бізді құтқарып, мәңгілік өмір сыйлауға шешім шығарды! Енді бізде жаңа Иеміз және Патшамыз бар!
- 4 – *«Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!»*
«Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!»
- 5 – *Сенде Менен басқа табынатын құдайларың болмасын.*
- 6 – Өзіңе ешқандай пұт жасама және оған табынба.
- 7 – Ешқандай мүсін немесе сурет Құдайдың бейнесін көрсете алмайды, егер Оны физикалық денеде деп ойласақ, Оны қорлаймыз.
- 8 – Барлық адамдар — Құдайға ұқсас!
- 9 – Егер біз қолдан жасалған заттарға, адамдарға (тірі, өлі) сиынсақ, бізді сақтап жүреді деп бойтұмар тағып жүрсек, екінші өсиетті бұзамыз.
- 10 – Мыңыншы ұрпаққа дейін!
- 11 – *Өзіңнің Тәңірің, Құдайдың атын босқа атай берме.*
- 12 – *Мен Жаратқан Иемін.*
- 13 – Олар бір нәрсе дұрыс болмай кетсе, Құдайды кінәлай бастайды («ой, Құдайым-ай!» — деп)
- 14 – Қарғыс немесе сиқырлық үшін біз ешқашан Құдайдың атын атамаймыз;
Біз күнә жасап Құдайдың беделін түсірмейміз;
Біз Құдайдың атын жаман сөз ретінде қолданбаймыз.
- 15 – Жексенбі күнді сақтап жүр оған киелі күн деп қара.
- 16 – Оларға өздерінді құлдықтан Құдай құтқарғанын ұмытпа деп айтылған.
- 17 – Біз сенушілермен және Құдаймен бірге уақыт өткізе аламыз.

Заңды қайталау 7 сабақ:

Он өсиет (2 бөлім)



Осы сабақты ер адамдар мен әйелдер бөлек топта оқулары керек.

Өткен сабақта бізге Құдайды сүйуге үйрететін алғашқы 4 заңды қарастырдық. Біз осы сабақта қалған 6 заңды қарастырамыз. Олар бір-бірімізді сүйуге үйретеді.

Егер біз Құдайды сүйе алмасақ (алғашқы 4 өсиет), онда біз бір-бірімізді сүйе алмаймыз (қалған 6 өсиет).

Заңды қайталау 5:16–21 аяттарды оқыңыз.

Маңыздылық тәртібі

Он өсиеттің орналасу тәртібі, бізге Құдай үшін ең маңызды нәрсе не екенін көрсетеді:

- Ең алдымен Құдайды толғандыратын нәрсе, біздің Онымен қарым-қатынасымыз.
- Содан кейінгі маңызды нәрсе, біздің бір-бірімізбен қарым-қатынасымыз.
- Тек содан кейін ғана біз үшін біздің дүние мүлкіміз маңызды болуы тиіс.



Бірақ, өкінішке орай біз осы тәртіпті керісінше орналастырып аламыз:

- Біз үшін дүние мүлік бәрінен маңызды болады.
- Содан кейін бір-бірімізбен қатынасты ойлаймыз.
- Ал, Құдаймен қарым-қатынасымыз жайлы мүлде ойлай алмай қаламыз!

Егер Құдай бағалаған құндылықты біз де бағалай алсақ, онда бізде татулық пен қуаныш болады. Ал егер, Құдайдың құндылығын, басын аяғына төңкеріп теріс қойсақ, онда біз шынайы татулық пен қуанышты ешқашан сезбей өтеміз.

Біз үшін өте маңызды, Құдайдың орнатқан тәртібі қандай? [1]

Заңды қайталау 5:16 аятты оқыңыз. Бесінші өсиетте не делінген? [2]

Балалар өз ата-анасын тыңдау керек (Ефестіктер 6:1). Есейген балалар, ата-анасын сыйлап (Заңды қайталау 5:16), қажет болғанда оларға қамқор болу керек (1 Тимоте 5:8).

Ата-аналар балаларын, әкесін де, анасын да тыңдауға тәрбиелеу керек. Ұл да, қыз да өз әке-шешесін тыңдауы тиіс. Балаларды тілі шықпай тұрып, өте ерте жастан үйреткен дұрыс!

Жақсы ата-аналар отбасында бәрі де жақсы болғанын қалайды. Жақсы ата-ана болулары үшін олар бір-бірін сыйлап, сүйіп және құрметтегені өте маңызды. Өйткені балалар өз ата-анасынан көргенін істейді. Егер әкесі анасына айғайлап сөйлесе, балалар да солай сөйлеп үйренеді. Ал егер анасы әкесіне үнемі сын айтқанды ұнатса, балалары да солай мін тағып сынағанды жақсы көреді.

Мінсіз ата-ана болмайды. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар өз баласы дұрыс емес нәрсе істегенін қалайды. Елшілердің істері 4:19 аятта осы туралы не делінген? [3]

Талқылау

Сонымен, ересек сенуші балалар өз ата-анасына қалай қарау керек?

1. Ақшаға байланысты:

- Егер ата-аналар ақша көп табу үшін, аптасына жеті күн жұмыс істеуді талап етсе не істеу керек?
- Егер олар өздерін асырау үшін, біз шет елге барып көп ақша тапқанымызды қаласа не істеу керек?
- Біз үшін маңызды емес заттарды алу үшін, ақша алғысы келсе не істеу керек?

Біз өз қалауларымыз туралы, олармен ашық сөйлесе аламыз: біз оларды сүйеміз, бірақ олардың бала-шағамызды көрмей, бірнеше жыл жұмыс істе деген талаптары бізді ренжітеді.

Олардың ақшаны қайдан табуға болатыны туралы қандай ұсыныстары бар?

Мынадай мысалдар айтуы мүмкін:

- Біреулер әкелген тауарларды сату үшін, олар шағын дүкен тұрғыза ала ма?
- Олар басқа адамдарды тәжірибеге немесе бір мамандыққа үйретуді ұсына ала ма?
- Жұмыста жүрген басқа адамдардың баларын қарай ала ма?
- Сіз басқа тағы не ұсына аласыз?

2. Отбасыдағы зорлық-зомбылыққа байланысты:

- Егер отбасыда біреу басқасына жамандық жасаса не істеуге болады?

Жақсы үй — отбасының әр мүшесі үшін қауіпсіз жер. Қандай да бір қиындықтан өзінді немесе басқаны қорғаудың еш ұяттығы жоқ.

Егер бір қауым мүшесі өз үйінде қиын жағдайға душар болса, онда қауым сол адамға қауіпсіз орын беру туралы талқылауы керек.

Заңды қайталау 5:17 аятты оқыңыз. Алтыншы өсиет неден тұрады? [4]

Мүмкін сіз осы өсиетті ешқашан бұзбадым деп ойларсыз. Бірақ...

Матай 5:21–22 аяттарды оқыңыз. Онда басқа адамға ашуланғанда не болады делінген? [5]

1 шақыру

Ашуыңызды тудырып жүрген біреу бар ма? Жүрегіңізді байлап тұрған ашу бұғаудан құтылу үшін, Құдайдан сол адамды кешіруге көмектесуін сұраңыз!

Жасанды түсік тастау — ол да адам өлтіру деп ойлау өте маңызды. Тіпті соның дәлелді себептері болса да. Мысалы, бала зорлықтың нәтижесінде бітті немесе денсаулықтың ауытқуына байланысты болса да, түсік тастау бәрібір күнә боп саналады.

Балалар — ол Құдайдың сыйы. Құдай Өзі берген баласына қамқор болу үшін, Ол бәрін де істейтініне сенуіміз керек.

Егер біз (немесе жұбайым) жасанды түсік тастатса, біз мына үш нәрсені білгеніміз жөн:

- Құдай бізді сонда да сүйеді және кешіруге дайын.
- Құдай біздің сәбиімізді сүйеді және сол баламыз бізді көкте күтеді.
- Құдай бізді өткен қателігіміз бен күнәларымыздың айыптауынан құтқарғысы келеді.

Өз сәбиіңіздің өмірін қиғаныңыз үшін, қайғырып, кінәлі сезіммен өмір сүрмеңіз.

Осы жерде тоқтай тұрып, өзіміз үшін кешірім сұрап дұға етейік:

- Егер біреуге ренжіп жүрсек
- Жасанды түсік тастасақ.

Біз өзімізге керемет сүйіспеншілік ашылуын және Құдайдың рақымдылығы туралы дұға етейік!



Заңды қайталау 5:18 аятты оқыңыз. Жетінші өсиетте не делінген? [6]

Бір еркек пен бір әйелдің некеден тыс барлық қатынасы дұрыс емес.

Жас жұбайлар некеге тұрғанға дейін, қолдарын тигізіп немесе сүйісулеріне де болмайды. Елші Пауыл былай дейді: *«Араларыңда неке адалдығын бұзу, әр қилы азғындық пен ашкөздіктің тіпті аттары да аталмасын. Құдайға бағышталған адамдарға бұлардан аулақ жүру лайық»* (Ефес. 5:3).

Жас жігіт күйеу болып үйрену үшін, жезөкшеге баруына болмайды. Күйеудің басты қасиеті — өз әйеліне адал болу. Сонымен, есейгенде күйеу болуды үйрену үшін, жезөкшеге бару, ол жақсы күйеу

болмаудың сабағы боп шығады. Ол керісінше алғашқы неке түні жұбайына ең қымбат сыйлық: өз тазалығын бере алмау боп саналады. Ол мүмкін өз әйелін жезөкшемен салыстыратын да шығар. Ол тіпті емі жоқ жаман ауру да жұқтырып алуы мүмкін.

Әйелдері қатынасқа түсе алмайтын жағдайда болса да, ерлеріне жезөкшеге баруға болмайды. Мысалы, жаңа босанған кезде, етек кірі келіп жүрсе, денсаулығына байланысты, әйелі немесе күйеуі басқа жақта жұмыс істеп жүрсе. Өзін ұстап адал жүру, біздің өмірімізде Киелі Рухтың бар екенін көрсетеді (Ғал. 5:22–23). Күйеуі мен әйелі бір-бірінен тым ұзақ бөлек жүргендері жақсы емес (1 Қор. 7:5). Осыған байланысты көптеген отбасылар ажырасып жатады. Бақытты некелік өмір, күйеуі мен әйелінің неке адалдығының үстіне құрылады. Елші Пауыл былай жазған: *«Денелеріңнің Мәсіхтің рухани денесінің мүшелері екенін білмейсіңдер ме? Мәсіхтің бір мүшесін қайсыбір жезөкшенің дене мүшесі етіп қоюға бола ма? Жоқ, мүлдем болмайды! Әлде жезөкшемен жақындасқан кісінің онымен біртұтас болатынын білмейсіңдер ме? Себебі Тауратта «Екеуі біртұтас болады» делінген ғой»* (1 Қор. 6:15–16).

Жезөкшеге барғанның қандай мәселесі бар? [7]

Құдай біздің әрекетімізге ғана емес, ой ниеттерімізге де қарайды.

Матай 5:27–30 аяттарды оқыңыз. Осы аяттар, біздің ойлармыз туралы не дейді? [8]

2 шақыру

Сіз қандай фильм немесе бейне жазбалар көресіз?

Эротикалық фильмдер көру мәселесі мынада:

- Олар біздің ақыл санамызды улайды.
- Сол бейнелер санамызда мәңгі қалып кетуі мүмкін.
- Жаман әрекеттерге баруға итермелейді.
- Неке қатынасында жұбайыңмен қанағат ала алмай, неке қарым-қатынасты бұзады.
- Некеге дейін сондай кино көру, болашақ некені бүлдіреді.
- Ондай кинолар мастурбация жасауға итермелейді, ол адам өзін өзі қандыру жолын іздеді деген сөз. Секс — тек жұбайлар ғана ләззат алатын сый. Киелі кітап, өздеріңді бақылауда ұста деп үйретеді, «Бірақ еркіндікті күнәлі құмарлықтарыңды қанағаттандыру үшін теріс пайдаланбаңдар» (Ғалат. 5:13).



Сізге фильмдердің кейбір түрін көруден бас тарту керек пе?



Дәл қазір тоқтай тұрып, Құдайдан ешқашан кешірім сұрамаған, барлық жыныстық күнәларымыз үшін кешірім сұрап дұға етейік.

Біздің санамызға теріс ойлар салатын нәрселерді көргеніміз үшін, Құдайдан кешірім сұрап дұға етейік. Құдайдан санаңыз бен жүрегіңізді тазалау үшін өтініңіз.

Біз бәріміз, өзімізге керемет махаббат ашылуы және Құдайдың кешіргенін өтініп дұға етейік!

Киелі Рухтың күшімен, біз бәріміз сондай дүниелерді көруден және істеуден бас тарту үшін дұға етейік.

Заңды қайталау 5:19 аятты оқыңыз. Сегізінші өсиетте не делінген? [9]

Осы заңды орындамаған кезде не болады?

Егер тапсырылған жұмысты дұрыс атқармай, толық еңбек ақы алатын болсақ, ол ұрлықпен тең болады. Сізге жұмыс беруші, қандай да бір жұмыс атқарғаныңыз үшін төлейді, ал сіз сол жұмысты ешкім қарап тұрмаса да дұрыс істеуіңіз керек (Ефес. 6:5–8 аяттарды қараңыз).

Егер біз біреуден немесе қауымнан қандай да зат (мысалы, ыдыс, орамал, кітап, ойыншық) алсақ, біреу ол заттарды сыйлық демесе, біз оларды міндетті түрде қайтарамыз. Егер олай істемесек, сол заттарды ұрлаған боп шығамыз.

Егер қарыз алсақ, оны қайтаруымыз керек. Егер қайтара алмасақ, қарыз берген адаммен сөйлесу керек. Қарызды қайтару жолдары туралы сөйлесу керек. Көбінесе адамдар қауым мүшесінің біріне қарыз берсе, алған қарызын қайтара алмағандықтан, қарыз алушы қауымға келмей кетеді.

Қазір тоқтай тұрып, мыналар үшін кешірім сұрап дұға етейік:

- Егер біз жұмыс берушіні алдап жүрсек,
- Зат ұрласақ,
- Немесе алған қарызымызды қайтармасақ.



Осыны Құдай біз жақын арада істей алуымызға көмектессін деп дұға етейік.

Қарызға байланысты барлық бұзылған қатынасымызды қалпына келтіру үшін дұға етейік.

Және біз бәріміз өзімізге керемет сүйіспеншілік ашып, Құдайдың кешірім беруі үшін дұға етейік!

Заңды қайталау 5:20 аятты оқыңыз. Тоғызыншы өсиет неден тұрады? [10]

Біз басқалар туралы жаман айтсақ, олардың өмірлерін бұзамыз. Дәл сол сияқты басқаларды өсектеп жүрсек, олардың өмірлерін бұзамыз. Сондай-ақ, адамдар өздері жайлы жаман сөздер айтылып жүргенін білсе, қауымға баруларын тоқтатады.



Осы жерде бір минут тоқтай тұрып, басқалар туралы жаман айтқан сөздеріміз үшін кешірім сұрап дұға етейік.

Өсектерге байланысты қауымға келмей кеткен адамдар үшін дұға етейік.

Киелі Рух біздің өзгеруімізге көмектессін деп дұға етейік.

Және біз бәріміз өзімізге керемет сүйіспеншілік ашып, Құдайдың кешірім беруі үшін дұға етейік!

Заңды қайталау 5:21 аятты оқық. Оныншы өсиет неден тұрады? [11]

«Сұқтану» деген сөз нені білдіреді? [12]

Евр. 13:5 аятта ақшаға байланысты біздің әрекеттеріміз туралы не дейді? [13]

Біз барымызға қанағат тұтамыз:

- Жаратқан Иенің бізге бергеніне ризамыз,
- Өзімізде жоқ нәрсеге ренжімейміз
- Бізде жоқ нәрсе басқа да болса, қызғанбаймыз.

Адамда бәрі жеткілікті болса? [14]

Көп адамдар, жұмыс басты болғандықтан, өз балаларын өте сирек көреді.

Кейбіреулер жұмыс бабымен шет ел асып кетеді де, отбасын жылдап көрмей жүреді. Егер ақша табу мақсатымен, сіз шет елде жұмыс жасап жүрсеңіз, отбасыңызбен ұзақ уақыт бірге болмаған күндеріңізге Құдайдан даналық сұрап дұға етіңіз.

Тағы бір зат сатып алуға ақша тапқысы келу үнемі оңай. Бірақ балалар үшін ең құнды дүние, ата-анасымен үнемі бірге болу. Олар өздеріне сүйіспеншілік көрсетіп және Құдаймен бірге жүруді үйретіп отыратын ата-анаға мұқтаж.



Қандай нәрсе қалайтыныңызды көрсетуді Жаратқан Иеден сұраңыз.

Одан сол заттарды алуды қалау мен сіздің шығарған шешіміңізге қалай ықпал ететінін көрсетуді сұраңыз. Сіздің сол затты алуды қалағаныңыз үшін кім зардап шегуі мүмкін?

Осыған байланысты Құдай сізге не дегісі келеді?

Кешірім қалай аламыз?

1 Жохан 1:8–9 аяттарды оқыңыз.

Егер біз күнә жасамадық десек, 8 аят не дейді? [15]

9 аятта біздің кешірім алуымыз туралы не жазылған? [16]

Әрине күнәні мойындау Құдай екеуіңіздің араңызда ғана болуы мүмкін. Бірақ, соны сіз сенім арта алатын басқа адамға айтсаңыз, сіздің өміріңізге билігін жүргізіп жүрген күнәларды бірден сындырып кетуге болады.

Сіздің тобыңыз, күнәларды мойындауға арналған жақсы жер. Бірақ сақ болыңыз, топта айтылған нәрселерді басқа біреуге айтып жүрмеңіз. Біз басқа адамдар сенім арта алатын адам болуға үйренуіміз керек!

Талқылау

Сіздің қауым адамдарына осы өсиеттердің қайсысын орындап жүру қиын?

Осы өсиеттерді орындау үшін қайсысы сізге көбірек ауыр тиіп жүр?

Оның еркіне сай өмір сүруге үйретіп жүрген, Киелі Рух берген Құдайға алғыс!

Біз бүгін Құдай Киелі Рухқа қайтадан толтыру үшін, бір біріңізге дұға етіңіздер!

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастар алдында **Заңды қайталау 6 тарауды** оқып шығыңыз.

Жауаптар

- 1 – Құдай біздің Өзімен қарым-қатынасымызға көбірек көңіл бөледі. Содан кейінгі маңызды нәрсе біздің өзара қарым-қатынасымыз. Тек содан кейін ғана біз үшін дүние мүлік маңызды болуы тиіс.
- 2 – Әкең мен шешенді құрметте.
- 3 – Сіз адамға емес, Құдайға бағынуыңыз керек.
- 4 – Кісі өлтірме.
- 5 – Біз біреуге ашулансақ, оны өлтіргендей жаман нәрсе жасағанымыз.
- 6 – Неке адалдығын бұзба.
- 7 – Жезөкшеге бару некеңізді, санаңызды және денсаулығыңызды құртады.
- 8 – Егер жаман ниетпен жүрсек, онда ол жаман істер жасап жүргенмен бірдей болады.
- 9 – Ұрлама.
- 10 – Жалған куәлік келтірме.
- 11 – Ештеңе қалама!
- 12 – Ол біз шынымен бірдемені өте қалағанымызды білдіреді.
- 13 – Ақшаға құмарлықтан айрылыңыз, барға риза болыңыз.
- 14 – Ешқашан! Көптеген аламдар көп мүлік алғысы келеді!
- 15 – Біз өз өзімізді алдаймыз.
- 16 – Біз Құдай алдында өз күнәмізды ашық мойындауымыз керек.

Заңды қайталау 8 сабақ:

Жаратқан Иені, өз Құдайыңды сүй



Біз осы сабақта Құдайға деген сүйіспеншілігіміз, өмірімізде қалай көрініп жүргенін қарастырамыз.

Заңды қайталау 6 тарауды оқыңыз.

Жалғыз Құдай

Құдай туралы 4 аятта не делінген? [1]

Көне иврит тіліндегі түп нұсқада: «Құдайымыз Жаратқан Ие — жалғыз Құдай» делінген.

Еврей тіліндегі «эхад» — жалғыз немесе біртұтас деген мағына береді. Ол бірлікті білдіреді. Біз «эхад» сөзін төмендегі жағдайларда оқимыз:

- Құдай киелі шатыр құруға нұсқау бергенде: *«Алтыннан елу ілмек шығыршық жасатып, солармен жапқыштың екі жартысын біріктірт. Осылайша киелі шатыр **біртұтас** жапқышпен жабылатын болады»* (Мыс. шығу 26:6).
- Израилдің екі халқын бір халық етіп қосады, құдыретті Құдай Езекиелге былай деді: *«Біліп қойыңдар, Мен Ефрем руының және онымен одақтасқан Израилдің өзге руларының қолдарындағы Жүсіптің тақтайшасын аламын да, оны Яһуданың тақтайшасымен қосып, **біртұтас** етпекпін. Сонда олар қолымдағы біртұтас тақтайша іспетті болады»* (Езекиел 37:19).

Кейбіреулер Мәсіхке сенетіндер үш құдайға сенеді дейді. Біздің Құдай — тек бір Құдай. Яхве — жеке дара және тірі Құдай. Ол жалғыз Құдай және Ол «бір». Құдай Өз халқы басқа құдайларға табынғанын қаламайды. Әйелдердің бір күйеуі ғана болатындай, біздің де Құдайымыз біреу. Басқа бірдемеге табыну, қорқынышты сенімсіздік. Сондықтан Заңды қайталау кітабының алтыншы тарауында былай жазылған: «Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниенмен, бар күш-қуатыңмен сүй!» (5 аят).

Біз неге тек бір Құдайға ғана сиынамыз? [2]

Біздің бір Құдайымыз — үш Тұлғадан тұрады.

Үшбірліктің куәлігі Көне келісімдегідей, Жаңа келісімде де бар. Мысалы:

- **Жаратылыстың басталуы 1:26:** Құдай «Мен» деп емес «Біз» деп айтып тұр. Бұл аяттан байқағанымыз, біздің жалғыз Құдайымыз, біреуден көп болып көрініп тұр.
- **Жаратылыстың басталуы 18:22:** Құдай көкте де, жерде де! Әрине, Құдай Әке бұрынғыдай көкте. Және Құдай жерде Ыбырайым екеуі адам мен адам секілді сөйлесіп тұр. Қалай сонда? Құдайдың біреу екенін, бірақ Ол үш Тұлғада тұрғанын ұққанда ғана ол түсінікті болады. Дәл сол Үшбірліктің екінші Тұлғасы, Құдайдың Періштесі боп сөйледі: «Жаратқан Ие: «Өзімнің не істейтінімді Ыбырайымнан қалай жасырмақпын?» (17 аят). Ол әлі адам боп дүниеге келмей тұрғанда, Үшбірліктің екінші Тұлғасы Көне келісімде де адам бейнесінде келген жерін айтатын бірнеше оқиғалар бар (мысалы Жаратылыстың басталуы 32:22–31 және Дан. 3:24–25).
- **Мысырдан шығу 24:9–11:** Құдайдың бет-жүзін көруге болмайды, көрген пенде тірі қалмайды деп жазылған (Мыс. шығу 33:20). Қалай сонда, мына адамдар Құдайды көрді бірақ, өлмеді? Егер біз Оның Үшбірліктің екінші Тұлғасы екенін ұқсақ, онда бәрі де түсінікті болады. Бір күні Ол адам бейнесінде жерге келіп, көп адамдарға көрінеді!
- **Матай 22:43–45:** Иса, Забур кітабы 109 тараудан үзінді келтіріп, Мәсіхтің Құдай екенін көрсетті. Құдай көк пен жерде бір кезде болды!
- **Жохан 14:16–17:** Құдайдың Ұлы Иса, шәкірттеріне Киелі Рух беруді көктегі Әкесінен сұрады. Бұл, Құдай көкте тұрып, Өз Ұлының дұғасын естігенін көрсетеді. Бізбен бірге болу үшін, Құдай Киелі Рухын жіберуге шешім шығарды. Сөйтіп, біз Үшбірліктің барлық Тұлғаларын осы аяттардан көріп отырмыз.

Жаңа келісімде біз Құдай, Әке, Ұл және Киелі Рухтан тұратынын білеміз. Құдай-үш Тұлғаның тұтастығы. Үшбірлік — Құдайдың керемет болмысы. Бұл бізге Құдайдың алыс емес, бізге жақындаған Құдай екенін көрсетеді. Құдай әлемнің Иесі бола тұра, бізбен өмір сүреді!

Құдайдың Әке, Ұл және Киелі Рух болғаны неге керемет? [3]

Қосымша: Кімнің атынан?

Матай 28:18–20 аяттарды оқыңыз. Біз адамдарды кімнің атынан шомылу рәсімінен өткіземіз? [4]

Жохан 14:13 аятты оқыңыз. Біз кімнің атынан дұға жасаймыз [5]

Евр. 10:19 аяттарды оқыңыз. Біз неге Исаның атынан дұға етеміз? [6]

Бұл ең керемет артықшылық! Біз Көктегі Әкемізге Иса Мәсіх арқылы келе аламыз!

Құдай туралы бізге Заңды қайталау 6:21 және 23 аяттары не дейді? [7]

Тек Жаратқан Ие ғана израил халқын мысырдың құлдығынан алып шықты. Басқа құдайлар оларға көмектесе алмады.

Құдайдың мінезі туралы бізге 10–12 аяттарда не делінген? [8]

Құдай — өте жомарт Құдай!

Құдай халқы қалай өмір сүрулері керек?

Осы сұрақтардың жауабы ретінде, Құдай 5 аятта Өз халқына не істе деді? [9]

Құдай халқы тек Оны сүйі тиіс! Басқа ешкім де және еш нәрсе де, олардың өмірлерінде бірінші орында болмауы керек. Егер де олар басқа бір нәрсені Құдайдан артық жақсы көрсе, онда олар пұтқа табынып жүр. Нәтижесінде Құдайдың батасынан құр қалады.

1 шақыру

Көне келісімде **жүрек** шешім шығаратын орын. Сіздің істейтін нәрсенізге шешімді дәл сол жүрек шығарады. Мысалы, Нақыл сөздер 3:1–3: «*Өсиеттерімді менің жүректе сақта!...Мойныңа байлап, жазып қойғандай жүрекке*».

Өз шешімімізде біз Құдайға ұмтыламыз ба?

- Күнде таңертең жұмысқа барар алдында Киелі кітап оқып дұға етемін деген шешіміңіз бар ма?
- Жұмысқа бару немесе достарыңмен кездесу орнына, қауымға барамын деген шешіміңіз бар ма?
- Жұмыста немесе үйіңізде сізге ұнамайтын адам үшін дұға етемін деген шешіміңіз бар ма?
- Өз телефоныңзға қарау емес, басқа адам үшін қызмет етемін деген шешіміңіз бар ма?
- Телефон немесе теледидардың тек жақсы нәрселер ғана көремін деген шешіміңіз бар ма?

Жаратқан Иенді бар жүрегіңмен сүй! (Заңды қайталау 6:5)

Көне келісімде **жан** дүние, біздің сезім мен қалауымызды көрсететін орын. Мысалы: «**Жан** тәніммен, Жаратқан Иені мадақтаймын!» (Забур 103:1)

Өз жан дүниеміз және сезімізбен Құдайдың еркіне ұмтыла аламыз ба?

Біз нені көбірек қалаймыз:

- Құдайдың халқымен көбірек бірге болу ма, әлде көп ақша табу ма?
- Отбасым мен бірге болу ма, әлде көп ақша табу ма?
- Құдай сөзін есту ме, әлде соңғы жаңалық па?
- Иса Мәсіхті сүймейтін біреуге үйлену ме, немесе сенуші әйелдің немесе сенуші күйеудің кезіккенін күту ме?
- Ашу билегенде соған жол беру ме, әлде ұстамдылық көрсету ме?

Жаратқан Иенді бар жан тәніңмен сүй! (Заңды қайталау 6:5)

«**Күш**» сөзі, біздің Құдайды қаншалықты сүйетінімізді көрсетеді!

Құдай Иеңді бар жүрегіңмен, бар жан тәніңмен, бар күшіңмен сүй (Заңды қайталау 6:5).

Біз кімнің еркін орындауға ұмтыламыз: Өзімнің немесе Құдайдың?

Құдайға деген сүйіспеншілік, уәделі жерде орналасқан қанахандықтар сиынатын басқа құдайлардан емес, шын Құдайдан қорқуды білдіреді.

Заңды қайталау 6:13–17 аяттарда исаил халқы Құдайдан қорқуы туралы не делінген? [10]

Сол сияқты біз де адамдардан және олардың қарғыстарынан қорқуымызға болмайды. Біз бал ашқандарға, «киелі адамға» жолыққандарға және бейітке зират еткендерге қосыла алмаймыз.

Массадағы оқиға (Заңды қайталау 6:16)

Исаилдіктер Мұсаға және Құдайға ренжіді. Олар қатты шөлдеді. Олар өздеріне қажетті суды Құдайдың беретініне сенбеді. Олар Мұсаны таспен ұрып өлтіруге дайын болды. Сондай кереметтер жасағанына қарамастан, олар Құдайдың өздерімен бірге екеніне күдіктенді. Сол үшін Құдайдың оларға қатты ашуланғаны таң қаларлық дүние емес! (Мыс. шығу 17:1–7).

Осы аяттарда исаил халқы Құдайды қалай сынады? [11]

Біз Құдайды қалай сынап аламыз? [12]

Заңды қайталау 6:6–9 аяттарды оқыңыз.

«Менің сендерге бүгін берген заңдарым, жүректеріңде жазылып тұрсын» — осылар біз шығаратын барлық шешімдерге ықпал етуі керек!

Заңдарды жүректерінде сақтау үшін исаилдіктер не істеулері керек? [13]

2 шақыру

Құдайдың сөздерін жүрегімізде қалай сақтай аламыз? [14]

Балаларымызды Құдай сөздеріне қалай үйрете аламыз? [15]



Оларды қолыңызға рәміз ретінде байлап алыңыз: Біз қолымызбен бар жұмысты жасаймыз. Сондықтан біздің қолмен жасайтындарымыздың бәрін, Құдай сөзі бағыттап отыруы керек.

3 шақыру

Біз қолмен жасай алатын жақсы істерді келтіріңіз. [16]

Құдайдан былай сұраған маңызды: «Осы жағдайда мен Саған қалай қызмет ете аламын?»

Қолмен жасаған жаман істерді де мысалға келтіріңіз. [17]

Өзіңе мынадай сұрақ қою маңызды: «Иса не істер еді?»

Оларды маңдайыңызға ораңыз: бұл Құдай сөзі бізге қайда бару керектігін айтуы керек дегенді білдіреді. Құдайдың сөзін оқыған сайын, Иса біздің қайда барып, қандай ортада жүргенімізді қалайтынын және қандай жерлерге барғанымызды қаламайтынын білеміз.

4 шақыру

Біз қандай жақсы жерлерге бара алатынымыз туралы мысал келтіріңіз. [18]

Біз қандай жаман жерлерге бара алмайтынымыз туралы мысал келтіріңіз. [19]

Оларды өз үйіңіздің жақтауына жазып қойыңыз: Ол дегеніміз, біздің үйде тұратын немесе қонаққа келген әркім, біздің Құдайды сүйетінімізді білуі керек.

5 шақыру

Сіздің үйде тұратын немесе сізге қонаққа келген әркім сіздің Құдайды сүйетінін білу үшін сіз не істей аласыз? [20]

Құдайдың сөздерін еске салып тұру үшін, аяттарды жазып көрінетін жерлерге іліп қойған жақсы. Аяттарды жиі көріп жүру үшін, айнаның немесе есіктің жанына ілген дұрыс.

Қабырларға іліп қоятындай жақсы аяттарды мысалға келтіре аласыз ба? [21]

Құдай сөзі өміріңіз мен үйіңізде маңызды екенін көрсету үшін не істей аласыз?



Оларды өз үйіңіздің қақпасына жазып қойыңыз: Сол күндері қала адамдары маңызды істерді талқылау үшін, аула қақпасы маңызды орын болған. Ол қазіргі қала әкімдігіне ұқсас (**Рут 4:1–4**).

Осылайша, бұл заң Құдай халқына Құдай бұйырығының қала өмірінің барлық тірлігіне әсер етуіне мүмкіндік беру үшін арналған.

Бүгінгі таңда Құдай халқы, бір ғана ұлт емес. Олар бүкіл жер бетіне таралған. Олар әлем бойынша өз қауымдарының игілігі үшін жұмыс істейді: Жарлыларға, босқындарға және жетімдерге қамқорлық жасау; түрмедегілерге бару; жезөкшелік құлдығынан құтқару үшін әйелдерге бару; мүгедек жандарға көмектесу; жаман әдеттерінен құтқару үшін адамдармен кездесу; саябақтардағы қоқыстарды жинау тағы сол сияқты көптеген жұмыстар.

Құдай халқы сүйіспеншілікке толы адамдар: Құдай халқы, өздеріне ұқсамайтын немесе жақтырмайтын адамдарға сүйіспеншілік көрсете алады. Мұқтаж адамдарға сыйлық, қажет болса көмек те бере алады (Рим. 12:14–21).

6 шақыру

Өзіңіз тұрып жатқан жерде, сіз Құдайдың сүйіспеншілігін іс жүзінде қалай көрсетіп жүрсіз?

Біз бүгін Құдай туралы не үйрендік?

Осы сабақтан кейін сіз өміріңізге қандай өзгеріс енгіземін деп шешім шығардыңыз?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастамас бұрын, **Заңды қайталау 7:1–11** аяттарды оқыңыз және бірінші екі кестені толтырыңыз (5 және 6 сұрақтар). Бірге болған кезде топтар өз жауаптарын талқылай алады.

Жауаптар

- 1 – Құдай — біреу.
- 2 – *Яхве* — жеке дара және тірі Құдай. Басқа бірдемеге табыну, қорқынышты сенімсіздік.
- 3 – Құдай алыстағы Құдай емес, бізге жақын Құдай. Әлемнің Иесі бола тұра, Құдай бізбен бірге өмір сүреді!
- 4 – Біз адамдарды Әкенің, Ұлдың және Киелі Рухтың атынан шомылу рәсімін жасаймыз.
- 5 – Иса Мәсіхтің атынан.
- 6 – Біз Исаның қанымен тазарғандықтан және Құдай Әкеге тек Иса арқылы ғана бара алатынымыз үшін Исаның атынан дұға етеміз.
- 7 – Уәделі жерге кіргізу үшін, Құдай ираил халқын Мысырдағы құлдықтан құтқарып алды.
- 8 – Құдай, Уәделі жерде олардың мұқтаждықтарын молынан қамтамасыз ете алатын жомарт Құдай.
- 9 – Олар Оны бар жүрегімен, бар жан тәнімен және бар күшімен сүйуі тиіс.
- 10 – Олар Оның заңына бағынып, Оның атынан ант беріп, басқа құдайларға емес, тек Оған ғана қызмет етулері керек.
- 11 – Олар Құдайдың қажеттерімен қатамасыз ететініне сенбей ашуға жол берді.
- 12 – Біз Құдайдың қажетімізді беретініне сенбеген кезде шағым айтамыз.
- 13 – Олар соларды балаларының санасына енгізіп, солар туралы күні бойы айтып жүруі керек. Олар Құдай сөзін қолдарына ұстап, маңдайына және есіктері мен қақпаларына жапсырып қоюлары тиіс.
- 14 – Біздің күні бойғы шығаратын шешімдерімізге ықпал теу үшін, біз Киелі кітапты оқып, ол туралы үнемі ойланып жүргеніміз жөн.
- 15 – Біз балаларымызға Киелі кітапты немесе балаларға арналған Киелі кітапты оқып отыруымыз керек. Біз рухани әндер айтуымыз керек. Жолаушылап бара жатқанда да Киелі кітаптағы тарихи оқиғаларды айтып жүргеніміз жақсы. Біз оларға, Құдай біздің дұғаларымызға қалай жауап беретіні туралы және Иса біздің өмірімізді минут сайын қалай өзгертіп отыратыны туралы айтуға болады!
- 16 – Сыйлықтар сыйлау, қиындықтары бар басқа адамдарға жігер беретін хабарлама жазу, үйде, қауымда және қоғамда қызмет жасау және көмектесу.
- 17 – Ұрлау, ұру, көмек бермеу (жалқаулану), телефоннан жаман нәрселер көру, жерге қоқыс тастау.
- 18 – Қауымға бару, ауырғандарға және қайғырған жандарға көмектесу және оларға Иса туралы әңгімелер айту.
- 19 – Кинотеатр, телефон және теледидардан зорлық немесе эротикалық фильмдер көрмеу. Қауымның орнына жұмысқа бармаңыз. Олардың жаман нәрсе істейтінін білсеңіз қонаққа немесе достарыңызға бармаңыз.
- 20 – Ең бастысы оалар сіз арқылы Құдайдың сүйіспеншілігі қалай жарқырап тұрғанын көру керек. Тамақ ішерде дұға етіңіз. Құдай туралы және дұғаныңызға қалай жауап алғаныңызбен бөлісіңіз. Үйіңізден шыққан жандарға, Құдайдың батасын сұрап дұға етіңіз. Сонымен бірге адамдар сіздің үйіңіздегі жазылып тұрған Киелі кітап аяттарын көрсе, Құдай сөзі сізге өте маңызды екенін білетін болады.
- 21 – Мысалдар:
 - Евр. 13:6
 - 2 Қор. 12:9
 - Забур 22
 - Нақыл сөздер 3:5–6
 - Забур 39:2–4.

Заңды қайталау 9 сабақ:

Жерді жаулау



Біздің қандай керемет Құдайымыз бар және Ол біз үшін не істеді, осыны талқылауға көмектесу үшін, біз осы сабақта бес сұрақ әдісін қолданамыз!

Заңды қайталау 7:1–11 аяттарын оқыңыз.

Қанахан халқын жою

Біз екінші сабақтан білетініміз, Қанахан жерін зұлым адамдар мекендеді. Олар тіпті өз құдайларына құрбандық ретінде өз балаларын өртеді. (Заңды қайталау 12:31). Сол күнәлары үшін Құдай оларды құртуды қалады.

Құдай бүкіл әлемге үлгі болу үшін, Өз халқын Қанахан жеріне орналастыруға шешім шығарды. Олар бәріне қалай өмір сүру үлгісін көрсетуі керек болды. Сонда басқалар да Құдайдың даналығына таң қалып, Оған қалай табынуды білер еді.

Сол халықты жою әлемдік тарихта ерекше оқиға болды. Біз қазір қандай да бір елді басып алып, солай істемейміз!

Зұлым халықты жою, Құдайға мойынсұнбай өмір сүретіндерге ескерту. Заманның ақырында Құдай барлық адамдарды соттайды және барлық зұлымдықты жояды.

Құдай Ыбырайымға берген уәдесін, яғни Израил халқын Уәделі жерге енгізу жұмысын керемет оқиғалармен орындап шықты. Ол сондай-ақ бізге де Уәде етілген, Құдай Өз халқы үшін дайындаған мәңгілік жерге өтетінімізді еске салады. Жуықта Иса қайта оралып, Өз халқын Жаңа Иерусалимге алып кетеді! Ол өлімсіз, қайғысыз, жылаусыз және аурусыз тамаша мінсіз жер болады! (Аян 21:4).

Қанахан халқы неге құртылуы керек болды? [1]

Қанахан жеріндегі зұлым халықты жою, бізге қандай ескерту береді? [2]

Уәде етілген жер бізге бүгін нені еске түсіреді? [3]

Жохан 3:16–17 аяттарды оқыңыз: Біз сол жерде мәңгі өмір сүруіміз үшін қалай бара аламыз? [4]

Үзіндіні оқыңыз

Киелі кітаптан кез келген үзіндіні оқуымыз үшін, осы бес сұрақты қолдана аламыз:

1. Мына үзінді бізге Құдай туралы (Әке, Ұл және Киелі Рух) не айтып тұр?
2. Мына үзінді бізге адамдар туралы не дейді?
3. Осында:
 - Орындайтын ереже бар ма?
 - Мән беретін ескерту бар ма?
 - Немесе үлгі алу керек пе?
4. Осы үзіндіден Құдай бізге не үйретіп тұр?
5. Мен осыны кіммен бөлісе аламын?

Заңды қайталау 7:1–11 аяттарды оқу үшін, осы сұрақтарға кезекпен жауап берейік.

1. Осы аяттар бізге Құдай туралы (Әке, Ұл және Киелі Рух) не айтып тұр? [5]

Төмендегі кестені толтырып, 5 сұраққа берілген жауаптармен салыстырыңыз.

Қосымша бағанға тура осы жайлы айтылған, Жаңа келісімдегі өзіңіз білетін кез келген аяттарды жаза аласыз.

Егер сіз оны үй тапсырмасы ретінде толтырып қойсаңыз, онда онымен өз топ мүшелеріңізбен бөлісе аласыз.

7:1–11 аяттар	Құдай туралы не білеміз	Осы туралы Жаңа келісімде айтылған

2. Осы аяттар бізге адамдар туралы не дейді? [6]

Төмендегі кестені толтырып, 6 сұраққа берілген жауаптармен салыстырыңыз.


7:1–11 аяттар	Адамдартуралы не білеміз	Осы туралы Жаңа келісімде айтылған

Көне келісім, Құдай халықын Жаңа келісімде келетін Мәсіхке дайындады. Жаңа келісім бізді Көне келісімдегі сияқты Құдай мен адамдар жайлы үйретеді. Олар өзгерген жоқ. Құдай шақырған адамдар, тек Киелі Рухтың күшімен ғана киелі бола алады!

Келесі сұраққа жауап бермес бұрын, біз мәтін жайлы ойлануымыз керек!

Контекстті есте сақтаңыз!

Көне келісімді оқып отырып, біз **айқыштан кейін**, яғни Исаның өліп және өлімнен қайта тірілгенінен кейін өмір сүріп отырғанымызды есте ұстаған жөн.



Ол дегеніміз:

- Иса Құдайдың барлық заңдарын толығымен орындады және біздің күнәларымыз үшін құрбан болды. Енді Ол бізге киелі келісім немесе жаңа заң келісімін берді.
- Бүгін физикалық Уәде етілген жер жоқ. Біз соғысуға тиісті жер жоқ. Сенушілер бір географиялық жерде емес, олар әлемнің барлық елдерінде тұрады! Өзімен бірге Уәде етілген жерде мәңгі өмір сүруіміз үшін, Исаның жер бетіне қайта оралып, бізді алып кететін күнді асыға күтудеміз!

Құдайдың Көне келісімдегі заңдарын оқи отырып, сол заңдар туралы Жаңа келісімде не айтылып тұр деп өзімізден сұрауымыз керек?

3. Осы жерде Құдай халқы тыңдауы және мойынсұнуға тиіс ескертулер немесе үлгі алатын мысалдар келтірілген, Құдай ережелері бар ма? [7]

Төмендегі кестені толтырып, 7 сұраққа берілген жауаптармен салыстырыңыз.

7:1–11 аяттар	Заңдар/ескертулер/үлгілер	Осыны бүгін істеуге тиіспіз бе?	Неге? Осы туралы Жаңа келісімде не делінген?

Маңызды екі нәрсе:

1. Сенуші адам сенбеушімен отбасын құрғанда, әдетте сенуші жұбайдың өмірі жан жақты қиындықпен кездеседі. Қауымға баруға, балаларын Исаның ілімімен тәрбиелеуге жиі тыйым салынады. Оларда жиі ұрыс-керіс шығып тұрады. Ал сенушінің жүрегі Құдайға сууы оңай.
2. Бізді басқа құдайларға табынуға итермелейтін кез келген нәрселерден аулақ жүргеніміз дұрыс. Мысалы, басқа сенімдегі адамдардың заттары, бойтұмар, көзтимес моншақ, басқа кітап аяттары, жұлдыз жорамалдар. Егер сіз сол үйдің қожайыны болмасаңыз, сондай заттардан құтылу мүмкін емес. Үйдегілер, осы сияқты заттардың Құдайды қалай қорлайтынын түсінсін деп дұға етіңіз!

Көне келісімнің тағы қандай заңдарын, біз бүгін орындауға міндеттігі туралы келесі сабақта қарастырамыз.

4. Осы аяттар арқылы Құдай сізді неге үйретті?

5. Мен бұны кіммен бөлісе аламын?

Үй тапсырмасы

Осы апта бойы күніне бір рет Заңды қайталау кітабының бір үзіндісін оқып, келесі 5 сұраққа жауап беріңіз:

1. 7:12–26
2. 8:1–20
3. 9:1–6
4. 9:7–29
5. 10:1–11
6. 10:12–22
7. 11:1–32

Жауаптар

- 1 – Олар өте зұлым болғандықтан жойылуы тиіс болды.
- 2 – Ақырзаманда барлық адамдар сот алдына барады және зұлымдық жазаланады.
- 3 – Уәде етілген жер, бізге Құдай Өзінің барлық халқына, яғни жаңа жаратылысқа дайындауға уәде еткен мәңгілік елді еске салады!
- 4 – Бізді құтқаратын және бізге мәңгілік өмір сиялатын Иса сол Иса екеніне сену.
- 5 –

Аят	Біз Құдай туралы не білеміз	Жаңа келісімде осы туралы не делінген
1 аят (бірінші бөлім)	Құдай Өз халқына жаңа үй, Қанахан жерін бергісі келді	<i>Ал біз Құдайдың уәдесіне сай әділдік орнаған жаңа аспан мен жаңа жердің пайда болуын күтудеміз (2 Петір 3:13).</i>
1–2, 10 аяттар	Құдай Өзіне қарсы шыққанның бәрін жояды	<i>Сол адамдар мәңгі бақи Иеміздің алдын көрмей, Оның салтанатты ғлы құдіретінен аластатылып, құрып кетеді. Сол күні Иеміз келеді де... (2 Сал. 1:9–10).</i>
6 аят	Құдай Өзіне меншікті етіп белгілі бір адамдарды таңдады	<i>Оған бағышталған қасиетті ғлт — Құдайдың меншікті халқы болдыңдар! (1 Петір 2:9)</i>
7–8 аяттар (бірінші бөлім)	Құдай Өз халқын сондай қатты сүйгендіктен, оларды құтқарғысы келді. Бұл мүлде шартсыз сүйіспеншілік!	<i>Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады (Жохан 3:16).</i>
8–9 аяттар	Қандай ерте берілсе де Құдай Өз уәдесін орындады! Құдай Жаратылыстың басталуы кітабында Ыбырайымға, Ысқаққа және Жақыпқа берген уәдесін орындады.	<i>Біз екеуіміз сендерге осы Ізгі хабарды уағыздаймыз: Құдай ата-бабаларымызға берген уәдесін солардың ұрпақтары — біз үшін Исаны өлімнен қайта тірілту арқылы орындады. Забурдың екінші жырында былай деп жазылған: «Рухани Ұлымсың, Мен бүгінгі күн де болдым Саған» (Ел. істері 13:32–33).</i>
9–10 аяттар	Құдай Өзін сүйетіндерге сүйіспеншілікпен уәдесін орындайды, ал жек көретіндерді жойып жібереді.	<i>Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады? Азап пен қысым ба, қудалану мен аштық-жалаңаштық па, әлде қауіп пен семсер ме? (Рим. 8:35)</i> <i>Сол сияқты, Құдай Өзінің әмірімен осы қазіргі аспан мен жерді де әділетсіздердің сотталып, тозаққа түсетін күні отпен қиратуға қалдырып отыр (2 Петір 3:7).</i>

6 –

Аяттар	Біз адамдар туралы не білеміз	Жаңа келісімде осы туралы не делінген
6 аят	Құдай халқы Құдай үшін киелі (таза боп бөлінген)	<i>Оған бағышталған қасиетті ұлт — Құдайдың меншікті халқы болдыңдар!</i> (1 Петір 2:9)
7–8 аяттар	Құдай халқы Құдайдың сүйіспеншілігіне мүлде лайық емес. Өздеріне Құдай сондай сүйіспеншілік пен мейірім көрсетуіне лайықты халық ештеңе де істемеді.	<i>Алайда рақымы мол Құдай бізге зор сүйіспеншілігін көрсетті: Оның айтқанына көнбей, рухани өлі болған бізді Құдай Мәсіхпен бірге тірілтіп алды. Осылайша тек Оның рақымымен ғана құтқарылдыңдар</i> (Ефес. 4–5).
8 аят	Олардың құны өтелді (құлдықтан азат етілді).	<i>Мәсіх бізге тиісті қарғысты Өз мойнына алып, бізді Таурат заңы мәлімдеген қарғыстан құтқарды!</i> (Ғалат. 3:13)

7 –

Аят	Заң/ескерту/үлгілер	Біз осыны бүгін істеуге тиіспіз бе?	Неге? Ол туралы Жаңа келісім не дейді?
2 аят	Құдай Қанахан жерінде тұратын және жалған құдайға сиынатын халықтың бәрін өлтіріп деп бұйырды.	Жоқ	<i>Құдай жауларыңды да жақсы көр деген</i> (Матай 5:43–44). Біздің жауымыз — шайтан (1 Петір 5:8). Әрине біз оны сүйе алмаймыз!
3 аят	Құдай сол жердің адамдарымен (басқа құдайларға табынатындар) некеге тұрмаңдар деді.	Иә	<i>Сенбейтіндермен қоян-қолтық бірге жүріп, жаман ниеттеріне ортақтаспаңдар! Себебі әділдік пен заңсыздық арасында ортақ не бар? Яки жарық пен түнек қалай тығыз байланыста тұрмақ?</i> (2 Қорынт. 6:14). <i>Некедегі әйел күйеуінің көзі тірісінде оған басы байлаулы. Күйеуі өлсе, кімге тиім десе де өз еркі, тек екеуі де Иемізбен тығыз байланыста тұрсын</i> (1 Қорынт. 7:39).

5 аят	Исраил халқы мынаны істеуге тиіс болды: олардың құрбандық орындарын бұзып, қирату, табынатын тас мүсіндерін талқандау; Ашера атты жалған тәңірге арналған ағаш бағаналарды шауып тастау, олардың тәңірсымақтарының басқа мүсіндерін де отқа өртеп жіберу!	Иә	<i>Бақсы-балгерлікпен айналысып келгендердің бірсыпырасы сиқырлық кітаптарын әкеліп, барлығының көз алдында өртеп жіберді. Кітаптардың құнын есептегенде, елу мың құміс теңге болды (Ел. істері 19:19).</i>
11 аят	Құдайдың Мұсаға берген өсиетін, ережелерін және шешімдерін сақтап орындап жүру!	Иә, Құдай халқы Құдайдың барлық заңдарын орындап жүруі тиіс.	<i>«Мені Таурат заңы мен Пайғамбарлар жазбаларының күшін жою үшін келді деп ойламаңдар: Мен оларды жою үшін емес, қайта, толық мағынасында жүзеге асыру үшін келдім» (Матай 5:17).</i> <i>«Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!»</i> ³⁸ <i>Бұл — ең ұлы да басты өсиет.</i> ³⁹ <i>Ал екіншісі де сол сияқты маңызды: «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!»</i> ⁴⁰ <i>Бүкіл Таурат заңы мен Пайғамбарлар жазбалары осы екі өсиетке негізделген, — деді (Матай 22:37–40).</i>

Заңды қайталау 10 сабақ:

Құдай заңдары



Біз осы сабақта Құдай заңдарының қандай керемет екенін жақсы түсінеміз!

Біз Құдайдың Мұсаға берген заңдары мен өсиеттерін 12–26 тараулардан оқимыз.

Егер сіз әлі сол тарауларды оқымасаңыз, оларды бір аптаның ішінде оқып шығуға тырысыңыз.

Заңды қайталау 26:16–19 аяттарды оқыңыз.

Құдай Өз заңдарына байланысты, Өз халқына қандай өсиет берді (16 аят)? [1]

Құдай жартылай ғана мойынсұнғандарға қанағаттанбайды. Ол Өз халқының толық мойынсұну рахатын сезінгенін қалайды!

Барлық заңдар, адамдар Құдайды және бір-бірін сүйіп жүруге негізделген.

Заңдарды орындау қиын және егер оны орындасақ өміріміз сұрықсыз боп кетеді деп ойлау оңай! Ал шын мәнінде мойынсұну, бізге қуаныш пен мәртебе әкеледі!

Құдай заңдары туралы қайдан оқимыз:

Забур 18:9 аят? [2]

Забур 118:97–99 аяттар? [3]

Заңды қайталау кітабы заңдары

Заңды қайталау заңдары, уәделі жердегі Құдай халқы өмірлеріндегі көптеген аспектілерді қамтиды.

Олар мыналардан тұрады:

- Құдайға қай жерде сиыну
- Қандай тамақ жеуге болады, қандайды жемеу керек
- Ондық беру
- Діни мейрамдарды тойлау
- Патша не істеуі тиіс
- Әділдік қалай көрінеді
- Құдай еркін орындау үшін қалай соғысу керек
- Неке және жыныстық тазалығы

Құдай заңдары

Құдайға қай жерде сиыну керек

Исраил халқы Құдай көрсеткен жерде ғана Оған сиына алады (Заңды қайталау 12:1–14). Ол қанахандықтар өздерінің көп құдайларына табынған әр түрлі жерлерінен өте ерекше болды. Өйткені Құдай біреу және Оған ғибадат ететін жер де біреу болу керек.



Исраилдіктер айдалада өмір сүргенде, олар Құдайға киелі шатырда ғибадат еткен. Олар көшіп жүргенде киелі шатыр да олармен бірге көшіп жүрді (Мысырдан шығу 25–27).

Олар Уәделі жерге орналасқанда, Сүлеймен тамаша ғибадатхана салды. Ғибадатхана Құдай Өз халқымен кездесе алатын орын болды (1 Патшалық 6–8).

Құдай халқы үшін, Құдайға мінәжат ету ең маңызды нәрсе!

Исраилдіктердің Құдайға қай жерде ғибадат етуі туралы заң не дейді? [4]

Тамақ

Исраил халқына еттің кейбір түрін жеуге тыйым салынды (Заңды қайт. 14:1–21). Ол олардың Құдайға бағышталған киелі халық екеннің белгісі. Өйткені олар, шын Құдайды танымайтындар сияқты өмір сүріп және солар сияқты ғибадат етпеулері тиіс болды.



Ет адамдардың көпішілігі өте сирек қолданатын құнды тамақ еді. Сондықтан, етті азық ету, Құдайға ғибадат етуге байланысты, ерекше оқиға боп саналды.

Азық етуге тыйым салынған етке, басқа жануарлардың етін жейтін хайуандар кірді.

Заңдарды сақтау, Құдайға мойнсұнбайтындармен жақын қарым-қатынастан қорғау үшін керек болды. Олар исраилдік еместің үйінен ет жей алмайтын еді.

Тамаққа байланысты заң не дейді? [5]

Ондық беру

Исраил халық барлық өнімдерінен оннан бір бөлігін бөлек қоюлары керек болды. (Заңды қайталау 14:22–29). Оның бәрі мыналар үшін қажет еді:

- Киелі шатыр мен ғибадатханада тойлау үшін,
- Киелі шатыр немесе ғибадатханада қызмет ететін леуліктерге тарату үшін,
- және кедейлерге беру үшін.



Киелі кітаптың барлық жерінде Құдай Өз халқының кедейлерге қамқор болғанын қалайды. Құдайдың заңдарын сипаттайтын бұл тарауларда (12–26 тарау) кедейлерге мейірімді болу туралы нұсқау алты рет кездеседі.

Ондық туралы заң не дейді? [6]

Мейрамдар

Исраил халқы жыл сайын үш мейрамды тойлауы тиіс болды:

- **Құтқарылу мейрамы**, олар Мысырдағы құлдықтан құтылып көшіп шыққан күнді еске алу үшін
- **Жеті апта (Елуінші күн) мейрамы**, демек пісіп тұрған арпаны ора бастаған уақыттан бастап жеті апталық кезең. Ол грек тілінде «Елуінші күн» деп аталады.
- Және **Күркелер мейрамы**, астық бастырып, жүзім шырынын сығып болғаннан кейін жеті күн тойланатын мейрам. Олар оны айдалада көшіп-қонып жүрген кездерін еске алу үшін істеп отырды.



Ол Құдайдың оларға жасаған жақсылықтарын еске түсіру әдісі болып саналды. Құдай оны тек Өзін еске алу үшін ғана емес, сонымен бірге олар рахаттанып, жұмыстан дем алғандарын да қалады! (Заңды қайталау 16:1–17).

Мейрамдар туралы заң не дейді? [7]

Патша

Патша Құдайға сиынатын исраилдік болуы шарт. Ол сондай бай және көп әйелді болмауы керек. Оның орнына ол Құдай заңдарын оқып, Оған мойынсұнатын жан болғаны дұрыс. Сонда ғана ол, Құдай халқын қалай дұрыс басқаруға болатынын біледі (Заңды қайталау 17:14–20).



Көне келісімді оқығанда, Исраилдік патшалардың осы заңды орындай алмағандарын көреміз. Олар Құдай халқын үнемі Одан алшақтатып отырды. Тіпті бар даналықты иеленген, Сүлеймен патшаның өзі, осы заңды орындаған жоқ (1 Патшалық 11:1–8).

Патша туралы заң не дейді? [8]

Әділдік

Исраил халқы, адамдар қылмыскерге әділ сот жүргізуін қадағалап отырулары тиіс. Олар жасамаған қылмыс үшін нақақ сотталып кетпеуін қатал бақылауда ұстап отырды (Заңды қайталау 19:1–20).



Әділдік туралы заң не дейді? [9]

Соғыс

Көне замандарда соғыс қалыпты жағдай болып саналды. Патшалар өз патшалығын кеңейтуді үнемі ойлап жүрді. Егер олар басқа елге шабуылдамаған күннің өзінде, өз елі мен жерін қорғау үшін соғысып отырды.



Ал исраил халқы Құдайдың еркін орындау үшін соғысулары керек болды. Соғыс, әрине жаман нәрсе. Бірақ, Құдай соғыс жағдайының кейбір тұстарын жеңілдету үшін, оларға заң берді (Заңды қайталау 20:1–10).

Олар әлі де соғысқа дайын емес әскерлеріне мейрім көрсетулері керек болды. Сонымен бірге олар өздері шабуылдаған қала тұрғындарына да мейірімдік танытуы талап етілді.

Тек Уәделі жерде өмір сүріп жатқан қанахандықтар ғана толық жойылуы тиіс болды. Өйткені олар жүздеген жылдар бойы зұлым қылықтарын тоқтатпады. Құдай ол жерді Өз халқына беруге шешім шығарды. Ол олардың Жаратушы Құдайға ұнамды болу үшін, барлық басқа халықтарға қалай өмір сүру керектігін көрсетуін қалады.

Соғыс туралы заң не дейді? [10]

Неке

Неке — өмір бойына арналған міндеттеме және әйел құқығы қорғалуы тиіс. Бұл заң некеден тыс кез келген жыныстық қатынас түріне еркекке де, әйелге де бірдей тыйым салады. Ол қан араластыру мен зорлыққа да тыйым салады (Заңды қайталау 22:13–30). Ондай нәрселер жәбірленушіні де және от басын да күйретеді. Жыныстық күнәлар Құдайдың бақылауынан тыс қалған емес.



Жетінші тараудан білетініміз, пұтқа табынушылармен (яғни сенбеушімен) некеге тұруға тыйым салынған. Өйткені ондай некеден туған балалар Құдайға бағынып өмір сүруі екі талай дүние (Заңды қайталау 7:3–4).

Неке туралы заң не дейді? [11]

Бұл заңдардың бәрін көне әлемде ешкім естіп, білмеген! Жер бетіндегі ешбір халықта осы секілді заңдары болмаған! Оны Құдай Өз халқының игілігі үшін берді.

Құдай халқы Құдай заңдарын орындамағанда

Осы заңдар Құдай халқының игілігі үшін берілсе де, олар оны адал орындап жүруге дайын болмады. Сондықтан Құдай Өз халқына, құрбандықтарын алдымен шатырға, содан кейін ғибадатханаға әкелуге бұйырды. Ол оларға мыналарды еске салады:

- Күнә өте жаман! Күнә жасаған адам өлуге тиіс
- Олардың күнәлары кешірілуі үшін ненің болса да қаны төгілуі тиіс болды.

Ол құрбандықтар Құдай халқын, күнә мәселесін түпкілікті шешетін, Құдай жіберетін Соның келуіне дайындау болды.

Ол Адам:

- Құдайдың барлық заңын толық орындайды!
- Барлық уақыттар үшін Ол жалғыз толық Құрбандық болды!
- Құдай халқы келе алатын және өз күнәлары үшін кешірім ала алатын, жаңа «Ғибадат» болады.
- Құдай халқы арасында Киелі Рухымен бірге өмір сүріп, Құдай халқы, Құдайға шын мәнінде мойынсұна алуы үшін келеді!

1 Жохан 4:9–10 аяттарды оқыңыз. Кезінде Құдай жіберетін мінсіз Адам Кім? [12]

Сол мінсіз Адам не істер еді? [13]

Көне және Жаңа келісімдер


Заңды қайталау кітабында Құдай Өз халқымен Синай тауында жасаған келісімді түсіндіреді (Заңды қайталау 5:2):

- Құдай Өз халқын құлдықтан құтқарды,
- Егер олар Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнса, Құдай оларға Уәделі жерде батасын беріп молшылықта өмір сүру мүмкіндігін жасар еді.
- Құдайға мойынсұнбағандары үшін алатын қарғыстан құтылу үшін, қандай да бір құрбандық берулері тиіс болды.
- Егер олар Құдайды үнемі тыңдамай кетсе, Құдай оларды қарғап, Уәделі жерден қуып шығарады.

Осы **Көне келісім** деп аталады. Сондықтан біз Киелі кітаптың бірінші бөлімін, Көне келісім деп атаймыз.

Киелі кітаптың екінші бөлімі **Жаңа келісім** деп аталады. Енді Құдай Жаңа келісім жасады:

- Құдай Ұлы Иса Мәсіх, Өз халқын күнәның құлдығынан құтқарды (Рим. 6:20–22).
- Егер біз Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнсақ, онда Ол бізді Өз баласы ретінде қабылдап, батасын береді және мәңгілік өмір сыйлайды (Жохан 1:12 және 3:16).
- Мәңгілікке берілген Исаның құрбандығы, біз күнәларымызға өкініп тәубе еткен сайын, бізге кешірім беріп отырады (1 Жохан 1:9).



- Егер біз Құдайға мойынсұнуды тоқтатсақ, біз осы батадан айырылып қалуымыз мүмкін (Евр. 10:26–31).

Көне келісімдегі сияқты Жаңа келісімде де Құдай халқы, Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнуы тиіс! Еврейлерге арналған хаттың 11-ші тарауында осы маңызды тақырып туралы айтылған.

Лұқа 22:20 аятты оқыңыз. Иса Өз қанымен не істеді? [14]

Евр. 9:15 аятты оқыңыз. Жаңа келісім дегеніміз не? [15]

Көне келісімнің қай заңдарын біз бүгін ұстануға тиіспіз?

Біз бүгін Жаңа келісім аясында өмір сүреміз.

Біз не істемесек болады?

1. Ғибадатхана мен малды құрбандыққа шалу заңдарын орындамаймыз.

- Өйткені Иса барлық адамдар үшін, Өзін құрбандыққа берді! (1 Жохан 2:2) Ол — жаңа Ғибадатхана! (Жохан 2:19,21)
- Біз бүгін малды құрбандыққа шалмаймыз, сондықтан бізге ғибадатхана ғимараты керек емес. Б.з. 70 жылдары римдіктер, яһуди ғибадатханасын қиратты. Иса өліп, өлімнен қайта тірілгеннен кейін ғибадатхана ғимараты қажет болмай қалды да, Құдай оның қиратылуына жол берді.
- Қазір қауым, Мәсіхтің денесі, Құдайдың ғибадатханасы боп саналады. Қазіргі таңда адамдар, Құдаймен дәл осы қауымда кездесе алады (1 Қор. 3:16).

2. Бізге қандай да бір тамақты жеуден бас тартудың да қажеті жоқ.

- Иса Петірге кез келген етті жей беруіне болады деді (Ел. істері 11:1–18). Құдай халқына өздерінің Құдай үшін киелі екенін көрсету үшін, басқа адамдардан бөлінудің де қажеті жоқ. Керісінше, олардың киелілігі енді сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, жомарттық, мейірімділік, адалдық, момындық және ұстамдылық арқылы көрінеді (Ғал. 5:22–23).
- Бүгін бізге Көне келісімнің қай заңдарын орындау қажет емес? [16]

Біз не істеуіміз керек?

Еремия 31:31–33 аяттарын оқыңыз. Жаңа келісімдегі заңдар Құдай сөзіне байланысты қалай ерекшеленеді? [17]

Біз Исаға сенгеннен бастап, Ол бізді Өзінің Киелі Рухына толтырады. Және, Ол біз өз өмірімізде нені өзгертуіміз керектігін көрсетіп отырады. Киелі кітап оқығанда, Оның сізге не дегеніне мән беріңіз!

- Исаның айтуынша, қандай заңдарды сақтау өте маңызды (**Марқа 12:30–31**)? [18]

Оны айту оңай болғанымен, орындау өте қиын!

Көне келісімдегі барлық заң — Құдайды және маңайыңдағыны қалай сүйуге негізделген заң.

- Көне келісімдегі он заң біз үшін, бүгін де маңызды (Заңды қайталау 5:6–21). Олар біз бүгін Құдайды және жақынымызды шынымен сүйеміз бе, жоқ па анықтауға көмектеседі.
- Жаңа келісім неке адалдығы маңыздылығын қолдайды. Ол сондай-ақ оң заңды орындаудың бір сипаты ретінде жақыныңа деген сүйіспеншілікті көрсетеді (**Евр. 13:4** аятын оқыңыз). Неке адалдығын бұзу маңызды емес, дегенге ешқашан сенбеңіз (1 Қор. 6:15–16). Шайтан көптеген жақсы жетекшілерді осы мәселеге байланысты тура жолдан тайдырды. Ол Құдай, оның қауымы және оның отбасы үшін үнемі сұмдық жаман нәрсе (Евр. 10:29).

Біз бүгін қай заңдарды сақтауға тиіспіз? [19]

Біз не үшін Көне келісім заңдарын оқуымыз керек?

Мыналарды жақсы түсіну үшін, Көне келісім заңдарын оқу пайдалы:

- Құдайдың мінезін
- Не жақсы, не жаман екенін
- Біз қаншалықты күнәхармыз
- Біздің күнәміз тек басқа біреудің өлімімен ғана кешіріледі
- Біз Құтқарушыға қаншалықты мұқтаж екенімізді түсіну үшін.



Исаның кім екенін және Ол біз үшін не істегенін түсіну үшін, Көне келісімді толық оқығанда біз жақсы түсіне аламыз.

Көне келісімді оқу және оның заңдарын орындау маңызды емес десе, қалай жауап берер едіңіз?

Исаның өміріңізді өзгерткенін қалайсыз ба, әлде өзіңізді жеткілікті жақсымын деп санайсыз ба?

Исаға қалай көбірек ұқсас бола аласыз?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастар алдында, **Заңды қайталау 27 және 28 тарауларды** оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – Құдай Өз халқына Оның заңдарын бар жүрегімен және бар жан тәнімен орындап жүруді талап етеді.
- 2 – Құдай заңдары біздің жүрегімізді қуантады.
- 3 – Құдай заңдары бізді ақылды етеді.
- 4 – Исраил халқының қанахандық табынудан айрмашылығы, олар тек киелі шатырда кейін ғибадатханада ғана Құдайға сиынып жүрді.
- 5 – Исраилдіктерге кейбір жануардың еттерін жеуге тыйым салынды. Ол олардың киелі және Құдай үшін ерекше екенін көрсету үшін қажет болды.
- 6 – Исраил халқы өнімдерінің оннан бір бөлігін, шатырда немесе ғибадатханада тойлау үшін және ғибадатханада қызмет ететін леуліктер мен жарлыларға үлестіріп беру үшін жинады.
- 7 – Исраилдіктер жыл сайын құтқарылу, жеті апта (Елуінші күн) және күрке мерекелерін тойлап отырды. Ол Құдайдың олар үшін не істегенін естеріне алып отыру үшін қажет болды.
- 8 – Патша Құдайға мойынсұнған исраилдік болу керек. Ол өте бай болмауы керек және көп әйел алмауы тиіс. Оның орнына ол Құдай заңдарын оқып соған мойынсұнуы керек. Сонда ол Құдай халқын қалай басқаруды білетін болады.
- 9 – Адамдар қылмысы үшін әділ сотталуы тиіс. Істемеген қылмыс үшін ешкім де жазаланбауы керек.
- 10 – Соғысуға дайын емес әскерге олар, мейірімдік көрсетуі керек. Және сондай-ақ, өздері шабуылдап жатқан жау қамалында тұратын адамдарға да мейірім көрсеткендері жөн. Тек Уәделі жерде тұрып жатқан адамдар ғана жойылуы керек.
- 11 – Неке — өмір бойғы міндет, сондықтан әйел құқы қорғалады. Заңдар кез келген, қан араласу және зорлықты қоса алғандағы некеден тыс жыныстық қатынасына тыйым салады. Құдай халқы тек сенушімен ғана некеге тұрғаны дұрыс.
- 12 – Құдайдың Ұлы, Иса Мәсіх.
- 13 – Ол Құдай заңына толық бағынады, Ол жалғыз Құрбандық Тоқтысы, Ол жаңа «Ғибадатхана» және Құдай халқының арасында Өз Киелі Рухымен бірге өмір сүреді.
- 14 – Өзінің киелі қанымен Құдай мен адамдар арасына Жаңа келісім орнатты.
- 15 – Исаның өлімі, мәңгілік өмірге ие болуымыз үшін, бізді күніміз үшін алатын жазадан құтқарды!
- 16 – Бізге ғибадатхана, құрбандық шалу және тамаққа байланысты заңдарды орындау қажет емес.
- 17 – Құдай заңдары біздің санамыз бен жүрегімізге жазылған.
- 18 – Құдай Иенді бар жүрегіңмен, бар жан тәніңмен және бар күшіңмен сүй. Өзіңді қалай сүйсең, жақыныңды солай сүй.
- 19 – Құдайды сүй және жақыныңды сүй. Бұған он заң және неке адалдығын сақтау қоса кіреді.

Заңды қайалау 11 сабақ:

Бата мен қарғыс



Біз осы сабақта Көне келісімдегі бата мен қарғыстар және олардың бүгінгі күні бізге қатысы туралы ойланамыз.


Екі тау

Заңды қайталау 11:29 аятты оқыңыз.

Исраил халқы Уәделі жерге кіргенде Құдай оларға екі тауға байланысты тапсырма берді. Елдің қақ ортасында орналасқан осы екі тау, Құдайдың Өз халқымен жасаған келісімінің мәңгілік естелігі боп тұруы керек еді. Құдай Өзіне мойнсұнғандарға қонатын бата мен тыңдамағандарға жауатын қарғысты естеріне салып отыруды қалады.

Құдайдың батасын қай тауда жариялап отыруы керек еді? [1]

Құдайдың қарғысын қай тауда жариялап отыруы керек еді? [2]



Заңды қайталау 27:1–8 аяттарды оқыңыз.

Мұса исраилдіктерге Ебал (қарғыс жарияланатын тау) тауында тастарды жинап қоюды тапсырды.

2–4 аяттарда олар не орнатулары керек еді? [3]

5 аятта олар не тұрғызулары керек болды? [4]

Құдай исраил халқына Ебал тауының басына Өз заңдарын тасқа ойып жазып қоюды тапсырды. Соның қасына Құдай құрбандық орнын тұрғызуды бұйырды. Ол Өз халқы заңды мінсіз толық орындай алмайтынын білді. Құрбандық шалу, олардың күнәларын кешіру құралы болды. Сондықтан, құрбандық

шалатын орын, әуел бастан күнәні құрбандық шалу арқылы, кешірілетін жолға апаратынын естеріне салуға арналған.

Құрбандық шалатын орынға құрбандықтың қандай екі түрін әкелуге тиіс болды **(6–7 аяттар)**? [5]

Түгелдей өртелетін құрбандық

Түгелдей өртелетін құрбандық тек күнәні ғана кешіріп қоймайды, ол сонымен бірге өзінің бар өмірін Құдай жолына құрбан ететінін көрсетеді. Басқа құрбандықтардан ерекшелігі діни қызметкерлер бұл құрбандық етін жей алмайтын.

Ефестіктер 5:2 аятын оқыңыз. Біз Құдай алдында кешірім алуымыз үшін, Кім Өз еркімен бар өмірін түгелдей өртенетін құрбандыққа берді? [6]

Рим.12:1 аятын оқыңыз. Исаның біз үшін істегеніне байланысты, біз не істей аламыз? [7]

Ол нені түсіндіреді? [8]

Олай болса, түгелдей өртеу құрбандығы бізге нені еске түсіреді? [9]

Біз өз өмірімізді толық Құдайға арнағанда, Ол бізді Өз қуанышымен толтырады!

Татуласу құрбандығы

Әдетте құрбандыққа шалынған малдың етін діни қызметкерлер ғана жейтін. Бірақ татуластыру құрбандығына шалынған малдың етін жәй адамдар да жей алады. Оны отбасымен және көршілерімен бірге жеуге болады.

Ол құрбандық, Құдай күнәларын кешіргеннен кейін, Онымен қарым-қатынасын қалпына келуін білдіретін рәсім. Ол қуанышты басқалармен бөлісе алады!

Жаңа келісімде татуласу үшін, құрбандық орнына біз не істейміз? [10]

Иса барлық уақытқа бір-ақ рет берілген толық Құбандық болды! Енді біз кешірілдік және Құдаймен қайтадан қарым-қатынасқа түсе аламыз!

Қазіргі таңда көптеген қауымдарда, нан ұзу рәсімінде толық тамақтану өткізілмейді. Оның орнына, Исаның айқышта өлгенін еске түсіру үшін, тек нан ұзу рәсімі ғана жасалады. Татуласу құрбандығы Құдай халқы бірге ас жеуінің қандай маңызды болғанын көрсетеді. Сондықтан сіздің қауымыңызда нан ұзу рәсімі өткізіліп тұрса да, бүкіл қауым мүшесі тұрақты түрде бірге отырып тамақтанғаны өте маңызды.

Татуласу құрбандығы бізге нені еске түсіреді? [11]

Бата мен қарғыс

Заңды қайталау 27 және 28 тарауларда мыналар бар:

- Құдай заңын сақтап жүретіндерге, бата молынан беріледі
- және оны сақтамайтындарға берілетін қарғыс та көп.

Заңды қайталау 28:1–24 аяттарды оқыңыз.

Көне келісімде Құдай Өз халқын лайықты болмаса да жарылқап отырды. Дегенмен олар үнемі Оны тыңдап жүре алмады. Сондықтан, Құдай Өз халқына жіберген қарғыстар да көп болды.

Билер кітабында, Құдай халқы үнемі мына жағдайларға душар болды:

- Құдай халқы Оған бағынбай зұлым өмір сүрді.
- Құдай оларды ұзақ жылдар бойы жаулардың қанауына беріп отырды.
- Құдай халқы үнемі Құдайды көмекке шақырды.
- Құдай оларды құтқара алатын билерді жіберді.
- Бірақ олар Құдайды тыңдамай, қайтадан зұлым өмірлерін жалғастырды.

Ол осылай тоқтамастан шамамен 300 жылға созылды.

Көп жыл өткеннен кейін Ахаб Исраил патшасы болды, бірақ ол Бағалға табынып кетті. Сонда Құдай 3 жылдық құрғақшылық жіберді (3 Патш. 17:1).

Ең соңында Құдай халқы мүлде Оны тыңдай алмайтын халге жеткенде, Құдай Өз халқын жазалады. Ол ойға да кірмейтін нәрсе істеді. Ол жерді жаулап, ғибадатхананы талқандап және халықты тұтқынға әкету үшін, Бабыл әскерін жіберді (2 Шежіре 36:15–21).

Қосымша: Еремияның жоқтау кітабы

Жоқтау кітабы — Иерусалим құлағаннан кейін, Құдай халқы қайғыларын көрсететін аяттар жиынтығы.

*«Беу, бір кезде халқы мол болған қала
Жападан-жалғыз отыр қазір қалайша!
Ол сыйлы болатын халықтар арасында,
Ал енді жесірдей болды тым бейшара.
Аймақтарды басқарған ақсүйек ханша Жай
күңдей қазір ауыр жұмыс жасауда» (Жоқтау кітабы 1:1).*



Тіпті осындай қайғының өзінде де автор мыналарды жариялай алды:

*«Түгелдей құрып кетпегеніміз біздің Берік рақымынан Жаратқан Иенің,
Өйткені рақымы Оның сарқылмас дәйім,
Жаңара береді ол таң атқан сайын.
Уа, Ием, сондай зор Сенің адалдығың!
Өзіме: «Жаратқан Ие — үлесім менің,
Сондықтан үмітімді артам Оған!» деймін» (Жоқтау кітабы 3:22–24).*

Автор, бұл Құдай халқы үшін соңы емес екенін білді! Сөйтіп, көптеген сенушілер ұзақ ғасырлар бойы осы аяттардан жұбаныш тапты. Біз қандай да бір қиыншылыққа душар болсақ, осы аяттар үміт беріп, бізді де жігерлендіреді.

Бүгін, Құдай сөзін оқып отырып, осы бата мен қарғыстар, одан да үлкен нәрселерді көрсететінін түсінуіміз керек. Олар, Иса әлемді соттау үшін жер бетіне қайта келгенде, бізге беретін мәңгі бата мен қарғыстардың дәмін сездіреді.

Матай 25:34 аятты оқыңыз: Өзінің соңынан адал ергендерге Иса не дейді? [12]

Ол, біз қай кезде болсын, ести алатын өте тамаша сөздер!

Матай 25:41 аятты оқыңыз: Өзінің соңынан ермегендерге Иса не дейді? [13]

Бұл кез келген адам ести алатын ең қорқынышты сөздер!

Көне келісімдік бата мен қарғыстар нені көрсетеді? [14]

Бірақ, біздің батамыз, тек болашаққа ғана арналмаған.

Ефестіктер 1:3–8 аяттарды оқыңыз: Біз қазір бақытты өмір сүруіміз үшін, Құдай қандай жарылқау беріп отыр? [15]

Бізге берілген Құдайдың осы жарылқауы, біз қазір ие боп отырған кез-келген тәндік жетістіктерден мың есе асып түседі!

Құдайдың бізге сыйлаған басқа жарылқаулары

Дәл қазіргі сәтте сіз үшін көбірек маңызды аяттарды табыңыз.

- Ол бізге Киелі Рух береді (1 Қор. 3:16).
- Оның алдына келіп, күнәмзды мойындап кешірім сұраған сайын, Құдай бізді кешіреді (1 Жохан 1:9).
- Ол біз қиындыққа душар болғанда жұбатады (2 Қор. 1:3–4).
- Ол жаралы жүректерге жақын болады (Забур 33:19).
- Ол бізге даналық береді (Жақып 1:5).
- Ол біздің дұғаларымызға жауап береді (Жохан 14:13).
- Ол бізге сенушілерден тұратын отбасы береді (Ғал. 6:10).
- Ол бізді сүйеді (Ефес. 5:1).
- Біз шын мәнінде кім екенімізді анықтау үшін, бізге жаңа түсінік береді: Тірі Құдайдың балаларымыз! Біз бәріміз Иса Мәсіхте біртұтас болғандықтан, кім болсақ-та маңызды емес, біз құрмет пен абыройға лайықтымыз (Ғал. 3:28).

Бұлар біз қазір рахаттанып жүре алатын, жарылқаулардың бір бөлігі ғана.

Біз қазір рахаттанып жүре алатын, тағы қандай Құдайдың жарылқауларын атай аласыз?

Ал, қазіргі кездегі қарғыстар туралы не дейсіз?

«Мәсіх бізге тиісті қарғысты Өз мойнына алып, бізді Таурат заңы мәлімдеген қарғыстан құтқарды!» (Ғалат. 3:13). Енді біз Құдайдың қарғысы емес, Оның батасының аясында жүріп жатырмыз!

Егер біз Исаға шынымен сенім артсақ, Ол бізді адамдар арқылы келетін, кез-келген қарғыстан қорғап алады! Елші Пауыл Ефестіктерге арналған хатында, Құдыретті Құдайдың ұлы күшін естеріне салады: «Сендер Құдайдың шексіз құдіретінің Иемізге сенуші біздерге қаншалықты күшті әсер ететінін ұқсаңдар екен деп те Одан сұраймын. Құдай осы керемет құдіретін Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, көкке көтеріп, Өзінің оң жағындағы орынға отырғызғанда да қолданды. Осылай Мәсіх крлі билік пен өктемдіктен, күш-қуат пен әкімшіліктен, осы және келешек замандардағы бүкіл атақ пен дәрежелерден де алдеқайда үстем!» (Ефес. 1:19–21)

Егер де сізді біреу қарғап жүрсе, өзіңізді қорғау үшін, құдыреті күшті Исаның атынан дұға ете аласыз.

Сондықтан дәл қазір біз қорқатындай еш қарғыс жоқ!

Денсаулық пен байлық

Кейде бізге, Құдай денсаулық пен байлықты қазір беремін деп уәде етті дейді. Бірақ, ол шындыққа жанаспайды.

Көне келісімде егер олар Оған мойынсұнса, Құдай Өз халқына байлық пен өркендеу уәде етті. Біз сол уәденің Сүлеймен патшаның тұсында орындалғанын көреміз: «Сүлеймен патшалық құрған уақыттың бәрінде Яһуда мен Израилдің халқы алаңсыз тіршілік етіп, солтүстіктегі Даннан оңтүстіктегі Бер-Шебаға дейінгі бүкіл өлкеде әр адам өз бау-бақшасында тұрып жемістерін рақаттана жейтін» (3 Патшалық 4:25).



Бірақ ол байлық пен өркендеу, тек материалдық қана әрі ұзақ уақытқа да емес.

Құдайдың еркі бойынша, бүкіл әлем, мәңгілік батаға кенелуі керек. Ол өзгерген жүрек және Құдаймен жаңа қарым-қатынас арқылы орнайды (Езекил 36:26, Ефес. 2:18). Мәңгілік бата, ешқашан материалдық байлық арқылы орындалмайды.

Иса да және Оның елшілері де бай болмады. Елші Пауыл «шаншылып түйрелу азабынан» зардап шегіп, Құдайдан соны алып тастауды өтінгенін біз білеміз (2 Қор. 12:1–10). Және Исаны Өзі өте қатты зардап шекті, артынан ақылға еш симайатын қатыгездікпен өлтірілді. **Рим. 8:18** аятта елші Пауыл не деді? [16]

Құдаймен бірге жаңа Иерусалимде өмір сүрудің қандай ғажап екенін, біз көз алдымызға елестете алмаймыз!

Жаңа Иерусалим орнағанға дейін, біз бүгін Көне келісім жарлқауларына үміт арта алмайтынымызды түсінгеніміз маңызды. Құдыретті Құдай, біздің дұғаларымызға жауап бергенді жақсы көреді, бірақ осы өмірде қиналатын жағдайлар да кездеседі. Біз Исаға көбірек ұқсас болуымыз үшін, Құдайдың қиындықтарды қолданатынын біз білеміз (Еврейлерге 12:7–11). Бірақ, кейде біздің өмірімізге тап болып жататын қиындықтарға, неге Құдай жол бергенін білмейміз (Ишая 55:9). Егер біз еш мәселесіз деніміз сау, байлықта өмір сүріп жатсақ, онда Құдай басқаға қарағанда бізге риза дегенді көрсетеді. Ал егер өміріміз қазір ауру, қиындық және мұқтаждыққа толы болса — ол біздің қазір Құдай қарғысының астында жүргеніміз. Сондықан егер біреу қиындыққа душар боп жатса, оны Құдай жазалап жатыр деп қарамауымыз керек. Біздің міндетіміз — бір-бірімізді сүйу, қолдау және қамқорлау!

Өмір қазір қиын болуы мүмкін. Бірақ бізді ешқашан тастамаймын деп, Құдайдың Өзі уәде беріп тұр (Евр. 13:5)! Исаның соңынан аяғына дейін ере алуымыз үшін, Киелі Рух бізге күш пен қуаныш сыйлайды! Сонда біз шынайы байлық пен денсаулықты түсіне аламыз (Аян 21:3–4 және 22:1–5)!

Жарылқанған адам қазір қалай көрінеді? [17]

Сіздің ойыңызша, Құдайдың жарылқауын біз қалай көбірек иемдене аламыз? [18]

Үй тапсырмасы

Келесі сабақ алдында, **Заңды қайталау 29 және 30 тарауларды** оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – Гәризим тауы.
- 2 – Ебал тауы.
- 3 – Құдай заңдары ойып жазылған тастар.
- 4 – Құрбандық шалатын орын.
- 5 – Түгелдей өртеу және татуластыру құрбандықтары.
- 6 – Иса Мәсіх.
- 7 – Құдайға біз өзімізді тірі құрбандықтай бағыштауымыз керек.
- 8 – Ол дегеніміз, Иеміздің еркін орындап, Ол туралы басқаларға куәлік келтіріп, бүкіл өмірімізді соған арнаймыз деген сөз.
- 9 – Түгелдей өртеу құрбандығы, бізді күнәмыздан құтқаратын құрбандыққа мұқтаж екенімізді еске салады. Біз үшін, Иса Өзін құрбандыққа бергендіктен, біз өз өмірімізді тұтас Құдайға арнауға тиіспіз.
- 10 – Иса біздің күнәміз үшін өлгенін еске алу үшін, нан ұзу рәсімін жасаймыз.
- 11 – Татуласу құрбандығы, біз тәубе етіп Құдаймен қайта жақсы бола алатынымызды еске түсіреді! Иса Өзінің Киелі Қанымен бізді күнәларымыздан толық тазартып алғандықтан ғана, біз осыған қол жеткізе аламыз! Ол сондай тамаша дүние және біз оны басқа сенушілермен бірге тойлай аламыз!
- 12 – Сонда Патша оң жағындағыларға былай деп үкім шығарады: — Әкем жарылқағандар, келіңдер! Әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алыңдар!
- 13 – Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!
- 14 – Иса әлемді соттау үшін қайта оарлғанда, олар мәңгі бата мен қарғыстың не екенін толық түсінеді.
- 15 – Ол бізді Мәсіхпен байланысты өз халқы болуға алдын ала таңдап алған еді. Бұл Құдайдың әуел бастағы мақсатына сәйкес болды.

- 16 – Бізді болашақта күтіп тұрған керемет жарылқаулармен салыстырғанда, қазіргі көріп жүрген қиындықтарымыз түкке де тұрмайды.
- 17 – Бақытты адам — мыналарды біледі:
- Құдай оны әлем жаралмастан бұрын тандап алды.
 - Ол Құдайдың баласы.
 - Ол құтқарылды және кешірілді.
 - Осы өмірде онымен не боп жатса да, Құдай үнемі онымен бірге болады.
 - Және оны Құдай мәңгі Уәде етілген жерге, мәртебелі етіп, аман-есен алып келеді!
- 18 – Біз Құдайдың батасымен көбірек жарылқанамыз, егер:
- Оның сөздерін оқып, талқылап және оған мойынсұнып жүрсек.
 - Шама келгенше көп дұға етеміз.
 - Басқа сенушілермен кездесу үшін, қауымнан қалмай барып тұрамыз.
 - Иса туралы басқаларға айтып жүреміз.

Заңды қайталау 12 сабақ:

Келісімді жаңарту



Біз осы сабақта, әрбір ұрпақтың Құдайға мойынсұнуға деген адалдығын жаңартып отыруы қаншалықты маңызды екенін қарастырамыз.

29 және 30 тарауларда, Мұса және одан кейінгі Құдай халқының ұрпақтары, Құдаймен келісімді қалай жаңартып отырғанын оқимыз. Синай тауында Құдаймен келісім жасаған алғашқы ұрпақ өлді. Сондықтан енді олардың балалары мен немерелеріне Құдаймен келісімді жаңартуға тура келді.

Бүкіл Заңды қайталау кітабы сияқты, 29 және 30-шы тараулар да, сол күндердің патшалары өздері жаулап алған патшалармен жасаған ежелгі келісімдердің үлгісіне сәйкес келеді. Ол келісімдер үнемі бірдей боп жазылмады, дегенмен олар мына бес негізгі бөлімді құрады:

1. Тарихи кіріспе
2. Келісімнің жалпы талаптары
3. Келісімнің бұзылуы туралы ескерту
4. Бата мен қарғыс
5. Куәгерлер

29 және 30 тарауларды оқып шығыңыз, оқып отырғанда осы бес негізгі бөлімге назар аударыңыз.

Енді келісімнің осы бес бөлімін қарастырамыз.

1. Тарихи кіріспе (29:2–8)

Құдай өткенді естеріне түсіреді. Мұса оларға, Синай тауында өздері болғандай сөйледі (3 аят). Ал, шын мәнінде, бұлар — бірінші ұрпақтың балалары мен немерелері болды.

1 шақыру

Тарих өте маңызды. Құдай біз үшін өткен заманда істегендері жайлы оқып отырып, біз тек Құдайдың рақымы арқылы құтқарылғанымыз есімізде. Егер біз, Құдайдың біз үшін істегендерін ұмыта бастасақ, кеудемізге жел бітіп, Исаның заманындағы парызшылдар сияқты, басқа адамдарды соттай бастаймыз. Сондықтан, Құдайдың — Кім және Ол біз үшін не істегенін, сонымен бірге біз — өте жаман күнәкар адам, тек қана Құдайдың рақымы арқасында құтқарылдық, осыларды ұмытпай жүруіміз үшін, Киелі кітапты үнемі оқып отырғанымыз дұрыс.

2 шақыру

Құдай сөзін оқығанда, оқып отырған оқиғаның ортасында өзіміз бірге жүргендей елестету біз үшін пайдалы. Израил халқымен сөйлескенде Мұса дәл солай істеді: *«...Өзінің шынайы Құдай екендігін дәлелдейтін кереметтерін көздеріңмен көргенсіңдер»* (29:3). Ол оқып отырған сөздердің бізге әсерін сезінуге көмектеседі.

2. Келісімнің жалпы шарттары (29:9–15)

Заңды қайталау кітабында, Құдай заңдары туралы бізге мұқият айтылған. Осы жерде әйелдер, балалар және шетелдіктерді қоса алғанда бәрі де, орындауға міндетті келісім шарты көрсетілген, шақыру жатыр (29:11). Құдай сөзі, тек еркектер үшін, немесе тек ересектер үшін, немесе тек бізге ұқсайтындарға ғана арналған деп ойламауымыз керек.

- Балалары дүниеге келген күннен бастап, Құдай сөзіне мойынсұнуға тәрбиелеу туралы, ата-аналар алдында өте маңызды міндет тұр. Оларда, Құдай сөзі тыйым салған нәрселерді, балалары істей бере алады деген ой мүлде болмау керек.
- Біз өз ұлдарымыз бен қыздарымызды әкесі мен шешесін бірдей тындап жүретіндей тәрбие беруге міндеттіміз.
- Біз өз ұлдарымыз бен қыздарымызды, басқа адамдарға қамқорлық жасап сүйе алатындай етіп тәрбиелеуге міндеттіміз.
- Біз басқа ру немесе басқа ұлт адамдарына немқұрайлы қарамаймыз. Олар да Құдайды біліп жүруі тиіс!

3 шақыру

Құдайды сүйіп және Оны қуанытып жүруді үйрену үшін, отбасыңызда және қауымыңызда, балалар мен шетелдіктерді қоса отырып, сіз не істей аласыз?

3. Келісімнің бұзылуы туралы ескерту (29:16–29)

Басқа халықтардың неге табынатынын Құдай қалай сипаттап тұр (29:17)? [1]

Басқа құдайларға сенетіндердің ілімін, Құдай қалай сипаттап тұр (29:18)? [2]

Басқа құдайларға табына бастаса, Құдай халқымен не болмақ (29:20)? [3]

Өз халқы күнәға бата бастаса, Құдай қатты қаһарланады. Ол байқамай қалады немесе қарсы емес деп, ешқашан ойлауға болмайды! Құдай Өзі жаратқан әлемді жақсы көреді. Біздің қарым-қатынас пен әлемді құртып жатқанымыз, Оған ауыр тиеді.

Ондай адам бұл анттың сөзін естігенде: «Өз жолыммен жүрсем де, аман боламын» деп, өзіне бата шақырады. Ол суармалы және құрғақ жердің жойылуына әкеледі (19 аят): Шайтан, біз Құдайға емес, заттарға табынғанымыз дұрыс деп ойлағанымызды қалайды. Ол біз жасырын күнә жасап жүргеніміз ештеңе етпейді деп ойлағанымызды қалайды.

Күнә ешқашан дұрыс емес екеннің екі себебі бар:

1. Күнә біздің жүрегімізді жаралайды, қарым-қатынасымызды бұзады және ең сорақысы Құдайға өте ауыр тиеді.
2. Күнә жұқпалы — ол басқа адамдарды да соған итермелейді. Елші Пауыл айтқандай: «... «Азғана ашытқы бүкіл қамырды ашытады» дегенді білмейсіңдер ме?» (1 Қор. 5:6).

Біздің күнәларымыз қауымға, жақынымызға және елімізге орасан қиындық әкелуі мүмкін екенін еш естен шығармаңыз. Біздің өміріміздегі күнәларға аяусыз қарсы тұрғанымыз жақсы. Иса былай деді: *«Яки оң қолың (сияқты өте қажетті нәрсең) сені күнәға азғырса, ол сен үшін «шауып алып, лақтырып тасталған» сияқты жоқ болсын! Бүкіл денеңнің тозаққа лақтырылғанынан гөрі бір мүшесінен айырылғаның артық болар еді»* (Матай 5:30).

Егерде бір нәрсенің күнә екеніне күмәніңіз болса, өзіңізге мына екі сұрақты қойыңыз: «Осы туралы Киелі кітапта не делінген?» және «Бұл жағдайда Иса не істер еді?»

Қанахандықтардың «Бағал» құдайы, өркендеу «құдайы» сияқты болған. Оларға бәрі дерлік құлшылық етті. Қазіргі кезде көп адамдардың ойы қалай көп ақша табудан тұрады. Адамдар ақша бақыт, қауіпсіздік және жақсылық әкелетініне сенеді.

Кезінде израил халқы Құдайға және бағалға бірдей табынуға болады деп ойлағаны сияқты, қазіргі адамдар да Құдай мен ақшаға бірдей құлшылық етуге болады деп ойлайды.

Осы туралы Иса, Матай жазған ізгі хабар 6:24 аятта не дейді? [4]

4 шақыру

Ақша сынағы: Сіздің өміріңіздегі маңызды нәрсе не?



- Көп ақша табу үшін қауым адамдарымен кездесуден бас тартасыз ба?
- Жаңа телефон сатып алу үшін, қауымға беретін тиесілі ақшадан өзіңізге алып қаласыз ба?
- Мұқтаж жандарға жомарттық танытасыз ба?
- Өз қаражатыңызды қалай жарату үшін, Құдайдан кеңес сұрайсыз ба?

Осы сұрақтарға берген жауабыңыз, өзіңіздің Құдайға, немесе ақшаға қызмет етіп жүргеніңізді көрсетеді. Иса ол мүмкін емес дейді. Сіз Құдай мен ақшаға бірдей қызмет ете алмайсыз.

Келісім бұзғандарға берілетін үміт (30:1–15)

Біз бата мен қарғыс туралы оқыр алдында, келісімді бұзғандарға үміт сиялатын, Мұсаның ерекше қосымша жасағанын көреміз.

Өзінің барлық ескертулеріне қармасатын, Құдай халқы келісімдерді бұзатынын Құдай білді. Біз 4 тараудан көргеніміздей Құдай — ерекше рақымдылық Құдайы: Ол күнәні соттайды, бірақ шын жүректен тәубе еткен адамды кешіріп, қалпына келтіреді (30:1–10).

«Рухани сүндеттелу» деген нені білдіреді? [5]

Құдай халқы Құдайды шын мәнінде сүйе алатын күнді, Мұса асыға күтуде! Елші Пауыл: *«Мәсіхпен тығыз байланысқандықтан сендер «рухани сүндеттелдіңдер» де. Бұл — қолмен істелген тәннің сүндеттелуі емес, Мәсіхтің «рухани сүндеттеуі», яғни Оның ескі күнәкар болмыстарыңды түгелдей алып тастауы»* (2 Қолос. 2:11).

Біз күнәға қатерлі ісікке қарағандай қарауымыз керек: ол бүкіл денемізге тарап, өлтірмей тұрғанда бірден кесіп алып тастау керек! Ол әрине қаты ауыртуы мүмкін, бірақ өмір сүру үшін маңызды іс шара!

Біздің қажетімізді бере алатын, жалғыз күштің иесі кім (Заңды қайталау 30:9)? [6]

Содан Құдай Ие қолға алған барлық іс-әрекеттеріңді молынан жарылқап, сендерге көп бала, сансыз мал, ағыл-тегіл өнім сыйлайды (9 аят). Қанахандықтар Бағал құдайлары сау бала және мол өнім береді деп сенді. Құдай, Өзінің халқы осы байлықты бере алатын жалғыз билік иесі, ешқандай Бағал емес, Өзі екенін білгенін қалады.

Өз күнәларына шын өкініп, теріс жолдан қайтқан адамға, Құдай не істейді (9 аят)? [7]

Құдай сонысына қуанатын болады (9 аят)! Бұл әлемдегі ең тамаша сөз! Ол шын мәнінде тәубе еткен адамға арналған. Ол нәрсе, Иса астарлы әңгімесінде келтіргендей, жоғалтқан қозысын тауып алған бақташының қуанышына ұқсас (Лұқа 15:6–7).

Әр күннің әр минутында, қандай таңдау жасауымыз керек (Заңды қайталау 30:19–20)? [8]

Өмірді таңда... Себебі шынайы өмірлерің осы (19–20 аяттар): Мұса Құдай халқына таңдауды ұсынды: өмір мен бата немесе өлім мен зұлымдық (15 аят). Дәл сол сияқты бізде, Жохан жаған ізгі хабарда айтылғандай «Жол, шындық және шынайы өмірдің» соңынан еруге шақырылды (Жохан 14:6). Тек Исаға сену арқылы ғана мәңгілік өмірге ие боламыз (Жохан 17:3).

4. Бата мен қарғыс (30:16–18)

16–18 аяттарда мойынсұнғаны үшін қандай жарылқау және тыңдамағаны үшін қандай қарғыс алатынымыз қайтадан айтылған? [9]

Бізге арналған бата мен қарғыс жайлы толығырақ мәліметтерді 11 сабақта табуға болады.

5. Куәгерлердің соңғы шақырылуы (30:19)

Көне заманда, жаулаушы патша мен жеңілген халық арасына соңғы келісім жасарда, куәлік етуге құдайлар шақырылған. Әлбетте, олар осы келісімге, пұтқа табыну құдайларды куәгерлікке шақыра алмады. Сонымен Құдай, Өз жаратылысын куәлік ретінде қолданды.

Некеге отыру салтанаты, бір адамның бір әйелге үйленгені бәріне аян болуы үшін, жалпыға арналған іс шара. Егер де олардың бірі өз келісімінен бас тартса, куәгерлер қажет болады. Дәл сол сияқты, Құдай мен Құдай халқының арасындағы келісім де, жалпыға аян іс шара. Егер Құдай халқы Құдайға қарсы шықса, Өз жаратылысы Өз халқына қарсы дауыс көтереді. Заңды қайталау кітабының 28 тарауындағы қарғыс, осы жайлы ескертеді (Заңды қайталау 28:16–19 аяттарды қараңыз).

Жаңа келісімде елші Пауыл бізге былай деді, жаратылыстың өзі өткіншіліктен босатылатын күнді асыға күтуде (Рим. 8:21). Таза мінсіз жаратылыс келе жатыр! Бірақ біз әзірше, толық қиындықта өмір сүрудеміз (Жар. баст. 2:15). Біздің міндетіміз — Құдайдың бізге қазір берген, тамаша жаратылысына қамқор болу (Жар. баст. 2:15)!

Келісімді жаңарту

Сонымен, Құдай халқының келесі ұрпағы, Құдаймен өз келісімін қалай жаңартқанын көрдік. Сол сияқты, біз де бүгінгі күні сенушілердің балалары, Исамен келісімін ел алдында жариялауға мүмкіндік жасаймыз. Осы іс шараны қауымыңызда қалай атқара аласыз?

Заңды қайталау кітабының осы екі тарауы арқылы Құдай сізге бүгін не деді?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастар алдында, **Заңды қайталау 31 және 32 тарауларды** оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – Олар жиіркенішті.
- 2 – Улы тамырдан ащы, улы өсімдік өсіп шығады.
- 3 – Олар Құдай сотының қаңарына ұшырайды.
- 4 – *Ешкім де екі қожайынға бірдей қызмет ете алмайды. Ол біреуін жақсы көрсе екіншісіне жаман қарайды немесе біреуіне адал болса, екіншісін менсінбейді. Сіз Құдай мен байлыққа бірдей қызмет ете алмайсыз.*
- 5 – Ол дегеніміз, Құдай біздің жүрегіміздегі күнәлі әдеттердің бәрін тамырымен жояды.
- 6 – Тек Құдай ғана біздің қажетімізді бере алады.
- 7 – Ол олар үшін қуанады!
- 8 – Біз өлім жолын емес, өмір жолын таңдауымыз керек.
- 9 – Батаның нәтижесі, Уәде етілген жерде олар өмір сүреді, көбейеді және Құдайдың батасымен жүреді. Қарғыстың нәтижесі, олар жойылады және Уәделі жерде ұзақ өмір сүре алмайды.

Заңды қайталау 13 сабақ:

Болашаққа көзқарас



31 және 32 тарауларда, Мұса өзі бұрын айтқандардың көбін қайталайды. Бірақ, ол оларды жаңаша айтады, сондықтан бұрынғы айтылғандар жүрегімізге жаңаша әсер етуі мүмкін. Осы тараулар бізге, Құдай — біздің сенімді, мейірімді және мінсіз Патшамыз екенін есімзге салады; біз Одан оңай бас тарта аламыз; және солай болса да, Өзімен бұзылған қарым-қатынасты қалпына келтіруді жалғастыра береді. Сондықтан, ризалық ниетпен, Құдайға деген құрметімізді көрсетіп және Оның сөзіне мойынсұну үшін, бәріміз бірге күш салып қызмет етейік.

Құдай бізбен бірге

Заңды қайталау 31:1–8 аяттарды оқыңыз.

Бұл тарауда Мұса Құдай халқын, өзі араларында болмаған кезге дайындауды жалғастыруда.

Мұса халықты Иордан өзенінің арғы жағындағы Уәделі жерге апармайды.

Мұса 31:3 аятта халыққа не деді? [1]

Ешуа Навин халықтың келесі көсемі болса да, шын мәнінде олардың Патшасы және жеңілмейтін Әскері Құдайдың Өзі екенін ол халықтың есіне салып тұр.

8 аятта Мұса Ешуа Навинге не деді? [2]

Ешуа Навин кітабындағы (Ешуа1:5) осы тамаша кепілдік, Исаға арналып қайталанған, кейін Жаңа келісімде біз үшін де қайталанып тұр (Матай 28:20; Еврейлерге 13:5)! Жетекшіміз немесе тәлімгеріміз бізден бас тартуы мүмкін, бірақ Құдай бізді ешқашан тастамайды!

1 шақыру

«Ол сені ешқашан тастап та кетпейді, жалғыз да қалдырмайды» деген, Мұсаның Құдай туралы айтқан өте құнды мына сөзі кімге арналған (Заңды қайталау 31:8)?

Егер сіз тұрып жатқан жеріңізде, жұмысыңызда немесе отбасыңызда қиын жағдай боп жатса, осы маңызды сөздерді есіңізде ұстаңыз. Егер біз Құдайды сүйіп, Оған мойынсұнуға тырысып жүрсек, Ол бізді ешқашан жалғыз қалдырмайды және тастамайды!

Сізде осыған күмәнмен қарайтындай жағдайлар болды ма?

Әркім Құдайдан қорқуды үйренуі керек.

Заңды қайталау 31:9–13 аяттарды оқыңыз..

Сонымен бірге Мұса, Құдай халқы Құдай заңдарын білуі тиіс екенін, халықтың есіне салды.

Кім Құдайдың заңдарын тыңдап, зерттеуі керек (12–13 аяттар)? [3]

Мұса Құдай заңдарын жазып, Израил халқының көсемдері мен ақсақалдарына берді. Құдай сөзі жазылған жалғыз данасы тек солардың ғана қолдарында болды. Олардың жұмысы әйелдер мен балаларды қос алғандағы барлық Құдай халқын осыған үйрету болды. Бүгінгі күндері сенушілердің көбі, Киелі кітапты өз бетінше кітаптан немесе өз телефонынан оқи алады. Бірақ, кейбір сенушілер Киелі кітапты балаларымен бірге оқымайды. Балалардың Киелі кітапты жастайынан оқып үйренгені өте маңызды.

2 шақыру

Киелі кітапты өз балаларына оқып беру, ата-аналардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айландыруы керек. Қауым Киелі кітапты балалардың деңгейіне сәйкес оқытқаны дұрыс. Сонда олар да, Киелі кітапты сүйіп оқуды үйренеді.

Осылар сіздің үйіңіз бен сіздің қауымда жасала ма? Егер жоқ болса, балалар Киелі кітап оқып үйрену үшін, сіз не істей аласыз?

Құдайды қалай тез ұмытып кететінімізді, Құдай жақсы біледі.

Заңды қайталау 31:14–29 аяттар.

Құдай халқы өздерін құтқарып, қамқор боп және сүт аққан молшылық жерге әкелген, Құдайға сенімсіз екенін, Мұса білді (15–29 аяттар).

«Мен олардан бас тартып, бет-жүзімді жасырамын» (17–18 аяттар): бұл біз үшін өте қорқынышты жағдай: Құдай бізден бет-жүзін жасырады.

Оның жүзіне байланысты, халыққа бата берерде, дін қызметкерлері Құдайдан не сұрайды (Руларды санау 6:24–26 аяттарды қараңыз)? [4]

Жаңа келісім, бізге Исаның соңынан ерген әркім Құдайдың жүзін көреді деген тамаша уәде береді (Аян 22:4)!

Құдай Өз халқынан бас тартпағанына таңқаласың! Біз Оны қанша ренжітсек те, Ол бізге үнемі қайта оралатын мүмкіндік жасайды. Ізгі хабар, ол шын мәнінде қаунышты хабар!

3 шақыру

Біз Құдайдан оңай бас тартамыз. Өз күнәңізді көрсет деп, Құдайдан күнде сұрайсыз ба? Жүрегімді Исаның қанымен тазартшы деп, Құдайдан күнде сұрайсыз ба?

Біз өміріміздегі күнәмен ешқашан келісе алмаймыз! Бір күнә басқа күнәні оңай тудыра алады. Күнәміз өсіп, Құдайдан ажыратып алмау үшін, біз күнде тәубе дұға жасауымыз керек.

Мұсаның жыры

Біз 32 тарауда Мұсаның халыққа үйретіп, ән салдырған жырын оқимыз. Бұл қайғыға толы жыр. Ол Құдайдың Өзінің сүйікті халқынан әбден көңілі қалғанын көрсетеді. Халықты Құдайға опасыздықтан сақтандыру үшін, осы жырды болашақ ұрпақ айтып жүргенін қалады (31:19).



4 шақыру

Жыр — маңызды шындықты есте сақтау үшін жақсы әдіс. Ол біздің жүрегіміз бен санамызда ұзақ сақталады. Сондықтан, қауым жиналыстарында шындыққа толы, өмірімізді өзгерте алатын және Құдай сөзіне сай жырларды таңдағанымыз дұрыс. Сіздің қауымыңызда, айтылатын әндер, Киелі кітаптың сөздеріне сәйкестендіріп, мұқият таңдала ма?

32 тарауды оқыңыз онда Құдай мен Құдай халқы туралы бізге не үйрететініне назар аударыңыз.

Мұса, ираилдіктер Құдай және Құдай халқы туралы маңызды шындықты естеріне сақтап жүргенін қалады.

- **Құдай туралы не білеміз (4,6,10–14,16,18,19,21 аяттарын қараңыз)?** [5]

- **Құдай халқы туралы не білеміз (9 және 10 аяттар)?** [6]

Құдайдың меншігі (мұрасы) (9 аят): Құдай халқы енді Құдайға тиесілі. Бір күні Құдай Өз халқымен әрқашан мінсіз және қанағаттанарлық қарым-қатынаста болады!

Бұл айттырылған қалыңдық секілді. Ол болашақ күйеуінің меншігі, бірақ некелік қарым-қатынас рахатын тек үйлену тойдан кейін ғана көреді. Аян кітабында Исаның қайта оралуын, Оның үйлену тойы секілді суреттелген (Аян 19:7). Дәл сол сияқты Заңды қайталау кітабында Құдай Өз халқының сүйспеншілігі үшін қызғанышпен қарайды.

Көздің қарашығындай (10 аят): көз — жан-тәнімізбен қорғайтын, денеміздегі ең сезімтал мүше. Басқаларға қарағанда, Құдай Өз халқын қатты сүйеді және оны жамандықтардан қорғап жүреді!

- **Құдай халқы қандай жағдайда Одан бас тартуға бейім тұрады (15 аятты)? [7]**

Олардың жүзім бұталары Содомнан әрі Гомора бақшасынан (32 аят): ол екі бай қала тұрғындары асқан зұлым болды да, Құдай оларды жойып жіберді, ол туралы Жаратылыстың басталуы 19 тарудан оқи аласыз. Құдайға және Оның жақсы заңдарына қарсы болуын тоқтатпаса, ираилдіктерді де сондай оқиға күтті.

- **Адамдар табынатын жалған құдайлар туралы не білеміз (17 және 21 аяттар)? [8]**

Олар ештеңе де істей алмайды және оларда ғажайып тарих пен құтқарылу жоқ.

Олар шайтанға құрбандық шалды (17 аят): Әркім затқа немесе біреуге табынады. Бірақ адамдар неге табынып жатқандарын түсіне алмайды, ал оның артында шайтан тұр. Шайтан өзіне табындыру үшін, бізді Құдайдан алып кетуді жақсы көреді.

- **Құдай Өз халқының опасыздығына не істейді (20–23 аяттар)? [9]**

Мен халық сиқы жоқ бөтендер арқылы Олардың қызғаныштарын тұтандырамын (21 аят): Құдай Өз халқынан бас тартып, бөтендерді Өз Патшалығына не үшін тартқанын түсіндіру үшін, елші Пауыл осы аятты Римдіктерге 10:19 аятта қолданды. Ираил халқы басқа құдайларға табынып, Құдайдың қызғанышын оятты. Сондықтан Құдай пұтқа табынушыларды құтқарып, олардың қызғаныштарын тұтандырды (**Рим. 11:11,14**).

Халқымның басына пәлелер түсіремін (23 аят): Құдай осындай қатыгездікке барды. Егер Ол осылай істемесе, Оның халқы сенімдерін жоғалтып, құрып кетер еді. Құдайдың Ыбырайымға берген аяны жойылар еді. Сондықтан Құдай туралы, Оның келісімі, Оның заңы, Оның жері, Оның халқы және Оның мақсаты туралы шындық, Оның Жалғыз Ұлы қайта оралғанға дейін сенімді сақталуы тиіс (**Жохан 3:16**).

- **Құдай халқының даналығы туралы не білеміз (28 аятты)? [10]**
- Құдайдың мәселелер арқылы берген сабақтарын, олар мүлде теріс түсінді. Оның кең тараған мәселе болғаны соншалық, Көне келісім пайғамбарлары, халықты жиі қойлар деп атады (мысалы: Ешуа 53:6, Еремия 50:6). Олар ақылсыз, басқалар не істесе соны қайталады. Бірақ Құдай мейірімді Бақташы бейнесінде суреттеледі, егер біз Оның соңынан ерсек, біз қауіпсіздікте боламыз және Ол бізге қамқор боп жүреді (**Забур 22**). Және ол бізді ең ерекше шындыққа апарады:

- **39–43 аяттардан біз Құдайдың не істейтіні туралы білеміз? [11]**

Халық қатты әлсірегенде (36 аят), Құдай көмек қолын созып, барлық жауларын жеңіп береді (41–42 аяттар).

Ол Өз жері мен Өз халқын тазалайды (43 аят): Таңқаларлық жағдай, Құдайдың Өзі күнәларын тазалайды. Әдетте, адамдар күнәларына кешірім алулары үшін, құрбандықты дінбасылары шалатын (Леуліктер 6:7), ал мына жерде, Құдайдың Өзі соны істеп отыр!

Біз Жаңа келісімнен білетініміз, бүкіл әлемге Құдай Ұлы әкелген, жалғыз толық құрбандықтың арқасында күнәдан арылу мүмкіндігі пайда болды! (1 Жохан 4:10). Бірақ, біз күнәларымыздың тазару үшін, ол үшін алдымен күнәмізді мойындап, Құдай алдында тәубе етуіміз керек (1Жохан 1:9).

5 шақыру

Құдайдың кім екенін, өзіңіздің кім екенін, қаншалықты күнәкар екеніңізді және Ізгі хабардың қандай тамаша екенін күнделікті мойындайсыз ба?

Қосымша: Құдай — біздің Жартасымыз

Осы жырда Құдайды «жартас» ретінде 5 рет қолданған (4,15,18,30,31 аяттар).

Айдаладағы алып тасты елестетіңіз. Құдай туралы Ол не сөз? [12]



Біз осы бейнелі сөзді түсінуіміз үшін, келтірілген басқа да пікірлер бар. Кейде жартастар азық береді:

«Жартастағы ғядан оған бал сорғызды, Тастақта өскен зәйтүннен май ағызды» (13 аят): Бал беретін жабайы аралар, жартастың жарықтарына ұя салады. Ал зәйтүн ағаштары басқа ағаштар өсе алмайтын жерде, соның ішінде тасты жерлерде де өседі.

Құмның үстіне салған үйден, жартасқа салған үй мықты болады. Осы астарлы әңгімені Иса айтты (Матай 7:24–27).

Сонымен, «Жартас» сөзі, Құдай сенімді және Ол бізді мұқтаждықтарымызды қамтамасыз ететінін айтып тұр. Басқа «құдайлардан» пайда жоқ. Олар бізді қорғамайды, көмктесе алмайды және қамқор да бола алмайды. Олар, үстіне өз өмірімізді құра алатын, мықты ірге тас та бола алмайды. Шын мәнінде, өмірімізді жалған құдайлармен тұрғызсақ, ол біздің өлімге бара жатқанымыз (Матфея 7:27).

Осы сабақта Құдай сізге не деді?

Сіз осы 5 шақырудың қайсысы туралы көбірек ойланып, дұға етесіз?

Үй тапсырмасы

Келесі сабақты бастар алдында **Заңды қайталау кітабының 33 және 34 тарауларын** оқыңыз.

Жауаптар

- 1 – *«Сендерді сол өзеннен бастап өткізетін Құдайларың Жаратқан Иенің Өзі. Ол алдарыңдағы жау халықтардың бәрін қырып, сендер осы елді иемденетін боласыңдар».*
- 2 – *«Себебі Құдайларың Жаратқан Ие сендермен бірге жүріп жар болады. Ол сендерді ешқашан тастап та кетпейді, жалғыз да қалдырмайды».*
- 3 – Ер адамдар, әйелдер, балалар, шет елдіктер және қала тұрғындары.
- 4 – *«Жаратқан Ие сені жарылқап аман сақтай көрсін, Жаратқан Ие саған бетінің нұрын төгіп рақымды бола көрсін, Жаратқан Ие саған бет-жүзін бұрып тыныштық сыйлай көрсін!»*
- 5 – *Ол жартас (4 аят), Оның істері мінсіз (4 аят), Оның жолы адал (4 аят), Ол сенімді, әділ, шынайы (4 аят), Ол Әке, Жаратқан Ие (6 аят), Ол оларды айдалада тапты, оларды сақтап қамқор болды (10 аят), Ол балапандарын қанатына отырғызып алып жүрген бұркіт сияқты (11 аят); Ол оларға тамақ берді асырады (13 аят), Ол оларды дүниеге әкелді жаратты (18 аят), Ол қызғаншақ әрі қанаарлы (21 аят).*
- 6 – *Оның халқы — Оның меншігі, мұрагер ұрпағы және көзінің қарашығы.*
- 7 – Адамдар байыған сайын, Құдайды керек қылмайды. Олар Құдайдың өздерін жаратқанын, құтқарғанын және қамқор боп жүргенін естен шығарып алады... *олар Құдайдан теріс айланып кетті.*
- 8 – Ол «енді пайда болған» жындар.
- 9 – Құдай олардан жүзін жасырады; Ол Өз халқы еместі шақырып, қызғаныштарын тұтандырады; оларды пәлеге душар етеді.
- 10 – Ол халық ойлары жоқ, ақылсыздар.
- 11 – Құдай Өз халқын тірілтеді, оларды сауықтырады, жауларынан кегін қайтарады, оларға жерді Өзі алып береді.
- 12 – Ол оларды «дауылда» ық, «ыстықта» көленкемен қамтамасыз етеді.

Заңды қайталау 14 сабақ:

Соңғы ескертулер және ынталандырулар



33 және 34 тарауларда біз Мұсаның халыққа айтқан соңғы ескертулері мен ынталандыруын оқимыз. Осы курстың соңғы сабағы арқылы, Құдай сізге қандай ескерту мен ынталандыру беріп тұрғанына назар аударыңыз.

33 тарауда біз Мұса 12 руға батасын бергенін көреміз. Бұл осыдан 500 жыл бұрын Жақып өлер алдында, 12 ұлына берген батасына ұқсас (Жар. басталуы 49:1–27). Мұса осылай істеуі арқылы халыққа Құдайдың 500 жыл бұрын берген Өз уәдесіне берік екенін естеріне салды! Олар Иордан өзенін Мұсасыз бірақ Құдаймен өтуге жиналды! Құдай ары қарай да халқына адал боп қала береді!

Соңғы 40 жыл ішінде Мұса осы руларды жақсы білді. Бұл оның маңызды нәрсе туралы айтатын соңғы мүмкіндігі. Олардың аса байлықта және рухани қауіпсіздікте өмір сүретін орын, ол Уәде етілген жер еді. Сондықтан, жақсы бақташы ретінде, ол өз халқына қайтадан ескерту жасайды және оларға үміт берді.

Мұса 12 руға батасын берді

Заңды қайталау 33 тарауды оқыңыз, бірақ онда сіз білмейтін есімдер кездесіп жатса көңіліңізді түсірмеңіз. Өзіңізді Мұсаның соңғы сөздерін естіп тұрғандардың арасында тұрғандай елестетіңізші. Сізге бәрінен көбірек әсер еткен, аяттар мен сөздерге назар аударыңызшы. Тарауды оқып, өз тобыңызда бөлісіңіз.

Төменде Мұса олардың есіне салып отырған кейбір шындықтардан үзінді келтірілген:

- Өзі Мысырдан алып шыққан, халқымен келісім жасау үшін, Құдай көктен түсті (1–5 аяттар). Дәл сол сияқты Жаңа келісімде де Құдай Исаның бейнесінде бізбен өмір сүрді (Жохан 1:14).
- Жанжал мен қарсыласу өмірдің бір бөлігі (7,11,20,22 аяттар).
- Жетекшілер, Өз өмірінде Құдайды бірінші орынға қойып, үлгі көрсетуі керек (8–10 аяттар).
- Құдай Өз халқын қорғайды және оларға қамқор болады (12 аят).

- Рухани кемелдену азаптар көру арқылы келеді, Жүсіп рухани жетістікке жеткенге дейін, көп жылдар құлдықта, содан кейін түрмеде болды (13–17 аяттар).
- Құдайға қуанып және басқаларды Оған мойынсұнуға шақыратын адам, Құдай халқы боп саналады (18–19 аяттар).
- Қанахандықтармен соғысу үшін риясыз аттанып, тіпті олар жерін қорғап қойған кезде де Израилдің басқа руларымен бірге болғаны үшін, Құдай Өзіне мойынсұнған Ғад руын марапаттайды (20–21 аяттар). (Біз ол туралы 4 сабақта оқыдық, Руларды санау 32:16–19 аяттарды қараңыз).
- Құдай олардың көмекшілері болады (23–29 аяттар).
- Құдай — Өз халқының қамқоршысы болған құдыретті Патша (26–29 аяттар).

Осы шындықтардың қайсысын бүгін есіңізде ұстайсыз?

1 шақыру

Сізді құтқарып, сізге қамқор боп жүргені үшін, Құдайды күнде мадақтайсыз ба? Егер жоқ болса, онда осыны әдетке айналдырып, өміріңіздің бір бөлігі етіңіз.

Мұсаның өлімі

Заңды қайталау 34 тарауды оқыңыз.

Мұса өлер алдында не істеді (1–4 аяттар)? [1]



Сонда Құдай оған сол жерді тұтас көрсетті (1аят):

Израилдіктер үшін «жерді көру» сол жердің иесі болу үрдістің басталғанын білдіреді. Жаратылыстың басталуы 13:14–15 аяттарда Ыбырайымның жерді көргені туралы жазылған. Исаны өзіне табындыру үшін, шайтан Оған әлемнің барлық патшалықтарын көрсетті (Матай 4:8). Ал Исаның астарлы әңгімелерінің бірінде, бір адам тойдан бас тартқан себебін, «жер сатып алып, соны көруге бара жатқанын» айтып түсіндіреді (Лұқа 14:18). Сөйтіп, Мұсаның Уәде етілген жерді көруі, Құдай халқының атынан, сол жердің иесі деген ерекше мүмкіндік болып саналады.

Ең соңында Мұсаға Уәделі жерге кіру мүмкіндігі қашан берілді? Матай 17:1–3 аяттарын қараңыз. [2]

Мұса сияқты біз де Уәде етілген мәңгілік жерді (Жаңа Иерусалим) алыстан көре аламыз, бірақ әзірше оған кіре алмаймыз. Еврейлерге арналған хатта жазылғандай: *«Ыбырайым, Ысқақ, Жақып үшеуі де сенімдерін ұстанған күйі дүние салды. Тәңір Ие өздеріне уәде еткен игіліктерді иемденбестен соларды тек алыстан ғана көріп, қуанды. Олар өздерінің жер бетінде тек жат жұрттық келімсек ретінде тұрғандарын мойындады»* (Еврейлерге 11:13).

Дәл сол сияқты Петір де былай жазады: *«Иеміз Иса Мәсіхтің Әкесі — Құдай мадақталсын! Ол бізге зор мейірім көрсетіп, рухани қайта туғызып жаңа өмір сыйлады және Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілтуімен бізді тірі үмітке кенелтті. Сондықтан да Құдайдың өз халқына сақтаған*

мол игілігін иемденуімізді күтеміз. Ешқашан шіріп бұзылмайтын, өшіп-солып қалмайтын сол мұраларың сендер үшін көкте дайын тұр. Құдай Өзіне сенуші сендерді қддіретті күшімен қорғап, заманның ақырында осы күнәкар дүниеден құтқаратын болады, сол кез жеткенде бұл айқын көрінбек» (1 Петір 1:3–5).

Біз мұрагерлерміз, өйткені Құдайдың балаларымыз (Жохан 1:12), бірақ көктің аржағындағылардың бәрінің иесі емеспіз. Тек Жаңа Иерусалимде ғана Уәделі жердегі барлық игіліктерді иелене аламыз, Уәделі жерде бізді не күтіп тұр: күнәсіз өмір, тамаша қарым-қатынас, мәңгі жақсы денсаулық және шексіз даму!

Мұсаның Уәделі жерді алыстан көруі, біздің бүгінгі тәжірибемізге қалай ұқсайды? [3]

Мәңгілік Уәделі жерге көз алмай қарай алуымыз үшін, не істей аламыз? [4]

Жаратқан Иенің қызметшісі (5 аят): елшілер өздерін осылай атады (мысалы, Рим. 1:1; Жақып 1:1; 2 Петір 1:1). Әрбір сенуші Жаратқан Иенің қызметшісі болу керек. Біз, Иеміздің еркін орындап, Оның даңқы әлемге паш етілуіне қандай үлес қоса аламыз деп, үнемі ойланып жүргеніміз дұрыс. Біз өзімізге ләззат пен даңқты қалай әкелеміз деп ойламауымыз керек.

Қызметшінің міндеті қандай? [5]

Қосымша: Жаратқан Иенің Қызметшісі

Ишая кітабында «Жаратқан Иенің Қызметшісі» атауы өте маңызды. Төрт үзіндіде* Ишая Исраилдің Құдайға қайта оралуына мүмкіндік беретін, Жаратқан Иенің Қызметшісі туралы айтады. Ол аз дегендей осы Қызметші барлық халықтың Құдайға қайта оралуына мүмкіндік береді. Ол оны адамдардың күнәларын Өз мойнына алып өлуі арқылы іске асырды (Ишая 53:5–6).

*Ишая 42:1–9; 49:1–12; 50:4–9; 52:13–53:12

Оның сүйегінің жерленген жерін ешкім білмейді (Заңды қайталау 34:6 аят): Мүмкін, Құдай Мұсаның Уәделі жерге кіруіне мүмкіндік бермегеннің бір себебі осы болар. Құдай Өз халқының теріс жолға оңай түсіп кететінін білді. Исраил халқы үшін Мұса өте маңызды адам, ал оның зиратын халық табынатын киелі орынға айландыра салуы әбден мүмкін. Қазіргі күндері көптеген адамдар «киелі адамдардың» зиратына барып көмек сұрап, аруағына бағыштап дұға етіп жүрген сияқты, олар да Мұсаның зиратына барып, солай істер еді. Сөйтіп Мұсаның жерленген жерін ешкім білмес үшін, Құдай оны Уәделі жерге жеткізбей қайтыс болуына мүмкіндік жасаған сияқты.

Жаратқан Иемен бетпе-бет кездесу (Заңды қайталау 34:10 аят): Өміріміздегі күнделікті мәселені шешу үшін, барлық сенушілер, Құдаймен күнделікті кездесіп отыруы маңызды. Ол әсіресе жетекшілерге қатысты.

2 шақыру

Сіз Құдаймен күнде кездесесіз бе? Егер жоқ болса, өзіңізден сұраңыз, әр күні қанша уақытыңызды телефон немесе теледидар көруге жұмсайсыз. Сізге қайсысы маңызды: әлеуметтік желідегі хабарламаларды қарау ма, әлде Киелі кітап оқу ма?

Құдаймен жақын қарым-қатынас жасап, жігерленіп жүргеніңізге көз жеткізу үшін, сіз қандай өзгеріс жасай аласыз?



Бүкіл исаилдіктердің көз алдында Мұса жасаған сондай ұлы күш пен қорқынышты ғажайып оқиғаларды ешкім ешқашан жасаған жоқ (Заңды қайталау 34:12 аят): Заңды қайталау кітабы дерлік, Мұсаның сөздерінен құрылған. Бірақ кейін біреу оған түзетулер енгізіп, қазіргі біздің қолымыздағыдай етіп жөндеген. Сондықтан біз, «Мен айттым» деп емес, «Мұса айтты» деп оқимыз. Және кітаптың соңында Мұсаның қайтыс болғаны туралы оқимыз. Осыған түзету енгізген адам, Мұса қайтыс болғаннан кейін ұзақ уақыт өмір сүрген сияқты. Біз Құдайдың Мұсаны қалай рухтандырса, осыны түзеткен адамды да Құдай солай рухтандырғанын білеміз. Түзетуші редактор исаил тарихына көз жүгіртіп, көптеген пайғамбарлардың қалай келіп, кеткенін көрген адам. Бірақ, ешқайсысы да Мұса сияқты ұлы болмады.

Құдайдың ұлы қызметшісі ретінде Мұса сондай нәтижеге қалай қол жеткізді? Мысырдан шығар кезде Мұса не деп дұға етті (Мысырдан шығу 33:13)? [6]

Мұсаның өміріндегі ұстанғаны:

- Құдайдың жолын үйрену,
- Құдайды тану,
- және Құдайдан рақымдылық табу.

3 шақыру

Сізді не жетелейді?

Сол жетелеуден қандай нәтиже күтесіз?

Құдай сізді шақырып отырған, Иеміздің кемелді қызметшісі болу үшін қандай өзгерістер жасағыңыз келеді?

Мұса тек Құдай халқын құлдықтан құтқарып, Уәделі жердің шетіне дейін бастап бармады. Ол сонымен бірге Құдай халқы үш жарым мың жыл бойы оқып келе жатқан, Құдай сөзін жазды!

Көне келісімдегі, Киелі кітаптағы бірінші бес кітапты Мұса, Құдай Рухының жетелеуімен жазды. Құдайдың Кім екенін біз түсінуіміз үшін, ол өте маңызды рөл атқарады.

Құдай халқының қанша қарсылық көрсеткеніне қарамастан, Құдай сенімді боп қала берді.

Тіпті Ол қазірдің өзінде, күндердің күнінде орындалуы тиіс мақсаты үшін, жұмысын жалғаструда:

- киелі халық (Аян.20:6),
- барлық рудан (Аян.7:9),
- мәңгі Уәделі жерде қауіпсіз, тыныштықта және өркендеп өмір сүретіндер (Аян.22:1–5),
- Бәрін бірдей сүйтін, Патшалардың Патшасы билігінің қол астында өмір сүретіндер! (Аян 19:16)

4 шақыру

Әр ұлттан адамдарды жинауға арналған Құдайдың ұлы жоспарына қосылу үшін, сіз не істей аласыз?



Сабақ барысында Құдай сізге не деді?

Жауаптар

- 1 – Уәделі жерді алыстан көру үшін, таудың басына шықты.
- 2 – Петір, Жақып және Жоханның көз алдында, Иса таудың басында өзгеріп ерекше ғажайып түрге енді.
- 3 – Біз мәңгі Уәделі жерді алыстан көре аламыз, бірақ әлі оған кіре алмаймыз. Біз мұрагерлерміз өйткені Құдайдың балаларымыз, бірақ көктің аржағындағылардың бәрінің иесі емеспіз.
- 4 – Исаның соңынан қалай еруге болатын туралы, Құдай сөзін оқып және сол жайлы ойланып және басқа сенушілермен кездесіп, біз Уәделі Жерге көз алмай қарай аламыз.
- 5 – Қызметшінің міндеті — өз қожайынына бағынып әмірлерін бұлжытпай орындау.
- 6 – *Сені тану үшін, Сені табу үшін және Сенің рақымдылығыңа ие болу үшін, мені Өз жолдарыңа ұйрете гөр. Есіңе алшы: осы адамдар — Сенің халқың*

ҚҰТЫҚТАЙМЫЗ!

Сіз Заңды қайталау курсын толық аяқтап шықтыңыз!

Біз осы тамаша кітаптан және Киелі кітаптың басқа жазбаларынан Құдыретті Құдай және Оның ықпалы туралы көбірек біле аламыз! Осы курсты құрастырушылар, сізге осы кітапқа және әрине Құдайдың Өзіне деген өмірлік сүйіспеншілігіңіз артуға көмек болсын деген мақсатпен құрастырды!

Сіз осы сабақтарды кіммен бөлісе аласыз?

Мазмұны

Заңды қайталау 1-ші сабақ:	Пайғамбар және Уәде	5
Заңды қайталау 2 сабақ:	Басшылар мен ерушілер	14
Заңды қайталау 3 сабақ:	Бірлік және Жаңа Көшбасшылық	22
Заңды қайталау 4 сабақ:	Өмірді таңда	28
Заңды қайталау 5 сабақ:	Құдайдың соты мен рақымдылығы	34
Заңды қайталау 6 сабақ:	Он өсиет (1 бөлім)	41
Заңды қайталау 7 сабақ:	Он өсиет (2 бөлім)	48
Заңды қайталау 8 сабақ:	Жаратқан Иені, өз Құдайыңды сүй	55
Заңды қайталау 9 сабақ:	Жерді жаулау	62
Заңды қайталау 10 сабақ:	Құдай заңдары	70
Заңды қайталау 11 сабақ:	Бата мен қарғыс	78
Заңды қайталау 12 сабақ:	Келісімді жаңарту	85
Заңды қайталау 13 сабақ:	Болашаққа көзқарас	91
Заңды қайталау 14 сабақ:	Соңғы ескертулер және ынталандырулар	97

14 сабақтан тұратын осы курс, сізді Заңды қайталау тамаша кітабымен алып жүреді. Заңды қайталау, Көне келісімнің басқа бөліктеріне сияқты, Жаңа келісім кітаптарының да негізін қалаушы болып саналады. Осы кітаптың хабары тек Көне келсімдегі ираилдіктерге ғана емес, бүгінгі күнде өмір сүріп жатқан біздің бәрімізге де арналаған. Ол Орталық Азияда тұрып жатқа сенушілер, шағын топпен бірігіп оқу үшін арнайы құрастырылған. Әр сабақта бірнеше сұрақтар берілген, ал оның жауаптары сабақ соңында келтірілген. Сіз осы кітапты оқып зерттеп отырғанда, біздің тамаша Құдайымыз Кім және Ол біз үшін не істегені туралы, сіздің түсінігіңізді кеңейтуге көмектессін!